4. Екі-үш күннен соң Жөнейт аңға шығатын болды, Дәулетті тұңғыш рет бірге алып жүрді. Соңдарына екі қызыл қайың тазыдан басқа ит те ертпеді. Осынша оңашаланатын да жөні бар. Көкбөрінің қайта-қайта арыз айтып келе беретініне қарағанда, Дәулеттің беттен қайырып тастайтын қасарысна мінезі болса керек. Қағытпа әңгімеде есесін жібермейтін ауыздылығын өзі де байқаған... (Ә.Кекілбаев).

5. Түлейден шыға бере-ақ таң бозарды. Бұл ернекке шыққан соң, түнде әлдекімдер от жаққан тұсқа қарап еді. Қарайып оттың орны жатыр. Қасында жан жоқ (Ә.Кекілбаев).

Келтірілген мысалдардан байқағанымыз — сөйлемдердің бойында белгісіздік мәннің болуы. Алғашқы мысалда *Бесінге дейін біздің әскердің санынан асып кетуі мүмкін ...* деген толымсыз сөйлем. Осында әскердің санынан не асып кететіні белгісіз. Екінші мысалда *Ортөбелік шебер* деген толымсыз сөйлем. Ортөбелік шебердің іс-әрекеті белгісіз. Үшінші мысалда *Хазірет жөн айтты* деген толымсыз сөйлем. Хазіреттің нені жөн айтқандығы белгісіз. Төртінші мысалда *Қағытпа әңгімеде есесін жібермейтін ауыздылығын өзі де байқаған* деген толымсыз сөйлем. Кімнің ауыздылығын байқағандығы белгісіз. Бесінші мысалда *Қарайып оттың орны жатыр* деген толымсыз сөйлем. От орнының қай жерде жатқандығы белгісіз. Бұл сөйлемдерде бастауыш, баяндауыш, толықтауыш, анықтауыш, пысықтауыштардың түсіп қалуынан белгісіздік мән туындаған. Яғни толымсыз сөйлемдердің бойында тұрлаулы, тұрлаусыз мүшелердің түсірілуінен белгісіздік мән пайда болады.

Белгісіздік мән жай сөйлемдерді контекстен тыс алғанда аңғарылады. Жоғарыда сөз болған жалпылама жақты, белгісіз жақты, жақсыз, толымсыз сөйлемдерді контекстен тыс алғанда олардың бойынан белгісіздік мән байқалады. Ал осы сөйлемдер контексте белгілілік мәнге ие. Яғни жалпылама жақты, белгісіз жақты, жақсыз сөйлемдердегі белгісіз жақ пен толымсыз сөйлемдердегі белгісіз мүше контекстегі басқа сөйлемдер арқылы белгілілікке ие болады.

Демек, белгілілік/белгісіздік мәнді айқындауда да контекст қызметінің барлығын айтуға болады.

Контекст — тіл білімінде қарастырылып жүрген ауқымды мәселелердің бірі. Бұл мәселе қазақ тіл білімінде арнайы зерттелген жоқ. Лингвистикалық сөздіктер мен ғылыми еңбектерде түркітанушы-ғалымдар мен орыс тіл білімін зерттеушілердің берген түсіндірмелері мен анықтамалары бар. Қазақ тілі синтаксисінің маманы Ж.А.Жақыповтың 1998 жылы жарық көрген «Сөйлеу синтаксисінің сипаттары» атты еңбегінде тілтанушы-ғалымдардың контекст жайындағы ойлары қарастырылады. Мәселен, лингвистикалық терминдер сөздігінде бұл тілдік құбылыс жөнінде. «сөздің түрлі мәнін анық беретін, сақталмаған тиянақты ойды білдіретін сөйлемдегі сөздер тобы» [3] деген ой айтылады. В.И.Сергеевтің анықтамасы төмендегідей негізде: «Языковой контекст... — это внутрилингвистические условия употребления данной языковой единицы, образуемые окружением из других языковых единиц» [4]. Д.Э.Розенталь мен М.А.Теленкова контекстке: «Законченный в смысловом отношении отрезок письменной речи (текста), дающий возможность точно установить значение отдельного входящего в него слова или предложения данной языковой единицы в речи (языковое окружение, а в широком смысле также ситуация речевого общения)» [5], — деген анықтама береді. О.С.Ахманова контексті былайша сипаттайды: «1. Лингвистическое окружение данной языковой единицы; условия, особенности употребления данного элемента в речи; 2. Законченный в смысловом отношении отрезок письменной речи, позволяющий установить значение входящего в него слова или фразы» [6; 206].

Жоғарыда берілген анықтамаларды қарастыра келе, Ж.А.Жақыпов бірінші анықтаманың «олқылығы — контекст сөйлем ішінідегі сөздер тобы болып шығатындығы» екендігін, екінші анықтамада «контекстің сипаты нақтыланғанмен, оны тек тілдің өз ішіне ғана тән құбылыс ретінде шектеп, контексте экстралингвистикалық та сипат болатыны ескерілмегендігін, үшінші анықтаманың олқылығы — контекстің жазба тілмен шектелгендігі», ал В.И.Сергеевтің анықтамасынан «артықшылығы — сөйлеуді және экстралингвистикалық факторларды (сөйлеу ситуациясы) есепке алуы екендігін айтады.

О.С.Ахманова орыс тіл білімінде контекстің бес түрін айқындап көрсеткен: «Тұрмыстық (бытовой) контекст — қарым-қатынас жасаудың ауызша сөйлеудегі сөздер мен құрылымдық модельдерді тандауды белгілейтін ситуациясы, сөйлеудің сөйлеу сигналының қысқаруына мүмкіндік беретін осының нәтижесінде күнделікті ауызекі эллипсистік стиль жасалатын ситуациясы. Метафоралық контекст — троптардың қос мәндік қатардың жарыса қызмет етуіне негізделген бір ізбен өрістейтін жиынтығы. Ситуация контексті — сөйлеу актісінің жүзеге асуының, осының мазмұнына ықпал ететін, белгілі бір мәдени орта арқылы белгіленетін шарттары. Театрлық контекст — театрлық орындау жағдайын туғызатын және пьеса текстің сахналық ремаркалар арқылы түсінілетін ситуациялық контекст. Топонимикалық контекст — осы аймаққа тән топонимдердің жиынтығы» [6; 207] (Ауд.: Ж.А.Жақыпов).

Ж.А.Жақыпов контекстің тіл мен сөйлеуге қатысты жайттардың бәріне араласып отыратындығын айта келіп, контекстке мынадай сипаттама береді: «Контекст (латын сөзі, «тығыз байланыс», «бірігу» деген мағынаны білдіреді) дегеніміз — текстің мағыналық жағынан аяқталған бөлігі, бөлігі болғанда, оның құрамына кіретін сөздің я сөйлемнің мағынасын айқындауға мүмкіндік беретін бөлігі, бір тілдік единицаны сөйлеуде қолданудың шарты, тілдік орта, ситуация. Контекстің екі деңгейі болады: 1. Тар көлемдегі контекст (сөз мағынасын айқындайтын белгілі бір сөйлем); 2. Кең көлемдегі контекст (синтаксистік күрделі бірліктер, тарау, абзац — бұлар сөйлем семантикасын айқындайды)» [7].

Ж.А.Жақыпов контекстің тілдік құбылыстарға қатысы жайын да қарастырады. Мәселен, ғалымның: «Контекстің белгілі бір тілдік единицаның қолдану шарты екенін мойындасақ, дыбыстардың бір-біріне ықпалын да контекст аясында қарауға болады. Бұны фонетикалық контекст дейміз» [8]. «...Әр сөз, әр сөйлем, түпнұсқада да, аудармада да мәтіннің көптеген басқа элементтерімен байланысқа түсіп тұрады, сондықтан әрқашан, тіпті жеке сөз жайында, аудару процесінде контексті назардан тыс ұстауға болмайды.

Бір ғана тілдің семасиологиялық аясында алғанда да контекстің шешуші қызметін айқын көруге болады. Контекст полисемия, синоним, антоним, омоним, метафора, метанимия, синекдоха, жалқы және жалпы есімдер, фразеологиялық тіркестерде де мағына айқындау қызметін атқарады» [8; 34], — деген пікірлері контекстің ассимиляцияға, яғни дыбыстардың үндесуіне, байланысты сөйлеу барысында бірдей естілетін фонемалардың мағынасын айқындауда және лексикалық құбылыстарға, аудармаға ықпалының зор екендігін аңғартады.

Контекстің белгілілік/белгісіздік мәнді айқындауда да ықпалы орасан. Орыс тіл білімінде белгілілік/белгісіздікті контекстпен қатысты қарастырады. Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте мынадай ой айтылған: «Самым сильным средством выражения категории определенности является контекст, в высказывании «Женщина купила книгу», если оно находится в абсолютном инпродуктивном начале, оба имени могут быть неопределенными, но если это же высказывание находится в середине текста, оба имени могут быть определенными» [9]. Байқап қарасақ, орыс тіліндегі белгілілік/белгісіздік мәннің бұл берілу жолы қазақ тіліне де тән. Мәселен, *Медет жан серігі — домбырасын қатты сағынған. Қолына тиісімен, шерте жөнелмей, ең әуелі сағынған көңілмен сылап-сипап, саспай айналдыра қарап шықты. Өне бойында титтей де кіршік жоқ. Өзі бардағыдай қалпында. Асыл күн сайын бір сүртіп, шаң-тозаң қондырмай күтіп жүретін* (Е.Мырзахметов) деген абзацтағы соңғы сөйлемді абзацтың алғашқы сөйлемі етсек, мұндағы Асылдың шаң-тозаңнан күтетін заты белгісіз мәнге ие болады. Бұл сөйлем абзацтың соңында тұрғандықтан, белгілілік мәнге ие. Яғни, абзацтағы алдыңғы сөйлемдерден байқағанымыздай, Асылдың күн сайын сүртіп шаң-тозаң қондырмай күтіп жүретін заты — Медеттің домбырасы.

Төмендегі мысалдарды қарастырып көрейік.

Таңбаға қол жеткізу қандай қиын болса, оны мүлтіксіз сақтаудың қиындығы да әсте кем соқпайды. Таңбамен қоса үш талон беріледі. Жасалған детальдан алда-жолда ақау шыға қалса, талонның біреуі жылтырады. Егер үшеуі де түгел жыртылса, онда таңба қайтып алынады. Одан кейін оған тағы да ие болу мүлдем қиындайды (Е.Мырзахметов).

- Қос балапанын қанаттанып кеткенше талғажасу етерліктей де бірдеңенің қалын ойламаптын. Ажал шіркіннің қай жағыңнан аңдып, қай қалпыңды тапқанын білмей де қалдым ғой. Саған артыма қалдырған бар байлығым — Медетім мен Зейнебім. Аманатым да сол екеуі. Жылатпа, жарай ма? Сабыр ет, сөзімді бөлме. Екеуіне әкесі жасаған бар жақсылығы — сендей ана тауып бергені. Ақырғы жақсылығы саған тапсырған... осы аманаты болсын! (Е.Мырзахметов).

Алғашқы мысалдағы *Егер үшеуі де жыртылса, онда таңба тартып алынады* деген сөйлем абзацтың орта тұсында берілген. Егер осы сөйлем абзацтың басында орналасса, мұндағы *үшеуі* деп

отырған сөз сөйлемге белгісіздік мән үстейді. Ал абзацтың ортасында орналасқандықтан, бұл сөйлемдегі белгісіздік мән алдыңғы сөйлем арқылы белгілілікке ие болады. Сонда мұндағы жыртылатын заттың *үш талон* екені белгілі. Ал екінші мысалда *Ақырғы жақсылығы саған тапсырған... осы аманаты болсын* деген сөйлем абзацтың соңғы сөйлемі. Егер осы сөйлем абзацтың алғашқы сөйлемі болса, мұндағы *аманат* сөзінің бойында белгісіздік мән болар еді. Алайда сөйлемдегі аманаттың қандай аманат екендігі ондағы сөйлемдер арқылы белгілі. Яғни аманаты — балалары Медет пен Зейнеп.

Жоғарыда сөз етілген белгісіздік есімдіктер, сілтеу есімдіктер, болжал мәнді модаль сөздер, белгісіз жақ, белгісіз мүше арқылы берілетін белгісіздік мәндердегі сөйлемдер контекстен тыс алынғанда белгісіздік мәнге ие. Ал контексте бұл сөйлемдер белгілілік мәнде болады. Себебі контекстегі өзге сөйлемдер белгісіздік мәнді толықтырып, белгілі етеді. Мысалы: *Алтауы бірдей қосыла сарнайды, қосылып шыңғырады: кісіндерін сылдыратып, төбелерін төмпештейді. Күркені күзетіп тұрған қарулы жігіттер жекіген, рет жасап әлденені міңгірлейді. Оларын демдерін ішіне тартып төңірекке құлақ түріп жатқан жым-жырт ауыл естігенімен, арналысып жүрген тұтқындар естір емес* (Ә.Кекілбаев).

Берілген мысалдың соңғы сөйлемінде белгісіздік мән басым. Ол белгісіздікті үстеп тұрған *ол* сілтеу есімдігі. Соңғы сөйлемді контекстен тыс алып қарасақ, ауылдың нені естіп, тұтқындардың нені естімейтіндігін аңғару қиын. Ал контексте ол белгілі. Алдыңғы сөйлем соңғы сөйлемдегі белгісіздікті толықтырады. Яғни жігіттердің жекіген рет жасап әлденені міңгірлегендерін ауыл естіп, тұтқындар естімейді.

Сондай-ақ *Медет жүрегі аттай тулап, кеудесіне сыймай кетті! Файыптан біреу сиқырлы шипа суын бүркіп жібергендей тұла бойы жеңілейіп кетті. Көңілін нешеден қажазған қатқыл ой бір-ақ сәтте гайып болды* деген мысалдың соңғы екі сөйлемінде белгісіздік мән бар. Ол белгісіздік контекстен тыс алынғанда аңғарылады. Контекстен тыс қарасақ, кімнің тұла бойы, кімнің көңілі екендігі белгісіз. Белгісіздік мән толымсыз сөйлемдегі анықтауыш мүшенің қатыспауынан туындаған. Ал осы сөйлемді контекст құрамында қарасақ, Медеттің көңілі, Медеттің тұла бойы екені белгілі. Соңғы сөйлемдердегі белгісіздікті алғашқы сөйлем белгілі етеді.

Қара торғайларды Медет алғаш келген күні-ақ көрген. Содан бері ертемен тұрып, күн шығар алдындағы сиқырлы сұлу әндерін бар жанымен тебірене, жүрегі лүпілдей соғып, тыңдаумен келеді. Ақан сері атасының «Қара торғайын» ыңылдай айтып, көбіне көп қосыла отырады... Ол бүгін де шығар күнді ақ тілеуі көңілмен, қара торғайдың шырылдап шырқаған әнімен қарсы алып отырды. Берілген мысалдың тағы екінші, үшінші сөйлемдері абзацтан тыс тұрғанда белгісіздік мәнге ие болады. Сөйлемдерде іс-әрекеттің, қимылдың субъектісі жасырын тұр. Жақ белгісіздігі бар. Яғни сұлу әндерді тыңдаушы кім?, «Қараторғай» әнін айтушы кім? — белгісіз. Ал контекст құрамында бұл белгісіздік белгілі болады. Сұлу әндер тыңдаушы да, «Қара торғай» әнін айтушы да — Медет.

Сонымен, қазақ тіл білімінде белгісіздік мән мәселесі түбегейлі зерттелмеген. Бұл зерттеуді қажет ететін мәселе. Біздің байқағанымыз, көркем текстен тыс алынған жақсыз, жалпылама жақты, белгісіз жақты, толымсыз сөйлемдерде белгісіздік мәнінің болатындығы. Мұндай сөйлемдерде белгісіздік мән белгісіз жақ және белгісіз мүше арқылы беріледі. Сонымен қатар контекст — белгілілік/белгісіздік мәнді айқындаудың бір жолы. Мысалдар көрсеткендей, белгісіздік ұғымдағы сөз қатысқан сөйлем контекстен тыс тұрғанда, ол сөйлемде «белгісіздік» мән болады. Егер ол сөйлем контекст құрамында болса, белгілілікке ие болады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ грамматикасы. — Астана, 2002.
- 2 Балақаев М.Б., Сайранбаев Т. Қазіргі қазақ тілі. — Алматы: Санат, 2003.
- 3 Кеңесбаев І., Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. — Алматы: Ғылым, 1966. — 83-б.
- 4 Сергеев В.И. Многозначность слова и контекстная семантика (проблемы лексикографической разработки полисемов) // Советская тюркология. — 1988. — № 1. — С.12.
- 5 Розенталь Д.Э., Теленкова М.А. Словарь-справочник лингвистических терминов. — М.: Просвещение, 1976. — С. 153, 154.
- 6 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. — М., 1966.
- 7 Жақыпов Ж.А. Аударматануды аңдату. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1993. — 34-б.
- 8 Жақыпов Ж.А. Сөйлеу синтаксисінің сипаттары. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 1998. — 32.
- 9 Лингвистический энциклопедический словарь. — М.: Советская энциклопедия, 1990. — С. 349.

Э.Н.Ажарбекова

Об определенности / неопределенности, выраженной посредством неопределенного лица, неопределенного члена предложения и контекста

Для казахского языкознания категория определенности/неопределенности является вопросом нерешенным. В статье рассматриваются и анализируются факты определенности / неопределенности, относящиеся к казахскому языку. Выявлено, что такая семантика может выражаться посредством неопределенного лица, неопределенного члена предложения и контекста.

E.N.Azharbekova

Expression of certainty / uncertainty by unspecified persons unspecified part of the sentence and the context

For Kazakh linguistics category of certainty/uncertainty is a undecided question. The facts of the expression of certainty/uncertainty, referring to Kazakh language are considered and analyzed in article. On material of the Kazakh language is revealed that such semantics can be Showing by unknowing face, of unknowing membe of sentence and context.

ӘОЖ 81'

Б.Досжанов

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана

Қазақ тіліндегі антропонимжасамдық қосымшалардың тілдік ерекшеліктері

Мақалада антропонимикалық аффикстердің ерекше қасиеттері мен оларға тән жалпы белгілер қарастырылды. Аффикстер табиғаты антропонимикалық жүйеге тән тұтастықта ашылды. Автор антропонимикалық аффикстер ерекшеліктері мәселелерін қарастырудың жаңа әдістемесін ұсынды.

Кілтті сөздер: қазақ есімдері, тілдің лексикалық қоры, қосымшалардың табиғаты, антропонимдік жүйе, антропонимжасамдық қосымша, еркелету аффикстері, кішірейту аффикстері, аффикстік тәсіл, лексикалық мағына, грамматикалық мағына.

Қазақ есімдері — тілдің лексикалық қорында өзіндік орны бар үлкен саланың бірі. Осыған орай оның құрамындағы қосымшалардың табиғаты да, антропонимдік жүйеге тән біртұтастығымен айқындалады. Сол тұтастықтың құралу себептерін анықтау барысы мәселені қарастырудың жанаша тәсілін ұсынады. Өйткені осы кешенді құрайтын алуан түрлі элементтерді «антропонимжасамдық қосымшалар» деген атаудың аясына топтастырып тұрған, оның шығу тегіндегі «кейбір жақындықтары»^{*} мен күнделікті қолданыстағы қызмет бірлігі дами келе, жанаша сипатқа ие болып отыр. Кісі аттарын жасаушы қосымшаларды тілдік табиғатына қарай топтастырғанда Т.Жанұзақов антропонимдердің жасалу жолдарына байланысты зерттеуінде кісі аттарын жасаушы қосымшаларды, сөз таптарына тән қосымшаларды жеке алып және «еркелету, кішірейту аффикстері...», «антропонимдердің құрметтеу, сыйлау, қадірлеу аффикстері...», «антропонимдерді жасаушы аффикстер», «кісі аттарындағы көне аффикстік тәсіл» т.б. секілді түрлерін атап өтеді [1; 129–168].

^{*} Ескерту. «Кейбір жақындықтары» деуіміздің себебі, кісі есімдерінің құрамындағы қосымшалардың тұлғалық жағынан ұқсастықтары болғанмен, шығу тегі бойынша олардың бәрі бірдей ортақ негізден тарамдауы мүмкін. Мысалы, *-ақ* қосымшасы әрі түстің атауы, әрі еркелету, құрметтеу мәнді қосымша: *Жан-ақ* есімінің құрамын «жаны-ақ» деп те, *Жанарыс*, *Жанболыс* секілді есімдердің еркелету мәнінде түбірге қосымша (*-ақ*) өзгертілген түрі болуы да мүмкін. Этимологиясына жасалған талдаулар әр кезде әрқалай екенін көрсетіп отыр, сондықтан екеуін де жоққа шығаруға болмайды.

Мұнда ғалым негізінен қосымшалардың сөз таптарына қатыстылығы мен шығу тегіне тоқталады, ал мәселеге өз көзқарасымыз тұрғысынан келер болсақ: тілімізде антропонимжасамдық қосымшалардың бары анық, олар біреу ғасырдың айналасында қалыптаса қалған жоқ, сондықтан шығу тегі жағынан түрлі сөз таптарына тән екендігін мойындамауға болмайды, алайда ендігі қаралуға тиіс мәселе — сол түрлі сөз таптарына тән қосымшалардың антропонимжасамдық кешенге топтастыратын белгілері турасында болмақ. Бір ауыз сөзбен айтар болсақ, антропонимжасамға қатысатын қосымшалардың барлығына тән ортақ қасиет — кісі есімін жасау. Осылай ғана тұжырымдап қоя салуға болар еді, дегенмен кісі аттарының өзіне ғана тән ерекшеліктері арнайы талдауларды қажет етеді. Енді осы кешенге топтасқан түрлі элементтерге талдаулар жасап көрелік.

Антропонимжасамдық қосымшалар арасында тілдік табиғаты жағынан алғанда әуел бастан есім жасау үшін қолданысқа түскен қосымшалар бар, сонымен қатар бастапқы лексикалық мағынасынан ажырап, грамматикалық мағынасы басым сипат алған дербес мәнді сөздер де кездеседі: *бай, бек, хан*,** т.б. осы топқа жатқызуға болады. Қазақ халқының ат қою дәстүріндегі ерекшеліктерге сай, тіліміздегі сөздердің басым бөлігі антропоним болуға бейім тұрады. Алайда олардың ішінде жеке айтылғанда, бірден кісі аты ретінде танылатын — нормаға айналғандары бар да, екіұдай пікір тудыратындары, яғни әрі кісі есімі, әрі жалқы есім ретінде танылатындары да бар. Осы жерде аталған антропонимжасамдық қосымшалардың дербес қызметі аңғарылады. Мысалы, *Айбек, Бауыржан, Нұрқан, Қойшыбай*, т.б. қазіргі кезде тек кісі есімі ретінде танылса, *Алма, Бота, Сапар, Мерей*, т.б. әрі жалқы есім, әрі кісі аты ретінде қатар қолданылады. Алғашқыларының тек кісі есімі ретінде танылуына құрамындағы қосымшалардың әсері болып тұрғаны анық. Олардың түбірге жалғануының өзінен антропонимдік болмысқа тән сипат байқалады. Таратып айтар болсақ, төмендегідей ерекшеліктерін байқаймыз: *Ай* мен *бек* сөзінің мағыналары бір-бірінен алшақ тұр, екеуінің арасында дәстүрлі лексика-грамматикалық жүйе бойынша алғанда ешқандай байланысу мүмкіндігі жоқ. *Айдай бек* болсын деген көңілден туған мағынаны ескерсек, бірінші сөзге қосымша жалғануы тиіс еді. Екі сөздің арасында байланыс тудырып тұрған антропонимдік жүйеге тән ерекшелік. Осы секілді ілгеріде аталған бірінші топтағы өзге есімдердің табиғатынан да осындай ерекшелік байқалады. Ал кейінгілері қолданылу жиілігі жағынан алғашқыларынан кем болмағанымен, әрі жалпы есім ретінде қатар қолданылатындықтан және құрамында ондай антропонимжасамдық қосымшалары болмағандықтан, біржақты антропонимдік бірлікке айнала алмай отыр. Демек, *бай, бек, жан, қан* дербес сөздер болғанмен, бастапқы мағыналарынан алшақтағаны белгілі, олардың табиғатындағы осы өзгірістің өзі сөздердің түбіріне жалғанғанда оның кісі есімі ретінде танылуына мүмкіндік береді. Осы қасиетіне байланысты қазіргі кезде бұл тұлғалар қосымша ретінде де танылады. Т.Жанұзақовтың, татар зерттеушілерінің, тағы басқалардың еңбектерінен бұл сөздерді қосымша ретінде тану ыңғайы байқалады.

Аталған қос қызметті қосымшалардан бөлек кісі аттарын жасаушы қосымшаларды Т.Жанұзақов бірнеше топқа бөліп қарастыратынын ілгеріде айтып өттік. Жалпы антропонимжасамдық қосымшалардың тілдік табиғаты тұрғысынан алғанда біз *қарапайым қосымшалар* және *еркелету-құрметтеу* мәнді қосымшалар деп топтастырар едік. Бұлардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар.

Қарапайым қосымшалар шығу тегі жағынан белгілі бір сөз табына қатысты болып келеді. Олардың антропонимжасамдық қызметінің өзіндік ерекшелігі кісі есімі құрамында қолданысқа түскенде олар арқылы берілетін грамматикалық мағыналар көп назарға алына бермейді — *Нұрлыбек, Нұржан, Нұрман, Нұртан* т.б., барлығына ортақ антропонимдік мағына *Нұрлы* т.б. болсын деген мақсаттан туған. Грамматикалық мағына аса еленбейтіні байқалады, демек олар антропонимжасамдық форманың ғана қызметін атқарып тұр (бұл турасында сәл кейінірек). *Қарапайым* қосымшаларға тән ерекшеліктердің келесі бірі — өзі жалғанған сөздің түбірін өзгертпейді, тек тілдің дәстүрлі дыбыстық заңдарына сай формасы түрленеді. Бұл жөнінде біршама зерттеу жұмыстары болғаны белгілі, алайда антропонимжасамдық табиғатына байланысты айтылатын өзге де ерекшеліктері бар екені рас, ол арнайы қарастыруды талап етеді, сондықтан тақырыптан ауытқымау үшін және мақала көлеміне сай қысқаша осылай тұжырымдаймыз.

Еркелету-құрметтеу мәнді қосымшалардың екеуі екі түрлі мақсатта қолданылады: кішірейту, еркелету және сыйлау, құрметтеу. Бұларға тән ерекшеліктердің бірі жалғануында — көп жағдайда

** Бұл аталғандар қазір көптеген сөздердің түбіріне немесе негізіне жалғанып, бастапқы мағынасынан бұрын оның кісі аты екенін білдіреді. Мысалы, *Қойшыбай, Құлбек* т.б. секілді есімдердің құрамындағы компоненттердің мағынасы бір-біріне қайшы, бұл жерде *бай* мен *бек* ең бірінші өздері біріккен сөздердің кісі аты және ер балаға тән есім екенін білдіріп тұр. Осы ерекшеліктері олардың қосымшаларға тән сипатын айқындайды.

өздері жалғанған сөздің түбірін қысқартып, өзгертіп жібереді де, жаңаша антропонимдік форманың қалыптасуына себепші болады. Мысалы, *Қожабек, Нұрлан, Болатжан* т.б. секілді есімдердің құрамына еркелету мәнді қосымшалар жалғанып, жаңаша *Қож-ан, Қож-ай, Қож-ш, Нұр-тай, Нұр-ыш, Нұр-еке, Бол-аш, Бол-ан, Бол-ақ* т.б. тұлғалар қалыптасқан. Бұл ерекшелік сөздің белгілі бір шегі бойынша қатаң тәртіп жүйесіне бағынбайды. Мысалы, *Болатты Бәке* деп атағанда, бастапқы түбірдің бірінші дыбысы ғана сақталады, ал *Боқа* десе — екі дыбысы, *Болтай* десе үш дыбысы сақталады және бұл осы аталғандармен ғана шектелмейді, айтылу ыңғайына қарай түрліше өзгеріп отырады. Антропонимжасамдық қосымшалардың қазіргі кезде өзіндік формалары қалыптасқан және олар сөз түбірінің соңғы дыбысына байланысты түрленіп жалғанады: *Дос-ым, Көш-ім, Толы-м; Дос-ақ, Көш-ек, Толе-к, Аж-ық, Бөж-ік* т.б.

Қарапайым көпшіліктің ұғымында антропонимжасамдық қосымшалардың грамматикалық мағынасынан гөрі дыбыстық формасы бірінші орында тұрады. Ілгеріде аталған *Нұрлыбек, Нұржан, Нұрман, Нұртан* т.б. секілді есімдер мағынасының ортақ болып келуінен осыны аңғарамыз. Сонымен қатар мынандай бір мысал келтіруге болады: *Түлкібай* есімінің мағынасын бала болашақта *ақылды, айлалы, білгіш* болсын деген арман-тілекпен де, әкесі не туыстары түлкі аулап келген күні туылғандығымен де т.б. түрлі жағдаймен байланыстыруға болады. Осыған орай есімді *Түлкібай* десек те, *Түлкібек* десек те тіпті осы екеуінсіз тек *Түлкі* (*Түлкиев* деген фамилия құрамында кездеседі) десек те осы аталған мағыналарды берген болар еді. Бұл антропонимжасамдық қосымшалардың баршасына тән қасиет болып табылады, сондықтан грамматикалық мағынасында шарттылық сипат бар екенін және оның негізінен мағына үстеуден гөрі, форма тудырушылық қабілеті басымырақ екенін атап айтқан орынды.

Антропонимжасамдық қосымшалар тек заттық мәнді атауларға ғана емес, етістіктерден жасалған есімдердің тұлғасына жалғанады. Мұнда да олардың кісі есімін жасау қызметінің грамматикалық сипаты өзгермейді. *Тұрған, Тұрды, Тұрар, Тұрсын, Тұрым* т.б. құрамындағы жұрнақтардың әр түрлі грамматикалық реңкі, яғни, *бұрынғы өткен шақ, жедел өткен шақ, болжалды келер шақ* және *бұйрық райлы үшінші жақ* мәні қарапайым *тұр* — етістігінің түбіріне жалғанса, өзара айырмашылықтары білінер еді, ал кісі аты ретінде келгенде бұл мағынасы назарға алынбайды. Т.Жанұзақовтың еңбегіндегі талдауларда бұл есімге мынандай анықтама беріледі: «Тұрғанбек бала өмірде ұзақ өмір сүрсін, тұрақтап қалсын деген мағынаны білдіреді» [2; 140], «Тұрдыбек — бала көп жасасын, ұзақ өмір сүрсін деп қойылған есім. Дыбыстық өзгеру түрі — Тұрлыбек», «Тұрсын, баласы тұрақтамаған семьяда туған балаға осындай есім берілген [2; 140]», яғни мұнда да өмірлі болсын деген мән жатыр. *-ар* тұлғалы *Тұрар* есімі де, қазақ халқының ұғымына осы мағынасы бойынша сіңісіп кеткені белгілі. Демек, олардың құрамындағы қосымшалар антропонимге грамматикалық мағына үстеп тұрған жоқ, тек жаңаша форма ғана беріп тұр. Арнайы мәнге ие болмағандықтан, түбірге жалғанғаннан кейін, оларды біртұтас тұлға ретінде де тануға болады. Мысалы, Бергенбайдың Байберген түрінде қолданылуы немесе етістік тұлғалардың бірінші орынға қойылып, *Тұрсынжан, Келдібек* т.б. түрінде қолданылуы — осы тұлғалардың антропоним компоненті ретінде танылуының бір көрсеткіші. Оларды осы қызметіне қарай форма тудырушы қосымшалар деп те атауға болады. Осы орайда кейбір қосымшалардың грамматикалық мағынасы туралы ғылыми пікірлерге тоқтала кетуге тура келеді: мысалы, «Айдай, Тастайбек тәрізді есімдерде *-дай, -тай* аффикстері салыстырмалы сын туғызатын жұрнақ мағынасында жұмсалып, субстантивтеніп тұр. Сондай-ақ Алмастай, Серіктей, Күландай, Мұраттай деген мысалдарда «сияқты», «тәрізді» сөздерінің орнына қолданылған қатыстық сын жұрнағы мағынасын аңғартады» деген жолдарда есімнің грамматикалық мағынасы туралы айтылып тұр [1; 158]. Алайда бұл есімдерге қатысты алғанда екі мәселе ойға оралады: біріншіден, олардың құрамындағы қосымшалар байқап қарасақ, *-тай, -тей, -дай* тұлғаларында келген. Мағыналырын шығу тегіне байланысты саралар болсақ, әр түрлі жолдармен қалыптасқанын байқауға болады. Мысалы, алғашқы *тай*-ды еркелету мәнді (жылқы төлінің атауынан жасалған), *-тей* сын есім тудырушы жұрнақ деп қарастырып, *-дай*-ды халық әніндегі «Күланда-ай-мен (Күлән-дай емес)» салыстыруға да болады, сондықтан олардың басын біріктіріп тұрған ерекшелік антропонимжасамдық қасиеті. Екіншіден, аталған есімдер бастапқыда сол мағынада қойылғанмен де, қолданыла келе еркелету-құрметту мәнінен ажырап қалаған. Өйткені дыбыстық тұлғаның қызметі мен мағынасының арасында ешқандай байланыс болмайды, яғни кісі атының қызметі жеке адамды атау, сондықтан белгілі бір жағдайға немесе арман-тілекке байланысты ойға алынған бастапқы мағына келе-келе екінші орынға ығысады да, есім тұлғасы тұтастай, жеке адамның бейнесін білдіретін болады: есім айтылғанда кісі есімі деп қабылдаймыз немесе есімі сондай адамды ойымызға аламыз. Антропонимжасамдық қосымшалар

табиғаты тұрғысынан зерделегенде, осы екеуінің ішінен соңғысы, яғни кісі есімінің тұтастай тұлғасы, басшылыққа алынады.

Антропоним тудырушы қосымшалар — түрлі даму сатыларынан өтіп, қалыптасқан және грамматикалық мағыналары жағынан алғанда алуан түрлі элементтердің жиынтығы. Солардың бірнешеуіне тоқталып көрелік: *Тоқ-а, Ман-ақ, Ақан, Ақыш, Ақтай* т.б. секілді тұлғаларды негізінен кісі есімі ретінде танымыз. Түбір мен қосымшаларға жіктесек, *Ақ* және *-а, -ақ, -ан, -тай, -ыш* болып шығады. Этимологиялық табиғаты терең талдауларды қажет ететін осы қосымшалардың антропонимжасамдық қабілетінің қалыптасу тарихы мен мағынасының өзіндік сырлары терең, алайда мақсатымыз қазіргі қолданысы тұрасында болғандықтан, даму ерекшеліктеріне тән үдерісті шектеулік* [3] мәннен кішірейту, кішірейтуден еркелетуге; көптік мәннен үлкейту, үлкейтуден сыйлау, құрметтеу мәніне ауысқан деген қысқаша тұжырым жасаймыз. Аталған қосымшалардың ішінде арнайы тоқталуға тура келетін келесі бірі — *-тай*. Біздің пікірімізше, жылқы төлінің әлі жастығы, ондағы балаға тән қасиеттер, қазақ халқының жылқыны ерекше жақсы көруі секілді экстралингвистикалық факторлар *тай* сөзінің мағыналық жағынан өзгеріп, еркелету мәнді қосымшаға айналуына себеп болған секілді. Осындай тілдік эволюциялық жолдар арқылы қалыптасқан еркелету-құрметтеу мәнді қосымшалар осы қасиетке ие болған соң да тоқталып қалмайды, белгілі бір тұлғаның (адамның) есіміне жалғанып, тұрақты түрде тілдік санаға сіңіскеннен кейін өзі жалғанған сөздің немесе дыбыстық форманың ажырамас бөлігіне айналып, келесі сатыда дербес есімдер болып қалыптасады. Қазір азан шақырып ат қойғанда аталған есімдер балаға еркелету мақсатында қойылмайды, керісінше, дайын тұлға болғандықтан, таңдалады. Бұлар ертеректе құрметтеу-еркелету мақсатынан шығып, жұртшылыққа осы формасында танымал болған тарихтағы белгілі бір тұлғаның есімі болуымен немесе ат қоюшының талғамына қарай дыбыстық формасының айтуға жеңіл, көркем болуымен байланысты болуы мүмкін. Сөйтіп, тұрақты қолданыстың нәтижесінде дербес есімдер ретінде тілде нормаға айналған. Бұл жағдайда «ол есімдердің антропонимжасамдық қабілеті қайдан байқалады?» деген сұрақ тууы мүмкін. Мысалы, *Ақан, Ақыш, Ақтай, Ақжан* т.б. секілді есімдердің түбірі бір, алайда жалғанып тұрған қосымшалары түрліше, бір қызығы, осы есімдер бірінің орнына бірі қолданылмайды — әрқайсысы дербес тұлға. Оларға дербестік беріп тұрған мағына емес, тағы да осы қосымшалар. Мағыналық ерекшеліктері тұрғысынан алғанда бастапқы уәждемелік белгілері өшкен, енді тек белгілі бір тарихи тұлғаның қасиеттері немесе ат қоюшылардың әрқайсысының есімді таңдағандағы мақсаты мағына ретінде қабылданады. Бұл уәж белгілі бір адамдардың арасында ғана белгілі болғанмен, жаппай баршаға танымал бола бермейді, сондықтан есім кейінгі мағынасынан да ажырап тек антропонимдік тұлға ретінде сақталады.

Түбір сөзге немесе антропонимжасамдық түбір сипатты формаларға жалғанатын әр қосымша сыртқы тұлғасының өзіндік ерекшелігіне қарай дербес есім жасауға қызмет етеді. Мысалы, тілімізде дербес антропонимдер ретінде қалыптасып қалған *Кәкіш, Кәкен, Кәкібала, Кәкітай, Кәкім* т.б. әрқайсысы шығу тегі жағынан бір-біріне жақын — араб тілінен енген *Хакімнің* қазақы сипатқа ие болуы нәтижесінде, яғни *Кәк* болып қысқарған формаға түрлі қосымшалардың жалғануы арқылы жасалған. Бұлардың барлығы еркелету мақсатынан шығып, келе-келе дербес мәнге ие болған. Сонда түбір де, мағына да ортақ болып шығады, алайда қосымшалардың түрлі формаларда келуіне байланысты әрқайсысы жеке адамдарды атайды, атап өткеніміздей, бірінің орнына бірі қолдануға аса келе бермейді. Демек, антропонимжасамдық қосымшалар қызметінде мағынадан гөрі, дыбыстық формалардың ерекшелігі басымдыққа ие екені осы жерден де көрінеді.

Антропонимжасамдық қосымшалардың шығу тегіне байланысты бастапқы мағынасының төркіні негізінен этимологиялық талдаулар жасаған ғылыми қауымға ғана белгілі болуы мүмкін, алайда есімдерді тұтынушы жалпы жұртшылыққа түсінікті жаңа мағынасы оның қызметіндегі белгілерді айқындап отырады. Қолданылуына қатысты болғандықтан, жалпы жұртшылықтың ұғымындағы жаңа мағынаның рөлі жоғары тұрады. Өйткені есімдерді мағыналық жағынан байытатын өмірдегі қолданысы. Осы орайда қолданылу ерекшелігіне байланысты қалыптасқан мынандай мәселені айта кетуге тура келеді. Мысалы, қазіргі көзқарас тұрғысынан алғанда, есімдер құрамындағы *-ақ* қосымшасының еркелету мәні жалпы жұртшылыққа белгілі. Сондықтан, әлеуметтік тұрғыдан алғанда, оның шығу тегіне мән берілмей тек, түрлі даму сатыларынан өтіп келіп осы тұлғаға сіңірілген еркелету мағынасы ғана басшылыққа алынады. Т.Жанұзақов бұл қосымшаның ертеден бар

* А. Ысқақов *-ақ* тұлғасын күшейткіш демеуліктер қатарына қосады: *Ертең емес, бүгін-ақ, қазір-ақ жүрсек етті* (М.Әуезов), сөз мағынасы арқылы беріліп тұрған ақпараттарға тереңірек назар салар болсақ, істің бүгіннен қалмай, яғни осы күннің шегінде, орындалғанын қалау байқалады. Осы жерден шектік мағына байқалады, сондықтан қосымшаның кішірейту, еркелету мағынасына ие болуы осы негізден бастау алады деген болжам жасаймыз.

екенін айта келіп, көне кісі аттарынан мынандай мысалдар келтіреді: *Сапарбай — Сапақ, Қожамбет — Қожас, Мәтиақмет — Матақ, Сәрсенбай — Сәрсек* т.б. Осы түбірлермен байланысты кей тұлғалардың құрамындағы *-ақ* еркелету мәнді қосымшаға ұқсағанмен, талдаулар барысы түзілімнің басқа бір жолын ұсынады. Мысалы, *Молдахметті — Молдақ, Сейдахметті — Сейдақ, Қожахметті — Қожақ* деп еркелеткенде, құрамындағы *-ақ* аталған есімдер құрамындағы *-ах*-тың өзгерген нұсқасы емес пе екен деген ой келеді. Біздіңше, лингвистикалық табиғаты бойынша талдағанда, бұл ерекшелікті ашып көрсеткенімізбен, дәл осы есімдердің құрамындағы *-қ (-ақ)* тұлғасын еркелету мәнді қосымша ретінде қарастыруымызға негіз бар. Өйткені осы түбірлерден тарайтын, *Қожан, Қожай, Қожаш* есімдері *Қож-* формасын қалыптастырып отыр, сол секілді *Молда-ш, Молда-бек* және *Сейт-ен, Сейт-ек, Сейт-ай* тұлғалары да осы жолмен жасалған. Мұндайда *Қож-* (*Молда-, Сейт-*) формасын жоққа шығара алмайтын болғандықтан, *-ақ* тұлғасын да түбірге қарай ығысқан екінші компоненттердің бөлшегі екеніне карамай, қосымша ретінде қарастыруымызға тура келеді. Жұртшылықтың санасында олар қысқарған тұлға емес, еркелету мәнді әрі антропоним тудырушы қосымша ретінде танылып отырғандықтан, осындай тұжырым жасауға болады. Оған қысқартып айтудың өзінде де болатын еркелету мәні қосымша мүмкіндік береді. Мұндай ерекшелік жалпы антропоним тудырушы қосымшалардың басым көпшілігіне тән болып келеді. Зерттеулер барысы түрлі элементтердің бірігіп, жаңаша формаларды түзуі кісі есімдеріне тән ерекшеліктердің бірі деген тұжырымға жетелейді.

Қазақ тіліндегі антропоним тудырушы қосымшалардың шығу тегі алуан түрлі болып келеді. Тіліміздегі өзге қосымшалардан айырмашылығы, олар негізінен грамматикалық мағынасына қарай емес, дыбыстық формасына қарай топтасады. Мысалы, қазақ тіліндегі *-м* тұлғалы қосымшаны шығу тегіне немесе морфологиялық құрылымына қарай талдағанда білдіретін мағыналарына қарай кейбірін *Досым, Нұрым, Гүлім* т.б. I-жақ тәуелдік жалғауының қатарында есептейміз да, *Тұрым, Келім* т.б. секілді зат есім тудырушы жұрнақ қатарына, ал антропонимжасамдық формалар тұрғысынан алғанда, ілгеріде атап өткеніміздей, қызметіне қарай оларды *-м* тұлғалылар қатарына жатқызамыз. Ал тәуелдік жалғауының III-жағында тұрған *Тоққұлы, Аққұлы, Елбегі* секілді есімдердің құрамындағы қосымша I-жақтан мүлде алшақтап кетеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Жанұзақов Т.* Қазақ есімдерінің тарихы. — Алматы: Ғылым, 1971. — 218 б.
- 2 *Жанұзақ Т.* Есімдер сыры. (Тайны имен). — Алматы: «Парасат» журналы, 2004. — 140-б.
- 3 *Ысқақов А.* Қазіргі қазақ тілі. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 375-б.

Б.Досжанов

Специфические особенности антропонимических аффиксов казахского языка

В статье рассматриваются специфические особенности антропонимических аффиксов, признаки, присущие им. Раскрывается также природа аффиксов. Автором выдвигается новая методика рассмотрения проблем, связанных с особенностями антропонимических аффиксов.

B. Doszhanov

The specific features of the Kazakh language affixes anthroponimical

The article devotes specific exhibitions of anthroponimic affixes and its general mines. The author shows new method decide problems of anthroponimic affikes.

З.Н.Жуынтаева

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Тарихи ескерткіштердегі бастауышсыз толымсыз сөйлемдердің қолданылу сипаты

Мақалада тарихи жазба ескерткіштердегі бастауышсыз толымсыз сөйлемнің қолданылу ерекшеліктері қарастырылды. Бастауыштың түсіріліп қолданылу себептері көрсетілді және тілдік фактілер негізінде дәлелденді.

Кілтті сөздер: тілдің тарихы, орта түркі жазбалары, бастауышсыз толымсыз сөйлем, мәтінтүзімдік сипат, грамматикалық қатынас, бастауыш мүше, сөйлемнің құрылымдық құрылысы, баяндауыштың синтаксистік қызметі.

Тілдің тарихы халықтың тарихымен тығыз байланысты. Халық тарихы, шежіресі көне, орта түркі жазбаларында көрініс тапқан. Осы мақаламызда XVI–XVII ғасырда жазылған Қадырғали Қосымұлының «Жами'ат-Тауарих» ескерткіші мен Әбілғазы ханның «Түркі шежіресі» еңбектеріндегі бастауышсыз толымсыз сөйлемдерді қарастырып, олардың мәтінтүзімдік сипатын сөз етпекпіз.

«Бастауыш — сөйлемнің ең негізгі қазығы, өйткені сөйлемнің нақтылы иесі, субъектісі. Субъект — ойдың, істің, қимылдың басы. Кей сөйлемдерде бастауыш болмаса, баяндауыш болмай қалады, бірақ бұл относительно түгелсіздік. Негізінде, бастауыш болған жерде баяндауыш болмай қалуы мүмкін емес», — деп жазады С.Аманжолов [1].

Бастауыш — субъектінің грамматикалық баламасы. Ол іс істеуші қимыл иесі болатындықтан, сол қызметті өтей алатын заттардың аты арнаулы бастауыш болуға бейім болады [2].

Бастауыш — сөйлемнің ең басты, негізгі мүшелерінің бірі. Оның қызметі, мағынасы өзінің баяндауышпен грамматикалық қатынасынан туындайды. Басқаша айтқанда, бастауыш сөйлемде баяндауыш болатын сөзбен тіркесу нәтижесінде мүшелік қатынаста жұмсалады. Бастауыш сөйлемде айтылған қимылдың не басқа сапаның субъектісі болып табылады. Ол грамматикалық жағынан сөйлемнің басқа мүшелеріне бағынбайды. Бұл жағынан алғанда бастауыш — сөйлемдегі ең негізгі тұрлаулы мүше.

Олай болса, бастауыш не себепті түсіріліп қолданылады, бастауыштың толымсыздығының сөйлемнің мағынасына қандай әсері болады?

Субъектіні атау, оны білдіріп тұру — бастауыш мүшенің ең бастапқы әрі негізгі қызметі. Бірақ сөзді түрлендіру, сөйлемнің қатынас құралы ретінде мүмкіншілігін кеңейту үстінде бастауыш мүше ылғи субъектінің тілдік көрінісі бола бермейді. Бастауыш мүше кейде сөйлемнің тек структуралық құрылысының негізі болып қана жұмсалуды да мүмкін.

Бастауыштан гөрі баяндауыштың синтаксистік қызметінің басым екендігінің бір дәлелі бастауышсыз айтыла беретін сөйлемдердің көптігінен десе де болады. Мысалы: *1.Абылғазы өзіне қаптаған сойыл мен қамшыдан әуелі басын қорғап жалт берді. 2.Аттыларға ұрғызбай үйлер арасымен бұлтақтай қапты. 3.Осы кезде жаңағы жігіттер айғайлай шапқылай шығып, Әзімбайларға тап берген-ді. 4.Абылғазы ұшып тұрып, ауыл ортасындағы өз үйіне жете бере, тасада тұрған Тәкежанның қаратөбел атына қарғып мініп, белдеудегі қара шоқпарын қазып іліп, айғайды салып, Тәкежан ұлына қарсы шауып шықты. 5.Ағызып барып, жау тобына араласып кетті. 6.Шоқпарды оңды-солды соққылады. 7.Жігіттері атқа мінгенімен жау жағынан аз екен. 8.Аналар қырық шамалы болғанда, бұлардың бары жиырмадан артық емес...*(М.Ә.). Мәтіндегі 2, 5, 6-сөйлемдердің бастауышы 1-сөйлемдегі Абылғазы екендігін байқауға болады.

Тіліміздегі толымсыз сөйлемдер сөздерді үнемдеп жұмсау, орынсыз бір сөзді қайталамау үшін, ойды ықшамды, тұжырымды етіп жеткізу мақсатында жұмсалатындығын ескере отырып, бастауыштың сөйлемде түсіп қалуының да өзіндік себептері бар екендігі белгілі.

Контекстік толымсыз сөйлемдер белгілі бір мүшенің я мүшелердің дәл осы сөйлемде қатыспай тұруымен, ол мүшенің басқа көршілес сөйлемдерден табылуымен сипатталады. Бұндай сөйлемдерде сөйлемнің қай мүшесі болсын толымсыздыққа себеп бола алады [3].

Енді бастауыштың түсірілуін тарихи жазба ескерткіштері тілінен қарастырып көрейік.

Бастауыш төмендегідей жағдайда сөйлем құрамынан түсіп қалады:

1. Қатар айтылған сөйлемдер мағыналық байланыста келіп бір сөзге ортақтасқанда, бастауыш түсіп қалады. Белгілі бір контекстің алғашқы сөйлемінде айтылғандықтан, бір сөзді қайталай бермеу үшін бастауыш қатыспайды. Бұл бастауышсыз толымсыз сөйлемдер алдыңғы сөйлемдегі ойдың тікелей мағыналық жалғасы ретінде келіп, аталған субъектінің қосымша белгілері, іс-әрекет, қимылын көрсетеді. Мұндайда бірнеше сөйлемнің бір ғана бастауышы болады [4; 46]. Осындай бір бастауышқа ортақ толымсыз сөйлемдер ескерткіште молынан кездеседі. Мысалы: *1. Ол заманда анларның барча сы кафр ерді лер. 2. Соң заманда анларның уруғы үкүш қаум болуб йүрділер. 3. Уа нечүк кім Оғуз уилайатлар ны өзіне мусаххар қылды ерсе уа падишаһ лық ға тігді ерсе, ол йерде алтунлы хәргәһ тікді. 4. Улуғ той қылды. 5. Өз қарындашларын уа улуғларын орунға олтуруб барчасына хал атлар суһурғаллар берді. 6. Уа барча ләшкәрін орунлығ орныға олтуртды уа барча халқ қауым білән ол йығында бар ерді. 7. Уйғур ат берді лер. (24) — 1. Ол заманда олардың баршасы кәпір еді. 2. Кейін олардың ұрпақтары үкүш қауымы болып жүрді. 3. Өйткені Оғыз уәлаяттарды, сондай-ақ оларды өзіне бағындырып үлкен патшалық құрды, сол жерде алтыннан орда (хәргәһ, үй, шатыр) тікті. 4. Ұлы той жасады. 5. Өз туыстарын, жасы үлкендерін құрметті орындарға отырғызып баршасына шапан жауып, сыйлықтар берді. 6. Барлық әскерін орын-орнына отырғызды, барлық халық, қауым сол жиында бас қосқан еді. 7. Сонда ұйғыр деп ат берді (30).* Осы үзіндідегі бес сөйлемге ортақ бастауыш — *Оғуз* сөзі. Кейде толымсыз сөйлемнің түсіп қалған бастауышы алдыңғы сөйлемде анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш, баяндауыш болуы мүмкін. Мәселен, *1. Қайду қачыб, аслы өз йуртына келді. 2. Һәр бір көшеде тозғун болған ләшкәрні өзіне йығды. 3. Һәр тайфа дын йығылды лар. 4. Ол уилйатда қадимдын берү сипаһи қалыб ерді, муңа беркітті. 5. Уа соң ләшкәрі, кім бу заманда аның оғланлары да турур. 6. Ошбу жинс шул ләшкәрдин Чиңгиз хан берген ерді. 7. Артуқ нәрсе бермеді (87). — 1. Қайду қашып өз жұртына келді. 2. Әрбір көшеде тозғын болған әскерді өзіне жиды. 3. Әр тайпадан жиылды. 4. Ол уәлаятта ертеден болғандардың бәрі бұған бірікті. 5. Және кейін әскері бұл кезде оның ұлдарында еді. 6. Осы руға сол әскерін Шыңғыс хан берген еді. 7. Артық еш нәрсе бермеді (71).* Осында 2-сөйлемдегі толықтауыш қызметін атқарып тұрған *ләшкәрні* (әскерді) сөзі келесі сөйлемнің бастауышы болып тұр. Яғни сөйлем «Ләшкәр һәр тайфа дын йығылды лар» (Әскер әр тайпадан жиылды) болып толығыады. Мына мысалға назар салып көрейік. *1. Батуның аууал оғлы Сартақ. 2. Батуның улуғ хатуны дын туғуб ерді. 3. Бу Сартақның һич оғлы йоқ ерді (121). — 1. Әуелі Бату ханның ұлы Сартақ. 2. Бату ханның үлкен хатунынан туып еді. 3. Бұл Сартақтың еш ұлы болмаған (91).* Бірінші сөйлемдегі баяндауыш болып тұрған *Сартақ* сөзі келесі сөйлемде бастауыш қызметін атқарып тұр. Сонда сөйлем былай болып шығады «Сартақ Батуның улуғ хатуны дын туғуб ерді. — Сартақ Батудың үлкен хатунынан туып еді.» Ал Әбілғазы ханның еңбегінен мұндай мысалдарды кездестіре алмадық.

2. Бастауыш жақтық мағынаға байланысты I, II, III-жақтарда баяндауышқа ой екпіні түспесе, айтылмайды [4; 46].

1. Буданжар Алан Қуаның үчүнчі оғлы ерді. 2. Моғол ішінде көб йыл лар падишаһ лық қылды. 3. Уа бағайат дур, йүрәк лік ерді (32). — 1. Буданжар хан Алан Қуаның үшінші ұлы еді. 2. Моғолдар арасында көп жылдар бойы патшалық етті. 3. Және өжет батыр, ер болды (37). 2–3-сөйлемдер III-жақтағы ол есімдігін қажет етіп тұр. Немесе «Түркі шежіресінен»: *1. Бату хан уа жамиг шаһзадалар Чыңыз ханның өсиеті бірлән Үкідай қаанны тахтында олтуртұб ұлұғ той қылыб қаанға айақ берділер. 2. Һәм шаһзадалар уа әміраларға айақ беріб хазына наң ешікін ачыб андағ ынғам берді. 3. Һеч дәруиш қылмады (139).* Бұл сөйлемде де жоғарыда келтірілген контекстегідей 2–3-сөйлемдері ол есімдігін талап етіп тұр.

3. Бастауыштың түсіп қалуы жалпы толымсыз сөйлемнің мағынасынан белгілі болады [4; 47]. Оны төмендегі үзіндіден аңғаруға болады: *1. Барс йыл алты йүз екіде уа ақи рәжәб айында. 2. Чиңгиз хан бу йылда елліг екіде ерді. 3. Уа нечүк аның йауқында найманның падишаһы Тайан хан уа жам и өнгін падишаһ лар аның бірлә ерді. 4. Чиңгиз хан анларның барчасын урушуб қачурды. 5. Барча падишаһларны өлтүрді. 6. Анларның уотан лары (н), йуртлары ерді, аңа барды (61). — 1. Барыс жылы, алты жүз екіде, басталды рәжәб айында. 2. Шыңғыс хан бұл жылы елу екіде еді. 3. Оның уақытында Найманның патшасы Таян хан және барлық өзге патшалар онымен бірге еді. 4. Шыңғыс хан олардың баршасын ұрысып қашырды. 5. Баршасының патшаларын өлтірді. 6. Олардың отандары, жұрттары бар еді, оған барды (55).* Контекстегі 5-сөйлемнің бастауышының түсіп қалғандығы толымсыз сөйлемнің мағынасынан көрініп тұр. Ол 4-сөйлемдегі Шыңғыс хан екені белгілі. «Түркі шежіресінен»: *1. Бату хан бу жамағатны қырық кече күндүз меһман қылды. 2. Бу қырық кече күндүзде бір дем 'еш уа 'ешретдін хәлі болмадылар. 3. Андың соң ләшкер жамиг*

қылмақға тугачылар атрафға ийберді (135). 1-сөйлемдегі Бату хан бастауышының үшінші сөйлемге қатысы бар екендігі байқалады.

А.Бакарева эллипсис сөйлем құрылымын сақтай отырып, мәтінді байланыстырушы құрал болып табылатындығын көрсетуге тырысады. Эллипсис сөйлемдер мәтінді бір тұтастыққа бағындырып қана қоймайды, сонымен қатар тілдегі үнемділікті де қалыптастыратындығын айтады [5].

1. *Дастан Йесуге баһадур ибн Бартан баһадур — Чиңгиз хан ның атасы турур.* 2. *Айтурлар могол арасында бисйар падишаһ лық қылды.* 3. *Баһадур лық білән уа көңүл лік білән могол білән бисйар тоқуш қылды.* 4. *Татар Қуты білән, Хытай ләшләрі білән харб қылышыб, атраф жаһанда атычауы чықты уа нам машһур болды.* 5. *Уа (аның) хатун (лары) бисйар ерді.* 6. *Һәр қаум дын алыб ерді (41).* — 1. *Йесуге баһадур Шыңғыс ханның атасы еді.* 2. *Могол арасында көп патшалық қылды.* 3. *Баһадурлықпен, ақкөңілділікпен көп моголмен соғыс қылды.* 4. *Татар қауымы мен Қытай әскерімен, сондай-ақ көп соғыс қылып, атырап жиһатына аты шығып, бәріне белгілі болатын.* 5. *Оның хатундары көп еді.* 6. *Әр қауымнан алған болатын (43).* Осы контекстің басындағы *Йесуге баһадур*, яғни сөйлемнің бастауышы, өзінен кейінгі сөйлемнің бәріне ортақ болып, әрі сөйлемдерді бір тұтастыққа бағындырып тұр. Мысалдан байқағанымыздай, тек жеке сөзден болған бастауыштар ғана емес, сөз тіркесінен болған бастауыштың да (*Йесуге баһадур*) түсірілуі кездеседі.

П.А.Лекант бастауыштың мынадай жағдайда түсетіндігін айтады:

1. Екі немесе бірнеше сөйлемге ортақ бастауыш бірінші сөйлемде тұрады. Мұндай жайт ескерткіш мәтінтүзімінде кездесіп отырады. «Жылнамалар жинағынан»: 1. *Қақа йыл, йа'ни тоңуз йылы болғай, алты йүз он бірде уа ақи шаууал айында.* 2. *Чиңгиз хан бу йыллар да һәм уилайат Хытайда ерді.* 3. *Уа Самуқа баһадур ны ләшкәр білән ба'зи уилайат лар ны алғалы ийберді.* 4. *Ол уақтда көб уалайат ларны алды (64).* — 1. *Қақай жылы, яғни доңыз жылы, алты жүз он бірде, яки шаууал айы.* 2. *Шыңғыс хан бұл жылдары да Қытай уәлаятында еді.* 3. *Самуқа баһадурды әскерімен кейбір уәлаяттарды алуға жіберді.* 4. *Ол жақта көп уәлаяттарды алды (58).* Мұндағы 2-сөйлемдегі Шыңғыс хан бастауышы күрделі тұтастықтың қалған сөйлемдеріне ортақ болып, келесі сөйлемдерде қайталанбаған. «Шежіре-и түркіден» мысал: 1. *Берке өлкенден соң Менку Темүр хан хан болды.* 2. *Тақы ел ұлұсны забат қылмақға мәшгүл болды уа аға уа інілеріке Бату хан дәстүріға 'амал қылды.* 3. *Ақ орда текен мемлекетні Баһадұр хан ибн Шибан ханға берді.* 4. *Кәфа уа Қырым уалайатны Оран темүрке берді, Оран темүр ибн Тоқай темүр ерді.* 5. *Өзі Былғар мемлекетіке атланды (135).* Осы бес сөйлемге 1-сөйлемдегі *Менку Темүр хан* бастауышының ортақ екендігін контекст арқылы байқауға болады.

2. Толымсыз сөйлемдерде түсірілген бастауыш көршілес сөйлемдерде тұрлаусыз мүше немесе басқа грамматикалық формада болады. «Тауарихтан»: 1. *Бөртә фужсин Жочи ға хамила ерді.* 2. *Бөртә фужсин ны Оң ханға алыб барды лар.* 3. *Ол арада Оң хан йарашу ерді.* 4. *Ол хатунны Оң ханға алыб бардылар. (46)* — 1. *Бөрте Фужсин Жошыға екі қабат болатын.* 2. *Бөрте Фужсинды алып барды.* 3. *Ол арада Оң ханмен жарасқан еді.* 4. *Ол хатунды Оң ханға алып барды (46).* Келтірілген мысалдағы 1-сөйлемдегі *Бөрте Фужсин* бастауышы түсірілмей, келесі сөйлемде толықтауыш қызметіне ауысып тұрса, 3-сөйлемде осы бастауыш түсіріліп қолданылып тұр. «Түркі шежіресінен»: 1. *Әуел Жошы ханны байан қылалы.* 2. *Жошы ханның анасы ның атыны Бөрте Фужсын дерлер.* 3. *Бөрте Фужсын, хамле ерді (132).* 2-сөйлемдегі *Бөрте Фужсын* баяндауышы келесі сөйлемде бастауыш болған.

3. Бастауышы түсірілген толымсыз сөйлемде бастауыш кейінгі сөйлемде бастауыш пен толықтауышқа сәйкес келеді, оны толымсыз сөйлемдегі баяндауыш формасы дәлелдейді [6]. «Тауарихтан» мысал: 1. *Мыңар Һушитай, шул әмрә қаум һушин ерді.* 2. *Шул жұлмә қарындаш лары Буурчы нойан, мыңар Байқу, шул қаум һушин ерді.* 3. *Уа оң қолны ол билүр ерді.* 4. *Чиңгиз ханда бу төрт бек ма лум турур.* 5. *Төрт мың ләшкәр білән Жочиға берді (85).* — 1. *Мыңер Хушитай, ол хушин қауымынан еді.* 2. *Солардан бір туысы Буурчы нойан, Мыңер Байқу, сол хушин қауымынан еді.* 3. *Оң қолын ол билер еді.* 4. *Шыңғыс ханда бұл төрт бек әйгілі еді.* 5. *Төрт мың әскерімен Жошыға берді (85).* Бұл жерде 4-сөйлемдегі *төрт бек* бастауышы келесі 5-сөйлемде түсіріліп, толықтауышқа сәйкес келіп тұр. Сөйлем «Төрт мың ләшкер білән Жочиға (кімді?) берді — Төрт мың әскерімен Жошыға (кімді?) төрт бекті берді» болып толығыады. «Түркі шежіресімен» салыстырып көрейік. 1. *Сайын хан черікін йығыштұрұб йүрүкенде, Чыңыз хан тақы өлді.* 2. *Екі йылдан соң Үкідай қаан хан болды.* 3. *Ол тақы Сайын ханға әмір қылды атлан теб (140).*... мысалындағы 1-сөйлемнің *Сайын хан* бастауышы 3-сөйлемде жанама толықтауышқа сәйкес келеді.

Жай сөйлем құрамына енетін сөздердің бір-бірімен грамматикалық тығыз байланыста тұратыны сияқты құрмалас сөйлем құрамындағы жай сөйлемдер де өзара тығыз байланыста болады. Тек сондай

байланыстың арқасында ғана жай сөйлемдердің бастары бірігіп, күрделі ойды білдіретін бір бүтін сөйлем бола алады [7].

Құрмалас сөйлемнің сыңарларының толымсыздығының көрсеткіші тұрлаулы мүше де, тұрлаусыз мүше де бола алады. Мұны анықтайтын сол құрмалас сөйлем аясындағы не болмаса одан сыртқы контекст болады. Осыдан байқағанымыздай, жай сөйлемдердің толымсыздығы тәрізді құрмалас сөйлемнің толымсыздығы контекстен де байқалады. Оны «Жами'ат-Тауарих» тіліндегі мысалдардан қарастырып көрейік.

Төмендегі мысалдан алшақ байланысқан контекстік сабақтас сөйлемдерді көруге болады. *1. Тақы айтып турур. 2. Һәр кім ерсә улуг лар алдыға барса, та ол уақтқа дегәч ыч сөзлемегей. 3. Уа тақы кім ол улуг сауал айтмагүнче аңа көре қийас етіб аның сауалыға мутабиқ білә жсауаб айғай. 4. Әгәр андын ілгәрі сөз айтса, әгәр тыңласа фабиһа уа улла темүр қызғанда керек (101). — 1. Тағы айтты. 2. Әркім ұлылар алдына барса, ол уақытқа дейін еш нәрсе сөйлемес. 3. Ұлы адам сұрақ сұрамағаниша, одан гөрі оның сұрағына лайық жсауап іздегей. 4. Егер онан ілгері сөз айтса, онда тыңдаса жақсы, әйтпесе темір қыздырып басар (79).* 4-шартты бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемнің бастауышы — 2-сөйлемдегі *улуг лар* (ұлылар) сөзі. Сонда сөйлем былай толығыады: «*Әгәр улуглар андын ілгәрі сөз айтса, әгәр тыңласа фабиһа уа улла темүр қызғанда керек*» (Егер ұлылар онан ілгері сөз айтса, онда тыңдаса жақсы, әйтпесе темір қыздырып басар).

Ескерткіштер тілінен салалас құрмалас сөйлемдердің де контекске тәуелділігін байқауға болады. Мысалы: *1. Тақы айтыб турур. 2. Түмен бегі уа мың бегі уа йүз бегі қачан йыл аууалында, ахрында келгей лер Чиңгиз ханның білігін тыңлағай уа йана кеткей. 3. Мәгәр анлар артуқсы ләшкәр пайда қылғай. 4. Уа анлар кім өз йуртларында олтуруб турур. 5. Білікні ешітмеді, анларның халы мисалы таш болғай, набадид болғай. 6. Андағ кім ерсә пишуа лық да олтура алмағай (100). — 1. Тағы айтты. 2. Түмен бегі, мың бегі және жүз бегі қашан жыл басында, ақырында келіп, Шыңғыс ханның билігін тыңдағай және кеткей. 3. Егер олар әскерлерін көп пайда қылғай. 4. Олар өз жұртында отырар. 5. Билікті есітпеді, олардың халы тас секілді болғай, набыт болған. 6. Ондай адам бастықтыққа жарамас (78).* 5-сөйлемдегі салалас құрмаластың бастауышы (анлар — олар) өзінен бұрынғы іргелес тұрған сөйлемнен көрінеді.

«Түркі шежіресінен»: *1. Қырық күн тұрғандын соң, қалмақ келді. 2. Тақы толай еліміз нің төрт де бешде біріні алды. 3. Тақы йүрүй берді. 4. Халық ның намұссылысы қалды. 5. Қарайманы үйіне кетді, аны түркмен ешітді. 6. Түркмен нің Әбулхан уа манғышлақдын көмекі келді, андын соң Хиұқдын чықыб чешменің үстінде бізнің бірлән ұрұшды (163).* 6-салалас сөйлемнің бастауышы өзінен бұрынғы сөйлемде көрініс береді.

Төмендегі үзіндіге назар аударып көрейік. *1. Барс йыл алты йүз екіде уа ақи рәжәб айында. 2. Чиңгиз хан бу йылда елліг екіде ерді. 3. Уа нечүк аның йауқында найман ның падишаһы Тайан хан уа жами өнгін падишаһ лар аның білә бірге ерді. 4. Чиңгиз хан анлар ның барчасын урушуб қачурды. 5. Барча падишаһларны өлтүрді. 6. Анлар ның уотан лары (н), йуртлары ерді, аңа барды. 7. Тайан хан ның тоқуз пайалы ақ туқы бар ерді. 8. Бұйурды, аны тікді (61). — 1. Барыс жылы алты жүз екіде басталды, ражаб айында. 2. Шыңғыс хан бұл жылы елу екіде еді. 3. Оның уақытында Найманның патшасы Таян хан және барлық өзге патшалар онымен бірге еді. 4. Шыңғыс хан олардың баршасын ұрысып қашырды. 5. Баршасының патшаларын өлтірді. 6. Олардың отандары, жұрттары бар еді, оған барды. 7. Таян ханның тоғыз шашақты ақ туы бар еді. 8. Бұйырды, оны тікті (56).* Бұл контекстегі «Бұйурды, аны тікді» (Бұйырды, оны тікті) деген толымсыз сөйлем. Мұнда сөйлемнің бірнеше мүшесінің түсіп қалғандығын байқауға болады. Сөйлемді толықтыру үшін контекске назар аударуымыз керек. Кім бұйырды, кімге бұйырды, қашан бұйырды? Сөйлемді толықтырсақ, «Шыңғыс хан барыс жылы отандарына, жұрттарына бұйырды, оны тікті» болып шығады. Байқасақ, бұл салаластың бастауыш, пысықтауыш, толықтауыш мүшелері түсіп қалған.

Қорыта айтқанда, сөйлемдегі түсірілген бастауыштың орнын контекст арқылы толықтыруға болады. Бірақ бұл үнемі сөйлем құрамынан бастауышты түсіріп тастай беруге болады деген сөз емес. Оның (бастауыштың) түсірілуі немесе керісінше түсірілмей айтылуының өзі стилистикалық талаптарға байланысты жүзеге асады. Осыған орай, тілімізде бастауышсыз толымсыз сөйлемдерді немесе толымды сөйлемдерді қолдану әр түрлі жағдайларға байланысты болып келеді. Белгілі бір ойды кейде толымды сөйлеммен жеткізу дұрыс болса, кейде толымсыз сөйлемдермен берген жөн. Белгілі бір мүшенің сөйлем құрылымында болмай қалуы берілетін хабардың, мәліметтің қабылдаушы санасына дұрыс жетпеуі не дұрыс түсінілмей қалуына ықпал етеді. Бұл жағдай, яғни бастауыштың түсірілуі, ауызекі сөйлеу тілінде кең таралған, ал автор тілінде мұндай жағдай автор тілінің ауызекі сөйлеу тіліне жақындаған сәтінде байқалады.

Синхрондық, диахрондық тұрғыдан қарасақ, толымсыз сөйлемдер — құрылымдық құбылысқа емес, мәтіннің жалпы жосығынан, контекст ыңғайынан келіп туатын жайт. Сондықтан «Жами'ат-Тауарих» және «Түркі шежіресі» мәтінінде де толымсыз сөйлемдердің басты критерийі контекст болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Аманжолов С.* Қазақ әдеби тілінің қысқаша курсы. — Алматы: Санат, 1994. — 96-б.
- 2 *Балақаев М.* Қазіргі қазақ тілі. — Астана, 2006. — 107-б.
- 3 *Жақыпов Ж.А.* Сөйлеу синтаксисінің сипаттары. — Қарағанды, 1999. — 67-б.
- 4 *Керімбекова Ұ.* Бастауышсыз толымсыз сөйлем // Қазақстан мектебі. — 1973. — № 5.
- 5 *Бакарева А.* Структура предложения как средство связи предложений в сверхфразовом единстве: Дис. ... канд. филол. наук. — М., 1982. — С. 94, 95.
- 6 *Лекант П.А.* Синтаксис простого предложения в современном русском языке. — М.: Высш. шк., 1974. — С. 135, 136.
- 7 *Қордабаев Т.* Қазақ тілі. Құрмалас сөйлем синтаксисі. — Алматы: Санат, 1995. — 26-б.

З.Н.Жуынтаева

Особенности употребления неполного предложения (без подлежащего) в исторических письменных памятниках

В статье рассматривается особенность употребления неполного предложения без подлежащего в исторических письменных памятниках. Причины опущения подлежащего указаны и доказаны языковыми фактами.

Z.N.Zhuyntayeva

Especially the use of incomplete sentences without subject in historical literary monuments

The article is about incomplete non-subject sentence in the historical written language. The reasons of subject drop are shown and proved by linguistic facts.

Ш.Мажитаева¹, Г.Синбаева²¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;²М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл**Көркем проза тіліндегі эвфемизмдер мен дисфемизмдердің қолданылу ерекшеліктері**

Мақалада көркем шығармалардағы эвфемизмдер мен дисфемизмдердің қолданылу ерекшеліктері қарастырылды. Ғылыми әдебиеттен эвфемизмдер мен дисфемизмдердің әр түрлі анықтамалары келтірілді. Олардың эмоционалды-экспрессивті мәнде қолданылуын авторлар көркем бейне жасаудың бір тәсілі ретінде қарастырды.

Кілтті сөздер: сөйлеу тілі, көркем шығарма, кейіпкер тілі, эвфемизмдер, дисфемизмдер, теориялық мәселе, эвфемистік мағына, синонимдік қатар, қарапайым сөздер, халықтың сөйлеу тілі, әдеби тіл.

Мақалада сөйлеу тілінде, яғни көркем шығармалардағы кейіпкер тіліндегі, эвфемизмдер мен дисфемизмдердің (дөрекі, тұрпайы лексика) қолданылу ерекшелігі салыстырыла отырып қарастырылады. Жалпы тіл біліміндегі эвфемизмдердің теориялық мәселесі А.А.Реформатский, Б.А.Ларин, В.П.Москвин, Т.Л.Павленко, тағы басқалардың еңбектерінде әр түрлі қырынан сөз болады.

Жалпы тіл білімінде эвфемизм дөрекі сөздерді сыпайы сөздермен алмастыру үшін жұмсалатын сөздер мен қолданыстар деп қарастырылады. Орыс тіл білімінде эвфемизмге төмендегідей анықтама беріледі: «Эвфемизмы — слова или выражения, служащие в определенных условиях для замены таких обозначений, которые представляются говорящему нежелательными, не вполне вежливыми, слишком резкими. Например, *задерживается* вместо *опаздывает*, *кто крайний?* вместо — *кто последний?* (в очереди), наряду с такими более или менее устойчивыми заменами в речи отличаются смягчающие индивидуально-контекстные обозначения, которые так же обычно расцениваются, как эвфемизмы» [1].

Эвфемизмге қазақ тіл білімінде берілген анықтамаларға зер салсақ, Ә.Хасенов «Тіл білімі» деген еңбегінде: «Эвфемизм — бір затты не құбылысты я болмаса бір оқиғаны сыпайылап айтып жеткізу амалы; адамның көңіліне келмейтіндей, жұқалап, жайдарылап, майдалап, іштей ренжіп тұрса да, рахаттана баяндағандай айта білу тәсілі», — деп түсіндіреді [2].

Тіл білімінде эвфемизмнің пайда болу жолы табу сөздердің қолданысымен байланысты деген пікір орныққан. Табу дегеніміз тыйым сөз ретінде қолданылады, тек ұғымға салынатын тыйым емес, сол ұғымның тілдегі атауына, яғни сөзге салынатын тыйым. Табу мен эвфемизм тіл ғылымында этнолингвистиканың зерттейтін нысанына жатқызылып, жан-жақты қарастырылып жүрген мәселе.

Ә.Ахметовтің «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер» атты еңбегі табу мен эвфемизмдердің сырын кеңінен, жан-жақты ашып зерделеуге мүмкіндік берері сөзсіз [3]. Дегенмен қазақ тіліндегі эвфемизмдер мәселесі — әлі толық айқындалмаған құбылыс. Әсіресе эвфемизмдер мен дисфемизмдерді салыстыра отырып зерттейтін жұмыстардың қажеттігі сөзсіз. Өйткені бұл тіл мәдениетін, сөйлеу мәдениетін көтеруге септігін тигізеді, тілді тиімді жұмсай білуге үйрететіні даусыз [3].

Сонымен, эвфемизм дегеніміз кез келген халықтың тілінен орын алады, сондай-ақ түркі тілдес халықтардың көбінде кездеседі.

Түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілінде де эвфемизмдер молынан, сан түрлі болып қолданылады және кейбір сөздердің эвфемистік мағынада қолдануына байланысты айырмашылықтар да жоқ емес.

Мәселен, түркі тілдес халықтардың тілінде «хатун», «хатын» сөздерінің қолданысында ешбір дөрекілік, жағымсыздық байқалмаса, қазақ тіліндегі «қатын» сөзін сыпайы сөздердің қатарына жатқыза алмаймыз. Мұндай сөз *әйел*, *жұбай*, *зайып*, *ақжасулық* сияқты жағымды болып естілетін сыпайы сөздермен алмастырылып отырылады. Ал «қатын» сөзі *ұрғашы*, *шүйке бас*, *төмен етек* сияқты жағымсыз, кемсіту, дөрекі мағыналы сөздермен қатар қарапайым сөйлеу тілінде дисфемизм түрінде ұшырасады.

Эвфемизмнің басты қызметі — мағынасы тұрпайы сөздерді сыпайылап жеткізу, оның пайда болуы да сыпайыгершілікке, әдептілікке негізделеді. Сыпайы, жағымды сөйлеумен байланысты кейбір сөздердің синонимдік қатарының молаюын эвфемизмдердің үлесіне жатқызуға болады.

Эвфемизм сияқты қарапайым сөздер де халықтың сөйлеу тілінің байлығы боп есептелінеді, әдеби тілді байытып отыратын бір көзі болып саналады. Қарапайым сөздерді көркем туындыларда жазушылар тек стилистикалық мақсатпен ғана қолданып қоймайды, сонымен қатар әдеби тілді байыту, дамыту мақсатын да көздейді. Тілдегі белгілі эвфемизмдер, дисфемизмдер, какофемизмдер көркем мәтінде басқа бір сөздермен немесе сөз тіркестерімен келіп синонимдер жасайды.

Орыс тіл білімінде эвфемизмдер синонимдердің түрлері ретінде айқындалады. Ғалым Д.Н.Шмелев «некоторыми исследователями как одна из разновидностей синонимов рассматриваются также так называемые эвфемизмы» деп эвфемизмдердің қызметіне назар аудартады [1].

Демек эвфемизмдер, бір жағынан, тілдегі синонимдерді молайтуға белгілі дәрежеде үлес қосып отырса, екінші жағынан, ойды бейнелеп көркем түрде жеткізудің амалы болып та саналады. Ағылшын тілінің тұрақты тіркестерін зерттеуші А.А.Путиннің пікірінше, тұрақты тіркестердің пайда болуының негізгі төрт көзі бар: эвфемизация, эвфемистік емес метафоризация, эвфониялық және стилистикалық құралдар (аллитерация, рифма, қайталау, жұптық синонимия, жұптық антонимия, салыстыру т.б.) және кірме сөздер».

Мәселен, *мылжың, тантық, қазымыр, қырт, көкіме* — бос сөзге үйір, көп сөйлейтін мазасыз адам; *маскүнем, ішкіш, араққұмар, араққор, арақкеш* — ішкіліктің соңына түскен, ішімдікке салынған адам, немесе *аузы күн шығысқа қарап қалды* тұрақты тірес түріндегі; *суайт, суқит, алдамшы, өтірікші, алдампаз* — болмағанды болды деп, жалған сөйлейтін, өтірікті судай сапыратын, қулықпен күн кешетін адам жайлы; *ұрлату, жымқыру, жасыру, қымқыру, зытыру, қымту, қымтыру* — біреудің бір затын білдіртпей алып кету немесе қолды болу мағынасындағы; *үлкен, дәу, дөй, дөкей, зор, орасан, дырау, әйдік, ірі, ұлы, нән, дыр, алпамса, ноян, шоң* (кітаб.), *шой қара, қожба* (сөйл.) — көлем жағынан аумақты, қомақты ұғымындағы берілген синонимдік қатарлардан *мылжың, тантық, ішкіш, араққұмар, араққор, алдамшы, үлкен* сияқты сөздерді сыпайыгершілікке, әдептілікке негізделген сөздердің қатарына жатқызуға болады.

Синонимдерді қолданудың бір тәсілі ретінде эвфемизмдердің қызметі жайлы Синонимдер сөздігінде төмендегідей анықтама берілген: «Мағынасы жағымсыз сөздердің мәнін тыңдаушыларға жеңілдетіп, жұмсартып айту тәсілін тіл білімінде эвфемизм деп атайды. Бұл да тіл мәдениетінің бір тәсілі болып саналады. Мәселен, *өсек-аяң* дегеннің орнына *жаяу почта, ұзын құлақ, сымсыз телефон* деп, *өтірік* сөз дегеннің орнына *қоспа* деп, *өсекші* дегеннің орнына *жеңіл ауыз* деп, *пара* дегеннің орнына *ауыз бастырық* деп, *ұрлық* дегеннің орнына *жиендік* деп, *қартаю* дегеннің орнына *жасы ұлғаю, рак* дегеннің орнына *жаман ауру* деп жұмсартып қолдана беруге болады.

Эвфемизм, әдетте, әдеби тіл нормасы болып саналса, ал дисфемизмдер ауызекі сөйлеу тілінде, көркем шығармалардағы кейіпкер тілінде белгілі бір стильдік мақсатпен қолданылады. Ғалымдар әдеби тілді ауызекі әдеби тіл, ауызша әдеби, жазбаша әдеби тіл деп екіге бөледі. Ауызекі әдеби тілге қазіргі функционалдық стильдердің ішіндегі ресми, ғылыми, публицистикалық стильдердің ауызша формасын жатқызуға болады. Бұл жөнінде белгілі тілші-ғалым Р.Сыздықованың пікірін келтірейік: «Ұлттық әдеби тілдің жазу өнері шыққанға дейінгі үлгісі, сөз өнері хатқа түспей тұрған ерте дәуірдегі елінің қоғамдық-әлеуметтік мүдделерін өтеу үшін тұтынылған, бейнелі, асқақ стильге құрылған сөз саптау үлгісі. Олай болса, ұлттық әдеби тілдің жазбаша түрі шыққанға дейін дамыған түрі бүгінгі ауызекі сөйлеу стилінің негізі болып табылады. Ауызекі сөйлеу стилінде дөрекі сөздер, қарапайым, жергілікті сөздер мен диалекті сөздер жиі ұшырасады. Бөгде тілдік элементтер, орыс тілінен енген сөздер, табу мен эвфемизмдер жиі қолданылады» [4].

Ә.Ахметовтің тұжырымдауынша, «...табу мен эвфемизмдерді қолдану ауызекі сөйлеу стиліне тән ерекшелік болып табылатындығын көруге болады» [3; 55]. Бұлар белгілі контексте әр түрлі стильдік мән тудырады. Сөздің ұғымы дөрекілеу, қолайсыздау, көңілге тиетіндей болып келген жағдайда да тілдегі бір сөз басқа екінші бір сөзбен алмастырыла береді. Мұндай жағдайда мағынасы тұрпайы сөздің орнына сол ұғымды жұмсартып, жеңілдетіп жеткізетін сыпайы, жұмсақ сөздер айтылады. Эвфемизмдер тілдегі ауыспалы мағынадағы сөздерді толықтырып отыратын көркемдеуіш, бейнелеуіш құралдардың бірі ретінде қолданылуы сөз мағынасын дамытудағы қызметін айқындай түседі.

Ғ.Қалиев, Ә.Болғанбаевтар қазақ тіліндегі эвфемизмдердің қолданылу жолдарын былай көрсетеді:

1. Ауру аттары алмастырылады. Науқастың көзінше аурудың нақ өзін атамай, оның жеңілірек түрін айтады. Мысалы, *туберкулез* — *өкпе ауруы, рак*, немесе *қылтамақ* деудің орнына *жаман ауру* деп, дәрігерлер сөздердің мағынасы қатты тиетін сөздерді жұмсақ сөздермен алмастырып қолданады.

2. Адамның дене мүшелеріндегі кем-кетік атаулары алмастырылады. Мәселен, *ауру, жарымжан, мүгедек* адамды *дімкәс* деген сөзбен, *саңырау, керең* деген сөзді *құлағының мүкісі бар, сараң естиді* деп алмастырып айта беруге болады.

3. Мағынасы айтушы мен тыңдаушыға бірден соншама жағымсыз, дөрекі сөздер алмастырылады.

4. Үйлену мен тұрмыс құруға байланысты сөздер алмастырылады. Мәселен, *тұрмыс құру, баласын құтты орнына қондыру, қолына құс қондыру, отау тігу, бөпелі болу, аяғы ауыр* тәрізді сөздер үйленуге байланысты айтылады.

5. Қоғам өміріндегі адамдардың бір-бірінің жағымсыз қарым-қатынастарына қатысты сөздер алмастырылады.

Мәселен, *аузы жеңіл, қолының жымысқысы бар, қосып айтады, сөзге келу, аузының желі бар* дегендер сыпайлық мәнде айтылады [5; 121,122].

Эвфемизмдердің қолданысын әсіресе көркем шығармалардан айқын көруге болады: *Құдай қосқан қосағың* сыбағанды дайындап қояды. (Б.Мұқай. Жедел жәрдем, 227-б.). Алты жылдан бері *етегі қанамағанын* бетіне салық қылды. *Құлағынан қиқу кетпеді* (Сонда, 382-б.). Бойжетудің қақпай көрмей пісіп-жетілген *жанартаулары* бір-ақ түнде жарылып, мас қылып буын-буынын алған. (О.Бөкей. Кербұғы, 36-б.). –Айдалада қайдан жүр? — Қайданың не өзіңнің, *қайыыйтын* сыңарын іздеп жүр де, ақпан ғой, — деді мосқалдау. (А.Алтай. Қыр мен дала хикаялары, 131-б.). *Белден бел астым дегені қыз күнтимесінің* ішіне енген сайын *шәуеті* от боп жанып, тұла бойының балқып ерігені. *Қыз анары* үлкейіп көрінеді. (Д.Досжан. Ине ұшындағы өмір, 8-б.).

Берілген үзінділерден әр түрлі мәнде қолданылған эвфемизмдерді байқай аламыз. Яғни *сыбағанды дайындап, етегі қанамаған, қиқу кетпеді* қолданыстары ауыс мағынада жұмсалса, әйел мен ер адамның арасындағы табиғи жыныстық қатынас сөйлемдерде эвфемистік қолданыстар арқылы берілгенін көреміз.

«Өлім» деген ұғымды білдіру үшін тілімізде әр түрлі эвфемизмдер пайдаланылады. Әдеби тіліміздің көркем әдебиет және публицистикалық стильдерінде «өлім» концептісін түрлі-түрлі тәсілдер арқылы сыпайы сөздер мен сөз тіркестері құрайды. Көркем әдебиетте «өлімге» қатысты ұғымының қалай қолданылғанына мысалдар келтірейік: ... жетпіс жыл ғұмыры күйбең тіршілікпен тураған еттей зу етіп өте шығып, *бұ дүниеден аттанып кете барды*. Өке қайда, ана қайда, толып жатқан ағалар қайда, шешесі *өлгенде* мола басында шырқырап жылап қалған іні қайда? ...шешесінің *өлімін* естіген жоқ, естімесе де кәрілік жетіп *көз жұмған шығар* деп ойлаған, ал, қалғандары ше? (Д.Исабеков. Тіршілік, 411-б.). – Бәрінді *қойша бауыздаймын*, – деп айқай салды. – Шетіңнен *бауыздаймын* (Қ.Найманбаев. Түнгі жол, 265-б.). — *Мүрдем кетсе* де тілін тартпайды ол, – деді гүжілдеуік (Қ.Найманбаев. Түнгі жол, 266-б.). «Иттерді шетінен атып тастар ма еді», — деп кіжінді. «*Сыздауық сияқты сылып тастар* ма еді» (Қ.Найманбаев. Түнгі жол, 267-б.). ...Енді не бәрі екі-үш сағаттан кейін *ана дүниенің табалдырығына жетесің* (Қ.Найманбаев. Түнгі жол, 273-б.). Нұржаным шын жоқ болса, *қара жерге қағып жіберсеңші, күл ғып жіберсеңші!* ... «Жай түссін, *жайрайын*» деп ем (Б.Нұржекеев. Кінәлі махаббат, 321-б.).

«Өлімге» байланысты бұндай эвфемистік және дисфемистік тұрақты тіркестерді жалғастыра беруге болады.

Қазақ тіліндегі фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектісін жан-жақты зерттеген ғалым К.Смағұлова фразеологизмдердің ішкі мағыналық реңктеріне назар аударып, «өлім-жітімге» байланысты мағыналас фразеологизмдердің тілімізде сақталған тіркес түрлерінің мазмұндық жағы жалпы болғанымен, ішкі мағыналық формасындағы дифференциациялар қайран қаларлық топтарға жіктеліп кетеді. Қазақ «өлім бар жерде, қаза бар» деп ескертеді. Алланың ақ бұйрықты өлімі бар да, кенеттен қапылыста болатын қаза бар. Бір мақалдағы жалпы ұғым осындай лексика-семантикалық реңктермен екі түрлі түсінікпен беріледі. Эвфемистік, кейде дисфемистік тұрғыда айтылған тұрақты фразеологиялық тіркестер қатары соншама мол, әрі сипаттау әдісі де сан алуан» деген тұжырым жасайды [6].

Тіліміздегі фразеологизмдердің көпшілігі эвфемизмдер негізінде пайда болатындығы туралы Ә.Ахметов те «Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер» деген еңбегінде фразалық тіркестер сияқты мақал-мәтелдер де эвфемистік мағына тудыра алатындығына төмендегідей мысалдар келтіреді, мәселен, тілімізде *өлім-жітіммен* байланысты фразеологизмдер: *дүниеден көшу (өту); ажал аузында; төрінен көрі жақын; тұяқ серіппей өту; қыршыннан қиыл; жер қабу; жан тәсілімге таяну; жан беру; күні біту; көрге тығу (кіру); келмеске кету; жүріп кету; жастай кету; жазым болу; демі тоқтау (біту); қара жер алу; о дүниеге сапар шегу; мәңгі ұйқыға кету; құдай алу; үзіліп*

кету; сағаты біту; топырақ жамылу; шетінен кету; шырағы сөну; ақ кебінге орану; олай-бұлай болып кету; мүрдем кету; жаны пида болу; ажал нәубеті жету; шейіт кету; қара жер төсек болу; көр құшу; көзі жұмылу; көз жазып қалу; аяқтағы суға ағып өлу; жанын жаһаннамаға жіберу, өлі мен тірінің арасында т.б. [3; 56].

Жоғарыдағы мысалдардан эвфемизмдермен бірге дисфемистік қолданыстарды көреміз. Эвфемизмдерге қарағанда дисфемизмдердің (какофемизмдер) көркем туындыларда стильдік қызметі жоғары. Олар көркем әдебиет, публицистикалық стильдерде экспрессивті мән үстеу үшін қолданылады. Тұрпайы, қарапайым сөздер көбіне сөйлеу тілінде, яғни кейіпкердің тілінде, жұмсалады.

Академик М.Серғалиев: «Ауызекі сөйлеу стилінде әдеби тіл нормасына жатпайтын сөздердің қолданылуын табиғи құбылыс деп санайды [7].

Тілдік қолданыста қарапайым фразеологизмдер де ұшырасады. Х.Қожахметова қарапайым фразеологизмдер туралы: «Әдеби тіл нормасына сай келмейтін, жай дөрекі тұрақты тіркестерді қарапайым фразеологизмдер дейміз. Алайда әдеби тіл нормасына жатпағанымен, көркем әдебиетте образ жасау үшін кейіпкер сөзінде кездесіп отырады. Бұл тілдік амал арқылы жазушы кейіпкердің ой-өрісін, өскен ортасын, әлеуметтік ортасын, әлеуметтік халін, мінез-құлқын көрсетеді», — дейді [8]. Мәселен:

- *Өй, шірік сол! Сөзін қара.* (С.Жүнісов. Қос анар, 304-б.).
- *Ой, қағыңғыр сол.* Жаным-ау, сен шын Дикәймісің? (С.Жүнісов. Қос анар, 304-б.).
- *Ой шірік, группашылың мұның, жаман неме!* (С.Жүнісов. Қос анар, 306-б.).
- *Бұл үй ме, тәйірі!* (С.Жүнісов. Қос анар, 306-б.).

Кейіпкер тілінде қолданылған дөрекі фразеологизм кейіпкердің мінез-құлқын, мәдениетін көрсетуде ерекше рөл атқарып тұр. Мұндай дөрекі фразеологизмдер тек кейіпкер тілінде ғана кездеседі. Олар жағымсыз реңкімен, ерекше стилистикалық қызметімен дараланады.

Ауызекі сөйлеу стилінде қолданылатын дисфемизмдер — мағынасы жағынан эвфемизмге карама-қарсы құбылыс. Өйткені жағымды әдепті сөздерді (эвфемизмдерді) дөрекі, тұрпайы сөздермен, дисфемизмдермен (какофемизм) ауыстырып айтады. Жоғарыда аталған стильдерде дисфемизм, яғни тұрпайы, анайы сөздер, бір адамды кемсіту мақсатында жұмсалады. Жалпы дисфемизмдердің тілімізде ең жиі қолданысқа түсетін жері — ауызекі сөйлеу тілі. Дисфемизмдер әдеби нормаға жатпайды, әдетте олар сөйлеу мәдениеті төмен адамдардың сөзінде кездеседі: *шүйке бас, төмен етек, боқ мұрын, боқ қарын, құйыршық, сүмелек, күшік күйеу, керең, соқыр, шойнақ, боғы ботқа, сідігі сірке, боққа аспайды, көк езу* т.б.

Жазушылар дисфемизмдерді (какофемизмдерді) әдетте кейіпкердің образын ашуда қолданатыны белгілі. Бұл туралы Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиевтер: «боқ мұрын бала, боқтан өзгені сөз қылды, боғымен жасты баламен ойнады, боқ басында қалды, боғын пышақтады, боғын ақтарды, боққа әлі келмейді, қолынан боқ келмейді, боққа татымайды, боқтық естіді, боғын боталы түйе қылды, боқ жемеде қалды, боқтан да оңай, болар бала боғынан, боғы ботқа, сідігі сірке, өз басынан боғын көрмей, біреудің шоғын көреді» деген дисфемизм сөздер *кеміту, қорлау, жаратпау* ұғымын тудыратындығын айтып, оларды жазушы көркем шығармада өзінің қаһарманының мінез-құлқын, іс-әрекетін, ой-өрісін бейнелеп, нақтылы шынайы бейнесін жасау үшін қолданылатындығын көрсетеді [5; 122].

Мысалы: *Әй, ақсақ ит, дабырлама* (Қ.Найманбаев. Түнгі жол, 274). *Бірақ мына сүмелек сияқты бәрімізді су жүрек деп ойлама* (Б.Нұржесеев. Кінәлі махаббат, 270).

Көркем шығармаларда жазушы дөрекі сөздерді стильдік мақсатпен қолданатыны туралы академик Р.Сыздықтың тұжырымы да жоғарыдағы пікірмен үндес: «Нағыз жазушы кейіпкерлерін өздері беріп тұрған образға сай сөйлетеді. Кейіпкер сөзі оның бейнесін жасауға тікелей қызмет ететін көркемдік тәсілдің бір болып саналады», — дейді [5; 122].

Ғалым мысал ретінде бір ғана «Болыс болдым, мінекей» деген өлеңінде Абай болыс, шабарман, пысықтардың портретін жасау үшін *далтылдап, жалпылдап, барқылдап, бартылдап, шаңқылдап, аңқылдап, тарқылдап, қарқылдап, шартылдап, тарпылдап, лепілдеп, дікілдеп, өкімдеп, күпілдеп, шыбындап, жымыңдап* деген жағымсыз бейнелі етістіктерді келтіреді [9; 281].

Р.Сыздықтың есептеуінше, ұлы ақын жағымсыз замандастарының образын жасауда бұрын поэзия тіліне көп қатыстырылмайтын *бұртақтау, тыртыңдау, арсаңдау, ит көрген ешкі көздену, ыржыңдау, кірбіңдеу, тізесін созғылау* сияқты қимыл атауларын еркін енгізді, бұлар стильдік қызмет атқарып, поэтикалық құралға айналды [9; 284].

Сонымен, қазақ тіліндегі эвфемизмдер — сыпайыгершілікке, әдептілікке негізделген лексикалық қабат. Қазіргі қолданылып жүрген эвфемизмдер жайлы тіл ғылымында өскелең халқымыздың қалыптасқан этикалық және эстетикалық нормаларының күнделікті нақ көріністері деген пікір кездеседі. Эвфемизм сияқты қарапайым сөздер де халықтың сөйлеу тілінің байлығы боп есептелінеді, әдеби тілді байытып отыратын бір көзі болып саналады. Қарапайым сөздерді көркем туындыларда жазушылар тек стилистикалық мақсатпен ғана қолданып қоймайды, сонымен қатар әдеби тілді байыту, дамыту мақсатын да көздейді. Тілдегі белгілі эвфемизмдер, дисфемизмдер, какофемизмдер көркем мәтінде басқа бір сөздермен немесе сөз тіркестерімен келіп синонимдік қатар жасайды.

Жоғарыда көрсетілген еңбектерінде Ғ.Қалиев пен Ә.Болғанбаев сөйлеу тілінде қолданылатын, бірақ әдеби тілде қолайсыздау болатын тұрмыстық және қарапайым сөздерді бір-бірінен ажырату қиындық туғызады, яғни бұл онша оңай шаруа емес деп есептеп, сондықтан оларды бірге қарастырады [5; 162].

Ал «Қазақ тілі энциклопедиясындағы» қарапайым сөзді түсіндіретін мақалаға келсек, онда оған мына төмендегідей анықтама берілген: «Қарапайым сөздер — сөйлеу тілінде сөздің мазмұнын тұрпайыландыра, айналдыра түсу мақсатымен қолданылатын тілдік құралдар. Қарапайым сөздер лексикасына қарапайым, тұрпайы, дөрекі, анайы сөздер (какофемизмдер), варваризмдер, жаргон сөздер мен кейбір диалектизмдер, тұрпайы мәнді фразеологизмдер, т.б. енеді (*шикі өкпе, қара борбай, төмен етек, боқ мұрын, сұмырай, су ми, сен тұр мен атайын* т.б.). ...Қарапайым сөздердің мынандай ерекшеліктері бар: 1. Стыльдік мәні бір нәрсені төмендету, кеміту, бағасын түсірерліктей болады; 2. Диалектизмдер сияқты территориялық жағынан шектелген емес, жалпы халыққа түсінікті, таныс сөздер; 3. Әдеби тілде қолдануға болмайтын жат сөздер [10].

Қорыта айтқанда, қазақ тіліндегі эвфемизмдер де басқа тілдердегі сияқты сөз мағынасын және сөздік құрамды байытудың бірден-бір амалы болып табылады. Ал дисфемизмдерді де авторлар көп жағдайда әдеби тілде, көркем әдебиетте, атап айтқанда, біздің қарастырып отырған көркем прозалық туындыларда кейіпкерлердің образын жасауда эмоционалды-экспрессивті амал-тәсіл ретінде жұмсаған.

Эвфемизмдер мен дисфемизмдердің тілімізде жалпы қолдану аясы кең, біз бұл мақаламызда соның кейбір тұстарын ғана көрсетуді мақсат еттік.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Шмелев Д.Н. Современный русский язык. Лексика. — М.: Просвещение, 1977.
- 2 Хасенов Ә. Тіл білімі. — Алматы: Санат, 2003. — 154-б.
- 3 Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. — Алматы: Ғылым, 1995.
- 4 Сыздықова Р. Ауызша әдеби тіл. Абай энциклопедиясы. — Алматы: Атамұра, 1995. — 107-б.
- 5 Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. — Алматы: Дәуір, 2003.
- 6 Смағұлова К.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері: Докт. дис. ... автореф. — Алматы, 1998. — 23-б.
- 7 Серғалиев М. Стилистика негіздері. — Астана: ЕҰУ баспасы, 2006. — 62-б.
- 8 Қожахметова Х. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. — Алматы: Мектеп, 1997. — 34-б.
- 9 Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1993.
- 10 Қазақ тілі. Энциклопедия. — Алматы: «ІДК-ТІПО» ред.-баспа орталығы, 1998. — 235-б.

Ш.Мажитаева, Г.Синбаева

**Особенности употребления эвфемизмов и дисфемизмов
в языке художественного текста**

В данной статье рассматриваются особенности использования эвфемизмов и дисфемизмов в художественных произведениях, различные определения из научной литературы, а также характеризуются способы их образования. Использование эвфемизмов и дисфемизмов в эмоционально-экспрессивном значении авторами рассматривается как средство и один из способов создания художественного образа.

Sh.Mazhitayeva, G. Sinbayev

Especially the use of euphemisms and disfemizov language literary text

The authors focus on the peculiarities of using euphemisms and disphemisms in prose style. Different definitions of euphemisms and disphemisms from scientific works and dictionaries are given and the ways of their formation are described. The use of them in emotional and expressive meanings is considered as one of the ways of creating a literary character by authors.

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

ӘОЖ 82.0

Ж.Әлмашұлы

*ҚР Премьер-Министр Кеңсесі қаржы-шаруашылық бөлімі;
Үкіметтік басылымдар редакциясы, Астана*

М. Әуезовтің отызыншы жылдардағы шығармалары жөнінде

Мақалада М.Әуезовтің өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы ұжымдастыру, индустриализациялау саясаты жайындағы очерктері мен әңгімелері қарастырылды. Жазушының әдеби қызметіне баға берілді.

Кілтті сөздер: отызыншы жылдар, ойлы әңгімелер, көркемдік дәреже, колхоз тақырыбы, кейіпкерлер, совхоз жұмысшылары, колхозшы образдары, психологиялық очерк, психологиялық құбылыстар, психотрагедиялық құбылыстар.

М.Әуезов отызыншы жылдар ішінде де біршама қуатты, ойлы әңгімелер жазды. Олардың тақырыбы да, айтар ойы да, көркемдік дәрежесі де әр алуан болатын.

Оның отызыншы жылдар ішіндегі шығармалары негізінен колхоз тақырыбына арналғанын атап айту ләзім. Айталық, «Қасеннің құбылыстары» деген әңгімесінен басқасының бәрі («Білекке білек», «Іздер», «Шатқалаң», «Құм мен Асқар», «Бүркітші»), ауыл, колхоз тақырыбын қаузады, кейіпкерлері де солар. «Білекке-білектен» колхоздың озаттары апалы-сіңлілі Мақпал мен Айша, комсомол Жақып, орыс қызы Избашка Настя, «Іздердегі» колхоз бастығы Құлжатай мен малшы Несіпбай, «Шатқалаңдағы» Самат, Айша, Қасен, Дәметкен, «Құм мен Асқардағы» совхоз жұмысшылары Райхан, Есім, Иса, Болат, «Бүркітшідегі» колхоз аңшысы Бекбол — сондай бейнелер. Колхоздың ұйтқы, тірегі, жаңа өмірдің белсенді құрылысшылары ретінде суреттейді. Әр түрлі күйзеліс, қиыншылықтарға ұшыраған колхоздың шаруашылығын нығайту үшін ерлік еңбек істейтін, колхоз өміріне қастандық жасаушы қас дұшпандармен алысып-күресетін, саналы, ақылды, парасатты колхозшы образдары...

Осындай колхозшылар мен ауыл адамдарының әр түрлі, әр қилы бейнесін сомдауда сол жылдарда, әсіресе Б.Майлин, Ғ.Мүсіреповтер ерекше көзге түсті. Олардың да шығармаларында есте қалар талай-талай қызық образдар бар. Әсіресе Б.Майлиннің сол кезең шындығын шынайы суреттеген «Бекбергелдің мектебі», «Күлтай болыс», «Айранбай», «Күлпаш», «Даудың басы — Дайрабайдың көк сиыры», «Сексен сом», т.б. әңгімелері шебер де, шымыр жазылған. Өмірлік фактіні көркем тілмен бейнелеудің озық үлгісі. Ғ.Мүсіреповтің «Талпақ танау», «Қос шалқар», «Шұғыла», т.б. әңгімелері де — осы кезеңнің жемісі. Мұндағы желі өз тұстастары Б.Майлин, Ж.Аймауытов шығармалармен барынша үндесе алады. Ал, М.Әуезов сомдаған бейнелер өзінше өрнектеліп, басқа бояуымен, сирек суретімен, көркем кестеленуімен бөлек күйде көрініп отырды.

«Білекке білек» шығармасында колхоз адамдарының (Мақпал, Айша, Несібелді, Қожық) бір мақсаттағы тілек бірлігін, ауыз бірлігін еңбекте шындалған саналылық деп түсіндіреді. Мысалы, Избашка Настяның әңгімесін олардың ықылас қоя тыңдауын жазушы былай түйеді: «Барлық қалыптарында осындай бір саңлауға сусағандық бар, соған анталап бас қоюға әрдайым әзір сияқты. Тындырған еңбектерінен туған сана сияқты... Әр колхозда жүріп, бастары ойда жоқтан бүгін ғана қосылып отырса да бұлар іштей «білекке білек, тілекке тілек қосқандар» [1].

«Білекке білектен» осылайша жаңа кезең бейнесі бейбіт күнде, бейбіт күйде көрінген болса, «Шатқалаң», «Іздер», «Бүркітші», «Құм мен Асқар» әңгімелерінде керісінше, достың кім, дұшпанның кім екенін таңбалай көрсету арқылы күрес үстінде беріледі. Мысалы, «Шатқалаңда» ферма бастығы

жас жігіт Самат, ферма күзетшісі Қасен, Шәлтік шал, колхозшы әйелдер Айша, Дәметкендер колхозға қаскүнем жандарды әшкерелеуге білек сыбана кіріскені суреттеледі.

«Құм мен Асқарда» Жексенбайдың күні, тоқалы болған Райханның, жалшысы Есімнің кәмпеске кезінде құлдықтан босанып, жаңа құрылған қой шаруашылығына малшы болып, сол ауылды өркендету үшін тер төге еңбек еткенін баяндайды. Шаруашылық малына қастандық жасап, жүйрік Ақбесті айғырды ұрлаған Жексен, Асқар, Сәлім іспетті ниеті бұзық адамдарды алмастыру арқылы ұнамды кейіпкердің ой-санасын шындай түскені анықталады.

«Іздер» әңгімесінде колхоз бастығы Құлжатай мен колхозшы Несіпбай өздерінің саналы биігіне ескіліктен тез арылу арқылы жеткені көрсетіледі. Аталған туындылардағы елеулі жаңалық, шығармалардың бәрінде дерлік кейіпкерлер тартысы, характер қақтығысы бар, образдың ішкі ой-арпалысы көрініп отырады. Былайша айтқанда, бұның бәрі де адамның жан дүниесіндегі бұлқыныспен жарылыс нышандары. Сол арқылы жазушы өз шығармасын әсерлі, әдемі етіп түзеді, сол арқылы психотрагедиялық деңгейге көтереді.

Суреткердің колхоз, совхоз өмірі тақырыбына жазған осындай прозалық шығармалары оның өмірлік, шығармашылық жаңа бетбұрысының айғағы ғана емес, жаңаша ізденістерінің де көрінісі бола алады. Сосын да оның отызыншы жылдардағы әңгіме-хикаяттары өз уақытына сәйкес жаңа мазмұн, жаңа сипат, жаңа түр табу мақсатындағы ізденістері ретінде қарастырылуы керек.

Әрине, жазушы бұл кезеңде тақырып қуалап, заман шындығын көрсетем дей отырып, өз әңгімелерінде шарттылыққа, қайталаушылыққа бармай қалған жоқ. Оны осы күні көңіл сүзгісінен өткізе отырып, дөп басып айтуға да болады. Алайда Әуезов-суреткер ондай кемшіліктерді көбіне байқатпай жіберуге тырысады, көркемдікпен көмкереді. Білдірмеуге тырысады.

Осы туралы айта келіп, ұлт әдебиетінің білгірі, әдебиетші-ғалым М.Қаратаев былай деп жазған еді: «...бұрын өмірде де, әдебиет тәжірибесінде де болып көрмеген тың тақырыпты көтеріп, социалистік құрылысқа жұмылған совет адамдарының тың қасиет-сипаттарын тауып көрсетуге талаптанудың өзі елеулі жаңалықты қадам еді. Ал, бірақ идеялық және творчестволық тың принциптерді игеру тәжірибесінің қиындығы болмай қойған жоқ. Бұл, әрине, бүкіл қазақ әдебиетіне ортақ қиындық еді. Сол қиындықтың салдарынан кейбір әңгіме, пьесаларының көркемдік құны бәсеңдеп, тіпті сәтсіздікке де ұшыраған кездері де болды. Басқа жазушылар сықылды, ол кездегі М.Әуезовтің де кемшілігі мен сәтсіздіктерінің басты себебі — еліміздегі ұлы социалистік өзгерістерге байланысты адам санасындағы күрделі де нәзік рухани құбылыстардың диалектикасын жете зерттеп, жақсы біліп алмай тұрып, оны үстірт, жеңіл-желпі ұғындыру болатын» [2].

Қалай дегенде де отызыншы жылдардағы Әуезов-жазушы әңгімелері өзіндік бетімен, стилімен ерекшелене алады. Оған мысал — «Бүркітші» әңгімесі. Осында колхоз аңшысы Бекбол, жас аңшы Жәнібек, конезавод жылқышысы Оспанқұл әрқайсысы өз орнында отанның бақ-дәулеті үшін күресіп, Сәтбек деген екіжүзді адамның қылмысын ашуда ерлік, сақтық, қырағылық көрсеткені айтылады. Мұнда қызық құрылған оқиға желісі, құнарлы да тартымды шыққан Бекбол аңшының образы, оның байсалдылығы, тапқырлығы шығарманың құнын көтеріп тұр. Жазушы Бекбол арқылы жалпы ұлтқа тән аңшылық кәсіпті жеріне жеткізе суреттеуге тырысады. Мұндағы Бекбол — көргені мол, аңшылықтың қыр-сырын жете меңгерген аңшы.

«Қасеннің құбылыстары» әңгімесінің тақырыбы да, стилі де айрықша. Бұл әңгіме алдымен психологиялық очерк делініп жарыққа шықса да, көркемдік қуаты жөнінен әңгіме дәрежесіне көтеріле алған. Мұнда ұлтшылдық жайы сөз болған. Бас кейіпкер Қасен — қазақтың бай ұлтшылдарының бірі. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдары ол сауатты болған соң, жауапты қызметтерде болып, кейін шаруашылық жұмысқа төмендетіледі. Сөйтіп, күйзеліске түседі. «Іш қазандай қайнайды, күресерге дәрмен жоқ» дегендей, топтасқан күрестен үміті үзіліп, енді барлық ашу-ызасын ішіне жинайды. Қақпанға түскен қасқырдай өзімен-өзі қиналып, аһ ұрады. Қасеннің осы күйзелісті күйін суреткер асқан шеберлікпен, үйлесімді суреттейді. Қоғам өзгерісі мен кейіпкер күйзелісін қоса алып суреттеп, осы арқылы психотрагизмді анық алдыңызға тартады. Әсіресе осы шығармадағы күйеуімен бірге азғындап, адамгершіліктен айрылған Жәмиланың бейнесі аса дәлдікпен, кісі жиіркенетіндей күйде кестеленген. Қоғамның бағытын ұқпау, өскен халықты көре алмау, жаңалық атаулыны жек көру, қолынан келгенше басқаға у зәрін шашып бағу — бұлардың іс-әрекетінің бар болмысы осы.

Шығармада Қасен, Жәмилалар жеке жүрген жоқ, олар жалғыз емес. Олардың Амантай, Қасымхан сықылды сайдың тасындай серіктері де бар. Қасен солармен бірігіп, совхоздың жылқысын ұрлап сойып, артынан сазайын тартады. Қоғамға қарсы қастандық пейілін тыймаған дұшпанның қолынан келгені осы-ақ. Жазушы енді оған қарсы сол Қасеннің өз інісі Сәлімнің бейнесін сомдаған.

Көзі ашық жас азамат Сәлім ағасының түзеліп жөнге түсуі үшін күш салып, ықпал жасап көреді, бірақ Қасен қасарысқан күйінде қалып, олардың арасы біржола ажырайды. Мұндай әдіс — әке мен баланың, аға мен інінің екі түрлі идеологияны қолдап, бір-біріне жау болып кетуі әдебиетте бұрын да бар дәстүр. Осы дәстүрді М.Әуезов дұрыс қолданып, әңгіменің психотрагедиялық қақтығысына тереңдете түскені өз ретінде әдемі-ақ шыққан. Кейіпкерінің ішкі дүниесіне үңіліп, жан дүниесіндегі бұлқынысты дөп баса, психологиялық, психотрагедиялық құбылыстарды шынайы көрсетуі әңгімеге ерекше көркемдік қуат беріп тұрғаны рас.

Психотрагизм элементтері мұнда табиғат суреттері арқылы да зор қызмет атқарып тұр. Айталық, Алматы тұсындағы Алатаудың құбылмалы көріністері Қасеннің көңіл-күйінің құбылыстарымен ұштастырылып отырады да, адам мен таудың егіз қатар бейнесі түзіледі. Соңғы көрінісінде Алатау Қасен тобын жеңіп, айбарлана, қораздана қарап тұр. Міне, бұл шендестіру әдісі. Осы шендестіру астарында психотрагизм тығылып тұр.

«Қасеннің құбылыстарында» бір жарқ етіп көрінген сол қасиет кейін «Абай жолы» романында Әуезов талантының елеулі де зор сипатына айналғаны шындық. Тіпті осы қайырымдар кейінірек «Өскен өркенде» де қылаң береді.

Табиғатты тірілтіп, оған жан беріп, оның сан алуан көрініс, құбылыстарынан ашық бояулы символдық және аллегориялық бейнелер мен жанды суреттер жасау шеберлігі жас Мұхтардың отызыншы жылдардағы әңгімелерінде анық бой көрсетіп отырды.

Осы ретте айта кетер бір жайт, М.Әуезов отызыншы жылдардағы қазақтың қиын халін, ауылдың ауыр өмірін өз әңгімелеріне өзек ете отырып, жаңа заманды бірегей жырлады, оны аспанға көтере мақтады десек, біз біржақты кеткен боламыз. Қаламгер өз әңгімелеріндегі ауыл өмірі мен ондағы аңғал адамдар арқылы сол кездің солақай саясатын да сынап-мінеді. Асыра сілтеумен ағат әрекеттерге жеңіл юмор арқылы өз қарсылығын сездірді. Суреткер шығармаларын талдау үстінде біз әркез осы жағына да баса назар аударып отырғанымыз ләзім.

Сөйтіп, қаламгердің қаламынан туған отызыншы жылдардағы әңгімелері, тұтас алғанда, өзінің көркем құндылығымен қатар, үлкен жазушының алдағы кең полотнолы прозасына із салған, жол ашқан дүниелері болды.

М.Әуезов жиырмамыншы жылдардың аяғы мен отызыншы жылдар ішінде қыруар очерк, әңгіме, пьесалар жазды, тамаша аудармалар жасады. Әдебиет тарихын зерттеп, әдеби сынға белсене араласты. Сөйтіп, өзінің теориялық білімін үздіксіз өсіріп отырған үлкен талант иесі енді жаңа бір соқпаққа түсіп еді. Ол — Абай тақырыбы болатын. Әрине, М.Әуезовке өзі жас кезінен өлеңдерін жаттап өскен ақын Абай өмірі айрықша тебіренерлік көкейтесті тақырыбына айналуы заңды да еді.

Қорыта айтқанда, М.Әуезовтің жиырмамыншы-отызыншы жылдардағы әңгіме-хикаяттарының көркемдік әлемі туралы сөз қозғағанда оның ең бір елеулі қыры — психотрагизм элементтерін, яғни кісінің ішкі ой-арпалысын, жан күйзелісін, сезімдердің аласапыран арпалыс күресін, молынан пайдаланғанын атап айту шарт.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар. — 1-т. — Алматы: Ғылым, 1979.
- 2 Қаратаев М. Эпостан эпопеяға. — Алматы: Ғылым, 1969.

Ж.Алмашулы

О творчестве М.Ауезова тридцатых годов XX века

В статье рассматриваются очерки и рассказы М.Ауезова о политике коллективизации, индустриализации в тридцатых годах прошлого века. Дается оценка литературной деятельности писателя.

Zh.Almashuly

Works M.Auezov thirties

The article devotes verses and talks of M.Auezov about collection, industrilisation for thirty years of send century. The mark for literature function of writer have been given.

Л.Р.Золотарева

*Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова***Взаимодействие изобразительного искусства и литературы**

В статье рассмотрены литература и живопись как виды искусства: разграничение двух видов искусств; соотношение слова и изображения в истории художественной культуры; условия взаимосвязи изобразительного искусства и литературы, признаки их сближения.

Ключевые слова: культурная функция, курс истории искусств, художественная картина мира, мировоззрение эпохи, концепция человека, философско-эстетическая мысль, художественная теория, доминантный вид искусства, модель синтеза искусств; художественный универсализм творческой личности.

Философы подчеркивают, что наиболее полно искусство осуществляется «именно в своей культурной функции». Культурная функция курса истории искусств как предмета синкретического воздействия имеет свою специфику: оставляя область пластических искусств доминирующей, он может представлять художественно-культурный процесс всеохватно и целостно — как «художественную картину мира».

Исходя из теоретических выводов исследователей мы попытались вывести образ «художественной картины мира» применительно к изучению курса «История искусств», включив в него следующие характеристики: *мировоззрение эпохи; концепция человека; философско-эстетическая мысль и художественная теория; взаимосвязь и синтез искусств в развитии видов, доминантный вид искусства; стиль как идеальная модель синтеза искусств; художественный универсализм творческой личности.*

Жазушы М.Әбдіхалықовтың шығармасында В.И.Лениннің, Я.М.Свердловтың талай қабылдауында болған үлкен қоғамдық қайраткер Ә.Жанкелдин өмірінің бір үзігі — оның азамат соғысының ауыр күндерінде атқарған аса маңызды бір қызметі бейнеленген. Қызыл Армияның бір бөлігінің Ақтөбе маңында атаман Дутовтың қарақшыларымен қатал, қатты шайқастар жүргізіп жатқан кезі... Күш-қуаты сарқылуға айналған халық жасағына В.И.Лениннің арнайы тапсыруымен Ә.Жанкелдин бастаған құрамында әр түрлі ұлттық өкілдері бар шағын топ қару-жарақ алып, көмекке аттанады. Бірақ төте жол жаулардың қолында. Сондықтан интернационалдық отряд Маңғыстау-Шалқар сапарын таңдауға мәжбүр болған. Бұл — шілденің ми қайнатқан ыстығында екі мың шақырымға жуық сусыз шөл даламен жол жүру деген сөз. Оның үстіне көлік мәселесін ретке келтіру де қыруар қызмет.

Ә.Жанкелдин басқарған жауынгерлер табиғи қиындықтарды және оңды-солды жол тосқан қаскөйлердің қарсылықтарын жеңе отырып, жарты мыңнан астам түйеге артқан соғыс құралдарын тиісті жерге аман-есен жеткізеді. Сөйтіп, тапсырма толық орындалады.

Шығармада осы тарихи жорықтың шындығы тым тәуір сипатталған. Әсіресе Ә.Жанкелдин тұлғасын жасауда автор біраз табысқа жеткен деп білеміз. Ол кемел ақыл-ойдың иесі ретінде көрінеді. Жолдастарына деген қамқорлығы, сабырлы да байыпты мінез-құлқы жан сүйсінерліктей. Қызмет бабын пайдаланып дауыс көтеру, қалайда бұйыра сөйлеу оның табиғатына жат. Сапарға шықпас бұрын Шалқарға дейінгі жолдың аса ауыр екенін ескерте келіп, ол жауынгерлерге былай дейді:

– Менімше, кейін қайтамын дегендер революциялық міндетінен қашқан болып есептелмейді. Өйткені Россия ішінде де күресер жау көп. Өз күшін есептемей, пайдасыз босқа өлген дұрыс емес. Ол міндетті революционерше түсіну болып есептелмейді, албырттық тіпті ақмақтық есебінде қаралады. Өйткені құлатылған күллі Ресей империясын социалистік ел етіп шығару үшін әлі көп күш керек. Бұл жолда талай шайқас бар. Бұл күресте әрбір солдат қымбат. Владимир Ильич маған осылай тапсырды. Осы келтірілген үзіндіден барлық күш-жігерін көпшіліктің мүддесіне арнаған саналы азаматтың сүйкімді тұлғасын елестеткендейміз.

Повесте интернационалдық отрядтың ұзыннан-ұзақ шөл даланы көктей өткен ерлік сапары бірсыдырғы тартымды сипатталғанын айта отырып, Әліби бейнесін одан да гөрі кемелдендіре түсетіндей мүмкіндіктердің толық пайдаланылмағанын ескертуіміз керек. Мәселен, Ә.Жанкелдин Манғыстау-Шалқар жорығына дейін Еуропа, Азия, Африканың талай жерін, талай елін аралаған, жастығына қарамастан жақсы-жаманды көп көрген, сезінген-түйгені мол кісі болатын. Егер автор оның аталмыш тапсырманы орындау үстінде әр түрлі жағдайға байланысты туған ассоциация ретінде басынан өткен немесе куәлік еткен жайттардың бір-екеуін лирикалық шегініс арқылы есіне түсіре кеткенде, кітаптың сюжеті шираңқырап, кейіпкердің шоқтығы биіктеңкірейтін еді.

«Сең бұзылғанда», «Дегелең соғысы» тартымды жазылған. Тек алдыңғысының композициясында кемшілік бар сияқты. Оқиғаларды қатарластырып беру ниетімен автор сюжет желісін орынды-орынсыз бөлшектеп алғанға ұқсайды.

Жоғарыда аталған «Сұңқар да жерді мекендейді», «Таң жұлдызы», «Өшпес жұлдыздар жарығы», «Соңғы ерлікте» Орта Азия, Жетісу еңбекшілерінің жаңа қоғам үшін ішкі, сыртқы контрреволюциялық күштермен жүргізген жанқиярлық күресі баяндалады. Шығармалар авторының кейбіреуі (Ж.Арыстанов, К.Әміров) сол кездің бірқатар оқиғаларына тікелей қатысқан немесе анық білетін кісілер.

Жұртшылыққа мәлім, бұл аудандарда Октябрь революциясының жеңісін қорғап қалу оңайға түскен жоқ. Түркістан республикасы көп уақыт жаулардың қоршауында қалды. Еліміздің орталық аймақтарынан қашқан әр қилы жат элементтер республика жағдайын одан әрі қиындата түсті. Теріс ойлы кейбіреулер жауапты қызметтерге орналасып алып, бүлдірушілік әрекеттер жүргізеді. Соғыс комиссары авантюрист К.Осиповтың эсерлердің қолдауымен жасаған бүлігі көптеген адамдардың өмірін жойып, көптеген материалдық игілікті қиратты. Оның үстіне «Англия миссиясы» деп аталатын шпиондық топ пен итаршы Әнуар пашаның ылаңы бұғып жүрген бұзақылардың талайын желіктіріп, жұрттың мазасын кетірді.

Түркістан территориясының тұрғындары мүлде дерлік сауатсыз, ұлттық құрамы жағынан әркелкі болатын. Патша заманында бір-бірімен барымталасып келген халықтардың ара қатынасын аз ғана күннің ішінде ретке келтіру мүмкін емес-тін. Оның үстіне Т.Жанзақов, Е.Прасолов тәрізді қаскөйлер жүрген жерлерінде 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың мән-жәйін әдейі теріс насихаттап, орыстар мен қазақтардың өзара түсінісуіне, қатар қоныстанып тең достық жағдайда тіршілік етулеріне кедергі келтіруге тырысқан. Бұл атырапта жаулардың тез арада ауыздықталмауына екінші бір басты себеп — Ташкенттен басқа қалаларда жұмысшылардың сан жағынан тым аздығы еді.

Алайда күнделікті өмір шындығы, күнделікті жағдай көпшілік халықты бірте-бірте сергітіп, қас пен досты қапысыз танитындай дәрежеге көтере берді. Қиын да қатерлі кезең жаңа дәуірдің жаңа сипатты қайраткерлерін шындап тәрбиеледі. Д.Фурманов өзінің «Бүліншілік» атты кітабында анархистердің бас көтеруінің мән-жайын баяндаумен бірге, Жетісу өлкесінің сол тұстағы тұрмыс-тіршілігін, халықтар арасындағы шиеленісті жөндеу мақсатында қандай шаралар жүргізгенін кеңінен толғаған. Ал Ж.Арыстанов пен Қ.Әміровтың әлгінде аталған шығармаларында сол шындық ахуал қосымша материалдармен толықтырыла түскен.

Айта кету керек, «Сұңқар да жерді мекендейдіні» оқып отырып, кей тұста Д.Фурмановтың кітабынан белгілі оқиғаларға, таныс тағдырларға ұшырасып қалатынымыз бар. Бұған себеп — жанр ұқсастығы, кейбір объектінің ортақтығы. Әйтпесе оның екеуі де өз алдына дербес дүниелер. Д.Фурманов, негізінен, Алматының өзінде болған оқиғаларды суреттесе, Ж.Арыстанов сонымен бірге ауыл өміріне көптеген бет арнаған. И.Андреев, Асан, Әбен, Бартеке, Нұрила тәрізді адамдардың бейнесін жасай отырып, ауылдағы күнделікті өзгеріс-жаңалықтарды елестеткен.

Ж.Арыстанов шығармалары қамту шеңберінің молдығымен, тілінің тартымдылығымен оқшауланады. Автор кейіпкерлердің табиғи ерекшелігін де сақтай білген. Бұл ретте көзге алдымен түсетін: М.В.Фрунзе, В.В.Куйбышев, Д.А.Фурманов, Т.Рысқұлов, Т.Бокингерден тәлім-тәрбие алған Ғ.Мұратбаев, О.Жандосов сынды жалынды жастар. Олар — үлгілі іс-әрекеттерімен, сүйкімді мінез-

құлқымен жұртшылықтың назарына ерте іліккен белгілі қоғамдық қайраткерлер, аз ғана өмір сүргеніне карамастан, көп жұмыс тындырып үлгерген ардақты азаматтар. Ел мұңына ерте үн қосқан сайын қырандар 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы кезінде халқымен бірге болады. Ал революциялар мен азамат соғысы күндерінде әр түрлі жаулар мен алдыңғы шепте жүріп айқасады. Ғ.Мұратбаев авантюрист Осиповтың бүлігін талқандауға, Әнуар пашаның бандыларын жою операцияларына тікелей қатынасса, О.Жандосов екінші бір қаскей топпен — Дутов, Анненков бастаған контрреволюцияшыл күштермен — талай рет бетпе-бет шайқасқан жауынгерлердің бірі. Сондай-ақ 1916 жылы Қытайға қоныс аударуға мәжбүр болған сан мыңдаған қазақ еңбекшілерінің туған жерге оралып, бұрынғы мекеніне орналасуына Ораз басқарған Жетісу облыстық ұлт істері жөніндегі бөлімнің сіңірген еңбегі айта қаларлықтай. 1920 жылы маусым айында жау элементтердің үгітіне еріп бас көтерген бүлікшілерді тез арада қарусыздандыруда Д.Фурмановқа көп көмек көрсеткен адамдардың бірі — осы О.Жандосов. Ал Ғ.Мұратбаевтың Түркістан комсомол ұйымын құрып және оны бірнеше жыл басқарған тұста жүргізген жұмыстары өз алдына арнайы әңгімелеуге тұрарлық.

Олар жас жеткіншектердің оқып білім алуына да ерекше назар аударған. Айталық, Ғ.Мұратбаев неше түрлі аласапыран, соғыстың салдарынан қорғансыз жетім қалған көптеген балаларды интернатқа орналастырады. Ғанидың көмегімен оқып тәрбие алған жастардың ішінен талай ақын-жазушы, ғылым, өнер, қоғамдық қайраткерлер шықты.

«Дала үстіндегі шұғыла» да («Заря над степью») азамат соғысының сан қилы оқиғаларынан бірсыпыра тың мәліметтер беретін елеулі шығарма. Мұнда басым көпшілігі қазақ еңбекшілерінен жасақталған партизан отрядының ақтармен жүргізген ерлік күрестері баяндалады.

Автор повесте әуелі азамат соғысы қызу жүріп жатқан кездің — контрреволюцияның күш-қуаты сарқыла қоймаған қысыл-таяң ауыр шақтың сұсты келбетін сипаттайды да, Дала өлкесінің төтенше комиссары Ә.Жанкелдиннің Сәке есімді жас жігітке Қостанай уезіне барып, атаман Дутовтың тылында партизан отрядың ұйымдастыруды тапсырғанын, осыншама қиын да күрделі міндетті оның абыроймен орындап шыққанын әңгімелейді. Сөйтіп алғаш алты адамнан құрылған кішкене топ аз ғана уақыттың ішінде өсіп, нығайып айбарлы күшке айналады, Орал өзенінен Торғай даласына дейінгі, Орскіден Челябинскіге дейінгі кең байтақ аймақты өз бақылауында ұстайды. «Болат отряды» (тап дұшпандарын жаңылыстыру мақсатымен Сәкен-Болат деген лақап есіммен, партизан тобы «Болат отряды» деп аталады) Дутовтың, Колчактың әскерлеріне тұтқиылдан тиісіп, ауыр-ауыр соққылар береді. Қарсыластарының қару-жарақ, азық-түлік керуендерін жиі-жиі олжалап, оларды үнемі әлсіретумен болады. Жау әскерлерінің бір-бірімен байланысын нашарлатып, Қызыл Армияға көп көмек көрсетеді. Сондай-ақ партизандар еңбекшілермен тығыз байланыс ұстап, жаңа дәуір, ұлттар арасындағы қарым-қатынас, күнделікті жағдайлар туралы үгіт-насихат жұмыстарын жүргізеді. Тарих ғылымының докторы, профессор М.Ким «Дала үстіндегі шұғыланың» ағашқы нұсқасы — «Шелекті жігіттеріне» («Джигиты Чилекти») жазған беташарында Сәке (Сәке — Жантуаров Сұлтаннның өзі) бастаған халық жасағының қандай қызмет атқарғанын сипаттайтын Әліби Тоғжанұлы Жанкелдиннің мына сөздерін келтіріпті: «Маған Болат жолдаспен және оның отрядымен 1919 жылдың жазында кездесудің орайы келді. Бұл — Шығыс майданында Фрунзе жолдас басшылық еткен Қызыл Армияның жеңісті жеңіске ұластырған күндері. Қызыл Армия ол тұста Уралды ақгвардияшылдардан тазартып, жедел қарқынмен ілгерілеп бара жатты.

Алтыншы армияның 35-ші дивизиясындағы бөлімшелермен бірге Торғай облысын бетке алып мен де келе жаттым.

Челябинскіге тақау Еманжел станциясында қазақтың партизандар отрядымен кездестік. Олар біздің алдымызда ғана станцияны өз қолдарына қаратқан екен. Отряд жауынгерлері Қызыл Армия командованиясінің тапсырмасын орындау барысында жау тылына дүркін-дүркін шабуылдар жасап, ақ қазақтар мен колчакшылар гарнизонын жойып отырғанын, сөйтіп, бүкіл Оңтүстік Уралдың территориясын түгел дерлік дұшпаннан тазартып, Троицк-Полетаево темір жолын бөліп тастағанын бізге отряд командирі баяндап берді.

Мен Еманжелде большевик-қазақтардың партизан отрядынан есейген жауынгерлерді, тәжірибелі командирді көрдім. Сол бір жылдары Болат осындай еді».

Одан әрмен повесте азамат соғысы аяқталғаннан кейін партизандардың өздерінің туған жерлеріне (Орынбор облысының Адамов ауданы) оралып, бейбіт еңбекке кіріскені, Ы.Ғаниев, П.Аркуша, Б.Сатыбалдин, К.Жиенбаев сияқты халық жасағы жауынгерлерінің әр түрлі қызметке араласып, еңбекшілердің жаңа тұрмыс құруына басшылық еткені айтылады. Олар көпшілікті Қалмағанбет, Жақан, Байкүшік сынды бай-молдаларға қарсы күреске бастайды. Кез бояушылықпен

жауапты қызметтерге орналасып алып, қалайда жаңа заманның беделін түсіруге тырысқан Птицын, Жүзікбаев сияқты жасырын жаулардың әшкереленіп, Охранюк, Амантай бандыларының тез арада талқандалуына көп күш-жігер жұмсайды.

Қысқасы, С.Жантуаровтың бұл кітабы азамат соғысының көпшілік оқырмандарға бұрын мәлімсіздеу боп келген елеулі бір оқиғаларын алғаш таныстыруымен бағалы.

С.Жантуаровтың повесінде қазіргі Орынбор және Қостанай облыстарының кейбір ауданында болған күрес қамтылса, Р.Малабаев пен Ғ.Зариповтың очерктерінде азамат соғысы кезіндегі Бөкей Ордасының жай-күйі сипатталған.

1917 жылғы 15 желтоқсанда Ордада Кеңес өкіметі орнап, билік еңбекшілердің қолына көшті. Бостандық таңы атты. Орда тұрғындары азамат соғысы күндерінде жаулармен аянбай алысты, жеңіс жалауын қолдан түсірген жоқ. 1918 жылдың жазында Ордада құрылған Қазақтың бірінші үлгілі атты әскер полкы Колчак, Врангель армияларына қарсы шайқастарға қатынасты. Соғыста көрсеткен өрліктері үшін ол 1919 жылдың маусым аяғында РСФСР Орталық Атқару Комитетінің жауынгерлік Қызыл Туымен наградталды [3].

Осы даңқты полктың ақгвардияшыл бандылармен жүргізген күресін баяндайтын бір алуан мақала, естеліктер бар. Бұл жолғы әңгіме Р.Малабаевтың «Атамандар жорығында» (1934) және Ғ.Зариповтың «Совет үкіметі үшін күресте» (1958) атты жеке кітапша боп шыққан очерктері туралы.

Айта кету керек, осыдан біраз бұрын бір аймақты не дәуірді зерттеп жүрген мамандар болмаса, жалпылама жұрт, әсіресе жастар жағы жаңа қоғамның іргетасын қаласқан көрнекті қайраткерлердің кейбіреуін жөнді біле бермейтін. Мысалы, Қазақтың бірінші атты әскер полкін өз қолымен құрысқан, барлық күш-жігерін азаттық ісіне бағыштаған Бисен Жәнекешевтің есімі Республикамыздың батыс облыстарынан өзге жерлерге онша таныс емес-ті. Соңғы жылдары бұл тәрізді аяулы ерлердің өмір өрнегі түбегейлі зерттелуде. Ірілі-ұсақты деректі, көркем дүниелер сол игілікті істің дәстүрге айналып келе жатқанына дәлел. Жоғарыда аталған очерктерді осы саладағы алғашқы талпыныстың бірі дер едік.

Жаңа дәуірдің гуманистік идеяларын көпшілік арасына тереңірек тарату жолында жүргізіліп жатқан жұмыстар, қалайда оны жүзеге асыртпауға тырысқан жаулардың сан қилы қарсылығы айтылады оларда. Өзара табысып, қас-көйлікті қабындатумен айналысқан әртекті бұзақылардың ылаңы барған сайын өрістеп, жаңғырығы кешікпей орталықтан шеткерілеу орналасқан Бөкей Ордасына да біліне бастаған. Жер-көкті сапырған нөсерлі дауылдың осындай қарбалас күндерінде өзінің патриоттық өлең-жырларымен, ұйымдастырушылық қабілетімен көбірек көзге түскен көрнекті қайраткерлердің бірі Бисен Жанекешев еді.

Ғ.Зариповтың кітабында оның кескін-келбеті мынандай жолдармен берілген: «Кілемнің төр жағын ала отырған дембелше бойлы, кең иықты, дөңгелек жүзді, аққұба өңді, өткір көзді, қыр мұрынды көркемше жігіт Жәнекешев Бисен болатын. Ол басына қызыл мақпал төбелі, дөңгелек қаракөл бөрік, үстіне күрең шұғадан тігілген френч, аяғына өкшесінде сылдырмағы бар жылтырауық етік киіпті. Сол жақ омырауына шебер зергердің қолынан құйылған бағдарлы күміс «ай-жұлдыз» тағыпты. Оған жалғас тағылған шынжырлы сағат бауға кішкене ғана құбылалық іліпті. Екі иықтан кезектестіре ілінген тапанша мен қылыштың, дүрбі мен планшеттің былғары баулары әсем киінген келбетті жас жігіттің кең кеудесіне ерекше сән беріп тұрғандай». Бұл автордың қиялынан туған жай жоба-кескіндеме емес, ақынмен бір ауылда бірге өскен ағайындас әрі онымен жас жағынан тетелес адамның тікелей сезініп-түйгені, жанды сурет.

Жақсылықпен, жайдарлылықпен маңайына кеңінен танылған Бисеннің ішкі-сыртқы жағдайлар, күнделікті өмір талабы туралы айтқан әңгіме-кеңестерінен кейін кедейлер біртіндеп халық жасағы қатарына жазыла бастайды. Есекей есімді кемтар шал жалғыз ұлын Қызыл Армияның сапына аттандырып жатып, қоштасарда оған былай дейді: «...көз көрмегенмен бәрін де естіп, көңіл шіркін сезіп жатыр... Үрім-бұтағымызбен жалшылықта шіруді құдай маңдайымызға жазып қойып па! Осы өкімет кедейдікі екені рас болса, бізді аштан өлтірмес. Ендеше сен байдың отарында жүргенше, ана құрбыларыңның қатарында бол. Жалғыз жүріп жөн тапқанша, көппен жүріп адас. Бізге бола алған бағытыңнан қайтпа, балам... ел басына қиыншылық күн туғанда ер жігіт оны қорғауға аттанар болар...». Соғыстың аты соғыс. Майданның тауқыметтері өз алдына, жаралану, өлім-жітім де аяқ астынан. Өмірден көрген, түйгені мол кәрі атаның бұл жайдан хабары болса керек. Бірақ ел мүддесінен қасиетті не бар? Оның жолында не қымбаттың бәрін қиюға болады. Күш-қуаты сарқылған қадірменді қарт ендігі үмітін Сағиттай жеткіншектеріне жүктеп, ақ тілеумен қала берген.

Еңбекшілердің бостандықта, еркіндікке ұмтылысы, жаңа заманға деген ыстық ықыласы очерктерде, көбіне сол Сағит сияқты жігіттерден құрылған халық жасағының жаулармен жүргізген

ерлік күрестері арқылы бейнеленген. Б.Жәнекешев бастаған үлгілі атты әскер полкының азамат соғысының қызу күндерінде ел мүддесін қалай қорғағаны туралы аға буын өкілі Хамид Чурин былай деп жазады: «Кілен қазақ жастарынан құрылған бұл бөлімшелер акгвардияшы генералдар Деникин мен Толстов әскерлерінің шабуылдарын сан рет тойтарып, адмирал Колчак пен генерал Толстовтың генерал Деникинмен қосылып кетуіне бөгет жасады. Қазақтың атты әскер полкы бір шеті Орал өзенінен Астрахань-Саратов темір жолына дейін, екінші шеті Каспий теңізі жағасынан Саратов және Самар губерниясының шекараларына дейінгі Бөкей облысының кең аймағын қорғады» («Лениншіл жас», 1957, № 109).

Қазақтың үлгілі атты әскер полкы мен оны ұйымдастырушылардың бірі Бисен Жәнекешевтің өмір жолын баяндайтын очерктер жөнінде бұл жолғы айтарымыз қысқаша осы. Рас, жоғарыда аталған жасақтың қалай құрылғаны, қандай шайқастарға қатынасканы туралы және есімі сол полкпен тікелей байланысты Бисен туралы әр кезде жарық көрген естеліктер, мақалалар баршылық. Бірақ оларда көбіне әңгіме полк не Б.Жәнекешев хақында жеке-жеке айтылатын. Ал сөз болып отырған туындыларда, әсіресе Ғ.Зариповтың кітабында Қызыл комиссардың жауынгерлік тұлғасы, негізінен, оның өзі үздіксіз сапында болған атты әскер полкімен тығыз бірлікте берілген. Бұл, сөз жоқ, шығарманың ең бір көзге түсер ұтымды жағы.

Сөзіміздің соңында қарастырылып өткен повестердің оқиғасы қою, тілі біршама тартымды екенін қайталап айтпақпыз. Негізгі кейіпкердің қайсысы да бірі-бірінен тарихи шындыққа сәйкес атқарған қызметімен, кескін-келбет, сезім-дүниесімен дараланған. Бұл ретте, әсіресе Р.Токтаров пен А.Жұмаділдиннің елеулі еңбек еткені байқалады. Ж.Арыстанов шығармаларында оқиға тым көп. Талай образдың күйініш-сүйініші, жүрек тебіренісі сараңдау сипатталған. Осындай олқылық Қ.Исабаевтың «Соңғы ерлік» (1971) повесінде де бар. Мұнда да азамат соғысының қилы-қилы оқиғасы, жаңа қоғам жолында түн қатып жүрген бір топ адамның қапылыста контрреволюцияның тырнағына ілінуі, басты кейіпкер Серікқали Жақыповтың айдалып бара жатқан бетінде жауларды айланып асырып жер соқтырып кетуі бірсыдырғы тартымды баяндалған. С.Жақыпов бастаған жігіттердің Орда қаласында төңкерісшіл жастар ұйымын құруы, бандылармен күресте көрсеткен ерлігі, тапқырлығы, халық ағарту ісіне қосқан қомақты үлесі, әр түрлі жағдайларға байланысты аяғын шалыс басып, көпшіліктен оқшауланып жүрген кейбіреулерді қатарға қосуда жұмсаған күш-жігері де сәтті суреттелген. Одан әрмен кітапта Серікқалидың Қостанай, Қарақалпақ облыстарының және республикамыздың қауіпсіздендіру комитетінде қызмет атқарған көзінде әр түрлі қылмыскерлермен қалай күрескені, оларды қандай әдістермен қарусыздандырғаны айтылады. С.Жақыпов басқарған чекистермен тау-тасты, сай-саланы кезіп, әрлі-берлі өткен керуендерді, жекелеген жүргіншілерді тонап, жұрттың тынышын кетірген басмашылар арасындағы сан алуан шайқастың бедер, бояуы да әсерлі. Енді бірде Серікқали бастаған чекистер шіркеуді паналап диверсиялық әрекетке дайындалып жүрген жаулар тобын әшкерелейді. Бір сөзбен айтқанда, Серікқали Жақыпов — халық мүддесіне шын берілген ардагер ұл, туған халқының мақтанышы. Соғыс өнерін жетік білетін, жағдайға қарай батыл шешім қабылдайтын тәжірибелі жауынгер.

Детективтік сипаты бар бұл повесть жеңіл оқылады. Ең соңғы детальға дейін оқиғаның қалай өрбіп, немен тынарын аңғару қиын. Демек автор сюжет құруда елеулі табысқа жеткен. Алайда бұл мәселенің бір жағы ғана. Қандай шығарма болмасын оқырманның ең алдымен одан іздейтіні — адам. Ұнамды ма, ұнамсыз ба ол өз алдына, түр-тұлғасымен, мінез-құлқымен, өзіне лайық қимыл-әрекетімен ерекшеленетін толымды «таныс бейтаныс». «Соңғы ерлікте», өкінішке қарай, образ портретін жасауға жөнді көңіл бөлінбеген. Айталық, орталық тұлғаның түр-әлпеті екі-үш жерде «ұзын бойлы, арық, қара» деген үш-төрт сөзбен ғана берілген. Психологиялық портрет мүлде назардан тыс қалған. Көпшілік жағдайда алдымен көзге ілігетін кісінің бет-пішіні емес пе? Біз осы арада әдеби туындыдағы портреттің қандай роль атқаратынын айтып жатпаймыз. Егер «Лениншіл жастағы» (28-қараша, 1967), «Жалындағы» (1971, № 2) фотосуреті болмаса С.Жақыповтың бет-бейнесі әзірге белгісіз боп қала бергендей екен. Мұны қалам ұстағанына біраз уақыт өткен аға буын қаламгерге үйлеспейтін салақтық демекпіз.

Біз бұл жолы назарға көп іліге қоймаған шығармаларға — азамат соғысы дәуірінен елес беретін документтік туындыларға ғана тоқталдық.

Жалпы аталмыш жанр бұл күндері едәуір деңгейге барып қалғаны белгілі. Т.Жангелдиннің, Қ.Қайсеновтың, Б.Момышұлының, Ә.Шәріповтің жазбалары әр түрлі кеңістікте қарастырылып жүрген сыңайлы. Бұған Д.Қонаевтың, М.Мағауиннің, С.Тәнекеевтің, Б.Тілегеновтің, тағы басқалардың еңбектерін қоссақ, тізімнің ұзара түсері сөзсіз. Олардың бітім-болмысы, табиғи ерекшеліктері жөнінде пікір түйю — келешектің міндеті.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Мағауин М., Әшімбаев С., Әбдіков Т. Жүгі ауыр жүрдек керуен // Жұлдыз. — 1976. — № 4.
- 2 Эльяшевич А. О лирический прозе // Октябрь. — 1960. — № 11. — С. 204–210.
- 3 Қазақ ССР тарихы. — 11-т. — Алматы, 1961. — 104-б.

З.Т.Жумағали

Об историко-документальном жанре

В статье рассматривается значение произведений «Брестская крепость» С.Семенова и «Утренняя роса» В.Пескова в советской литературе. Автором поднимается проблема их исторической и художественной реальности выделены и показаны литературные приемы, использованные данными писателями.

Z.T.Zhumagali

Historical-documentary genre

The article devotes problems of historical and artistic reality on the base works likes «Brest hard» of S.Semenov, «Morning vise» of V.Peskov. The author showed its mains in Soviet literature and compaire methods, which yave deen used by writers of postsoviet literature have been Showen.

ӘОЖ 929(574)

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Сәбит Бексейіт — бүгінгі қазақ поэзиясындағы
шоқтығы биік ақындарымыздың бірі****60 жасқа толуына орай**

60 жылдық мерейтойына байланысты қазақстандық ақын, Қазақстан Республикасы жазушылар одағының мүшесі Сәбит Бексейітовтің шығармашылық жолы қорытылды. Талантты ақынның, көсемсөз шеберінің, журналистің сан қырлы әдеби қызметіне баға беріледі.

Кілтті сөздер: жыр топтамалары, әдеби-көркем басылымдар, облыстық баспасөз, ұжымдық жинақтар, жаңашыл ақын, жырлар жинағы, ізденімпаз ақын, таңдамалы туынды, ақындық ізденіс.

Тағдырдың маңдайға жазған жасын жасап, өз хал-қадірінше елі мен ұлты, келер ұрпағы алдындағы парызын кімнің қалай атқарып жатқанына Уақыт дейтін төреші әйтеуір бір бағасын беретіні анық. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінде алпысқа келіп отырған Сәбит Бексейіт жырлары салқын сабыр, салиқалы ой, салауатты өмір тірлік үрдісінен үкілі тұлпардай тап басып танылып жатса, онда оның өлеңдегі өзіне тән мінез-құлықтың, бітім-болмыстың жанжүрек жаратылысының жұлдыздай жарқыраған айқын көрінісі деп қабылдауымыз қажет.

Ақын адамдарды — жалпы табиғат перзентін жан-тәнімен сүйеді, өмірді, сол өмірдің қозғаушы күші — қасиетті рухты қастер тұтады. Ол үнемі өзінің табиғатына тән адамдарға жақсылық жасаушы, жарылқаушы кісіге айналып, содан өз жанына рахат, ләззат жинап, бақыт бағбаншысына айналады. Сол себепті Сәбиттің өлеңдері өміршең, өлмес рухтың күйін шерткен, өршіл, өжет қалпынан әсте бір танған емес. Өйткені оның тұрмыс-болмысынан жаратылған табиғат-тағылымы солай.

Мысалы:

*Ұлылардан үйренгенмін төзімге,
Жеңдірмеймін өзімді әлсіз сезімге.*

*Қиналамын жетпейді-ау деп әйтсе де,
Жақсы сөзім замандасқа кезінде, —*

дейді арқалы ақын Сәбит Бексейіт өзінің бір өлеңінде.

Бүгінгі қазақ поэзиясындағы белсенді, белді, шоқтығы биік ақындарымыздың бірі Сәбит Қыдырбайұлы Бексейіт (Бексейітов) Қарағанды облысының Атасу кентінде (Жаңаарқа ауданының орталығы), қаламгер отбасында 1950 жылы дүниеге келген. Шыққан тегі: Арғын тайпасы Қареке руының Ақбура бұтағынан [1].

Ақын — жоғары білімді филолог. 1972 жылы Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін бітірген. Қазақстан жазушылар одағының және Қазақстан журналистер одағының мүшесі. Қарағанды облыстық және аудандық газеттерінің редакцияларында қызмет атқарды. 1992 жылдан мемлекеттік қызметте. 2006 жылдан бастап Қарағанды облысының әкімі аппаратының бас маманы.

Сәбит — жыр топтамалары XX ғасырдың жетпісінші жылдарынан бері республикалық «Жалын», «Жұлдыз», «Қазақ әдебиеті» сияқты әдеби-көркем басылымдарда, облыстық баспасөзде және ұжымдық жинақтарда жарық көріп келе жатқан дарынды әрі жаңашыл ақын. Астанадан, Алматыдан, Қарағандыдан жарық көрген бірнеше жырлар жинағы арқылы Сәбит Қыдырбайұлы өз оқырманның жүрегіне жол таба білген ақын.

Ақынның «Ғасыркешу» жинағы 2000 жылы өте жылы қабылданса [2], 2001 жылы «Күннің шалкуы» [3] және «Келешек керемет» [4] атты екі кітабы қолымызға тиді. 2003 жылы «Ел үмітін ер ақтар» [5] және «Құт қонған Қарағанды» атты екі кітабы жарық көрді. 2003 жылы шыққан «Назым — Насыр» [6] атты еңбегі — ізденімпаз ақынның таңдамалы туындыларының бірі.

Соңғы жылдары «Ғасырластарым» және «Рамазан мерген және оның әулеті» деген кітаптары жарық көрді. Әсіресе «Ғасырластарым» [7] атты жаңа жыр кітабын ақынның шығармашылық шабытының күрделі жемісі деуге болады. «Өткенге — салауат», «Бүгінге — қанағат» және «Ертеңге — аманат» бөлімдерінен тұратын жинақта бүгінгі күннің өзекті жайлары жырланады. Қаламгер поэзия тілімен XX ғасырдың ауыр өткелінен өтіп, келісті де керім Келешекке бет алып бара жатқан Ел көшін, Жыр көшін бейнелеген.

Жоғарыда көрсетілген әдеби шығармалар Сәбиттің өсу үстінде екенін аңғартады. Аталған кітаптарға енген ақын жырларын шола қарасақ, Сәбит Бексейіттің ақындық ізденістерінің пайдасыз өтпегенін аңғарамыз. Оның болмысы поэзиямен егіз, біртұтас дүние десек, артық болмас. Оған «Киелі ұя» дейтін өлеңіндегі

*Жырұйығым,
Жырстаным — Поэзиям,
Қасиетті мекенім, киелі ұям!
Менің сені қимасым айдан анық,
Кімге қиям мен сені, неге қиям?!
Неге қиям мен сені, кімге қиям,
Санаймысың мені әлде ұл деп ұяң?!
Өзегіңді өйткеніше жұлып бер де, —
Өшкенінше кеудемде*
өлең,
күй,
ән!

.....
*Бетім саған қараған, Поэзия,
Құбыламсың,
Меккемсің — киелі ұя!
Құдіретті сөздерді айтсам «деймін,
Зерделерге нәп-нәзік әуез құя...», —*

деген жолдары дәлел бола алады.

Иә, жаны сезімтал, жастайынан өлеңнің тұнығынан нәр алып, сусындап өскен Сәбит Бексейіт әдебиеттегі өзіндік жолын қалыптастырып, поэзияда ойып орын алып үлгерген талантты ақынның бірі. Ең алдымен ол дәуір талабының ауқымында бола біліп, өзінің ақындық жіті көзімен, жылы сезімімен Отаны, елі, халқы тарихындағы күрделі оқиғаларға өз қатынасын білдіре отырып, өз замандасының сырларын жырлапты. Осындай өмірмен берік байланыс ақын үнін есейтіп, оны заман мен адам жайлы ойларын бар дауыспен айтар белсенді күйге көтеріпті.

Ақынның үш жинағында да бар өлеңдерді салыстырсақ, Сәбиттің өзіне-өзі қойған талабы қатаңданып, биіктеп келеді. Мұның өзіндік топырағы мен өріс жаяр тамырының шындықтан, ақындық табиғаттан туып отырғанына кәміл көз жеткізуге болады.

Мысалы:

*Жанарында сиқыр нұр бар, шуақ бар,
Көңілімді тартпас бұлай жұмақ та.
Ғажап күйге бөленеді жан-жүрек,
Асып-тасып белгісіз бір қуаттан.
Арман болып кетті-ау бәрі ендігі
Жүрегімді жұбатады енді кім?
Жанарында бәрі сиып тұратын,
Қалай ұғам енді әлемнің кеңдігін?!
«Ғасыркешу».*

*Таным — мұхит,
талпынысым — кемемдей,
талғамыммен алдым ба екен шегендей!..
Жүгім ауыр; сенім, күдік — оң, солым,
Кетіп барам шайқалақтап теңелмей.
«Күннің шалқуы».*

*Жырыма қалқа, панам боп,
Жел-құздан дәйім сақтай гөр.
Сөзстан, жебе анам боп,
Ән салсам жақтап қолдай гөр.
«Келешек керемет».*

Осы параллельдерді салыстырып қарасақ, Сәбит келтірілген үзінділерінде әр алуан азаматтық парыздың ішкі реңдік өзгерістерін көбірек байсалды түрде жырлайды.

Лириканы барлық поэзияның өмірі мен жанына теңеп, поэзияның поэзиясына балаған ұлы Белинский: «...Ақын — рухтың қасиетті шөлмегі, жаратылыстың таңдаулы сүйіктісі, табиғат сырын сақтаушы, сезім күйшісі, әлемдік өмірдің алтын домбырасы. Ол сәби шағынан-ақ өзін басқалардан көрі әлеммен туыс, қандас көреді; балауса жігіт шағында-ақ сол әлемнің тілсіз сөздерін, құпия сырларын ұғымды тілге аудара бастайды», — деп тұжырымдаса, өлеңнен өрнек, сөзден сурет салу ауырдың ауыры екені ақиқат. Міне, осы ауыр жолдан әрдайым абыроймен өткен Сәбитті елдің лирик деп білуі де дау-дабырсыз шындық. Ол қай тақырыпқа қалам тербесе де, өзінше көрінуді, өзінше байлам жасап, тыңнан теңеу табуды, ой қортындылауды ақындық мұрат деп білген.

Ақын өлеңдерінің бойынан қазіргі уақыттың, өмірдің тынысын, жүрек дүрсілін, аршынды қадамы мен үдемелі екпінін нақты сезінесің, көз алдыға елестете аласың, сол ақынның өзімен бірге бастан кешіресің. Мәселен:

*Білем, біраз белеңнен асып кеттім,
Арынымды ірікпей, тасып... төктім,
Ашып бүгін қарасам сыр сандығын, —
Асылымды жинамай, шашып кеппін...
«Ғасыркешу» жинағынан.*

Енді бір өлеңінде:

*Біле білсең, түк емес жорға мінген,
Біле білсең, түк емес «Волга» мінген,
Менің үшін Әлемнің кереметі —
Түспей жүрген кітаптар қолға мүлдем.
«Күннің шалқуы» жинағынан.*

Үшінші бір өлеңінде:

*Бар болса егер сүйеушің мен қолдаушың,
Дәулетің де, нәсібің де молдау шын.
Баста бағың, тақымыңда — тағың бар,
Қимылың шалт, ісің мығым, зор даусың,
Бейшарасың, болмаса бір демеушің,*

*Мүсәпірсің, болмаса бір жебеушің.
Жақсы болар күні сирек халіңнің,
Мезі етесің болып алып бебеушіл.
«Келешек керемет» жинағынан.*

Сәбит ойшыл, бірақ оның жақсы қасиеті ойлылығын пайдаланып, ақыл айта бастамайды. Ойды жалаңаш дірдектеген күйінде тапқақтай айта да салмайды. Оның лирикалық кейіпкері мақсатсыз емес. Ақын айналасынан әдемі өмір іздейді, тәтті сыр тартады. Ойға сезім сұлулығы қосылады, ардың тазалығындай таза бояу араласады. Соның жемісінде парасатты поэзия пайда болады.

Мәселен, ақынның «Бозғалам мен Бозбаласын» алайық:

*Ойна да күл, бойжеткен, ойна да күл, бозбала,
Нұрлана гөр, ақша жүз, мөлдірей гөр, көз қара!
Мәңгілігің — қас-қағым, қас-қағымың — мәңгілік,
Бозғалам да барады шыр айналып, қозғала...
Биле, ән айт, бойжеткен, биле, ән айт, бозбала!
Білімпаз да жасампаз перзенті боп тугасын,
Дүниенің дидарын жасартам деу ұлға сын.
Бозғалам мен бозбала — бірі кәрі, бірі жас,
Екеуара сырласу ертелі-кеш тынбасын.
Көзбен көріп Әлемнің сомдау қиын тұлғасын.*

Осы өлеңді оқығанда аңғаратынымыз, ақын тынымсыз. Бос қол қусырып отырыс жоқ. Бірдемені түртініп, іздеп отырады. «Бозғалам мен Бозбала» деген екі сөздің маңайында, кім мынандай сезіммен ой дүниесін дірілдеткен, мөлдіреген өлең жаза салады. Музыка мен лириканың мүмкіндігін пайдаланып, жырдағы сезім логикасының аңғарында адасып қалмай өз мақсатын мүлтіксіз орындап шыққан. Ақын аз нәрседен көп мән, ұсақ нәрседен ірі қасиет іздеп табады. Ол суреткерлік кредосы. Өлең нақтылығымен, дәлділігімен, шыншылдығымен құнды.

С.Бексейіт өлеңдерін әр қырынан жарқыратып көрсете алатын ақын. Соған қарағанда, әрбір суреткер ғасырмен, зырлаған уақытпен қатар отыруды мақсат ететін болу керек. Тіпті озып та кеткісі келер. Бірақ соның бәріне талант сезімі арқылы қазылық етеді. «Өзім туралы» деген өлеңінде ақын ойлы философ болып көрінеді:

*Мен болсам, жігіттің көркемі кім,
Әсемдіктің өсетін өркені кім?
Танытқанмен салқын жүз, кіді мінез,
Мен бір нәзік жібек жыр өрнегімін.
Сатқаным жоқ арымды тірлік үшін,
Жыр-қайраққа жаныдым тілдің ұшын.
Сыртым сұрша болса да, жүз көрсетер
Ішкі әлемім арқылы нұрлы кісі!*

Осы тамаша шумақтармен ақын оқырман жүрегіне көпті көрген философ ретінде үстемдік жүргізеді. Өлеңде жылы, ойлы ағыс бар. Ішкі сезім драмасы бар. Ал драманың өзі лирикаға қосымша дауыс қосады, қасиет береді. Адам жанының құдіреттілігі тылсым дүниенің құпиясын құныға зерттеп, бетке соққан бөгеттерден қаймықпай өтіп, жасымаған жігермен тіршілік ошағын жалындата жарқын да жасампаз ғұмыр кешуінде емес пе? Осы ойды Сәбит былай өрнектейді:

*Үш жүз және алтыс алты күн-түннің
Вахтасындай күрсініс пен күлкінің.
Тірлік болса соның көбі уайымсыз,
Өміріңнен адам болып бір түңіл.*

*Түңіл, ақын, тумаса егер жыр дүрі,
Естілмесе жүрегіңнің дүрсілі.
Түңіл, диқан, тамшылардан дән күткен,
Үнсіз кетсе нажағайдың күркірі.
Сен де, атбегі, қалып қойса дүлділің,
Сен, бағбан, сайрамаса бұлбұлың.
Түңіл, сұлу, тайса пірің сертіңнен,
Түңіл, жігіт, күлмей кетсе нұр күнің.*

*Өтер жылдар, өтер ғұмыр баянсыз,
Мәңгілікке өту қиын — аян сыр.
Өкінішті естеліктей ескірмей,
Жаңа жылдар —
Жаңғыру боп таянсын!*

Қандай құштарлық! Сізді де еліттіріп алады. Ақын өзін-өзі ұмытқан. Өлеңнің аты «Бір түңіл». Жырда шын толғаныс бар. Біз таң атты, кеш батты, бір күн өтті деп, ол күннің ырзығын аузымызға салып алып, келесі күнге ашқарақтана, қомағайлана қарайды екенбіз. Оның да ұсынған несібесін ауызға салып алып, әрі қарай жүре береді екенбіз, жүре береді екенбіз. Сөйтіп, өмір заулап өте шықпақшы екен.

Біз «Бір түңілді» оқып, өмір, уақыт, дәуір толғауын сезгендей болдық. Біз осы өлеңді оқып, адамдар толғауын, өткен мен бүгін, болашақ, бақыт, бейбітшілік, тыныштық толғауын тыңдадық. Жыр жүрегімізге жетті, ойымызға ой салды. Содан соң өлеңнің міндеті осы шығар деп ойладық... Егер Байрон «поэзия дегеніміз — өткенді түсіну, болашақты сезіну» десе, С.Бексейіт соны сезе білген секілді.

Азаматтық пафоста жазылған, өз міндетін баршаға әдемі жеткізіп, жан сарайыңызды теріс ойлардан тазартуға көмектесетін осы бір шабытты, таза өлеңге ыстық ықыласымызды білдірмеуге болмайды. Көкірегіңіз жаңбырдан соңғы ауаны жұтып тазарғандай әсерде қаласыз. Жырда динамикалық қозғалыс бар. Әрбір сөз өз міндетін атқарып тұр. Бос тұрғаны жоқ, сына қаға алмаймыз.

Туған жер табиғатын жырлау жақсы қасиет әрі ақындар үшін парыз деуге болады. Осы тұрғыдан алғанда Сәбиттің табиғат лирикалары өзіндік бояуымен, өрнегімен назар аударады.

Табиғатты шебер суреттеген, жанды көріністерге құрылған сәтті өлеңдер Сәбитте аз емес. «Үт айы — үміт айы», «Үр сұлу, уыз қымыз», «Жастық шақ, таныс бақ», «Көңілім — көктем, жаным — жаз», «Сәулелі сәуірде», т.б. осындай өлеңдер.

Ақынның табиғат жайлы өлеңдеріндегі ерекше атауға тура келетін нәрсе, біріншіден, оның суретшілігі болса, екіншіден, сол суретті адам қаракетімен байланыстыруға, жанды етіп көрсетуге ұмтылушылығы. Мәселен, мына шумақтағы:

*Келдің бе, көктем көгілдір,
Нұрыңды көктем төгілдір!
Көркіңмен арбап көңілді,
Өрім — жыр болып өріл бір.
Көрген де бар-ау, көрмеген,
Көктем-ай, неткен көркем ең?!
Үт болып еніші үйіме,
Құт болып келіші өлкеме, —*

деуі қандай әдемі айтылған.

Шынында да, қызығып та, қызғанып та оқитын жақсы өлең бұл. Көктем тіршілігі, табиғат тынысы бұл арада адам қимылымен астасып жатыр.

Қай ақынның болмасын әлеуметтік күшін, идеялық өсу дәрежесін танытатын лириканың бір саласы азаматтық немесе саяси лирика болып табылады. Ақынның көптеген өлеңдерінен Отанға, елге, жерге деген ыстық махаббаты, келешекке артар үміті, халқын қадірлеуі, зұлымдық атаулыға қарсы күреске әзірлігі анық аңғарылады. Мәселен, «Солженицын, жер иесі сен бе едің?» деген өлеңнен Сәбиттің ақындық қуатын бірден тануға болады:

*«Солженицын, жер иесі сен бе едің?»
Деп жүр едік: «Бұл да бір ел көсемі»,
«Тек сақал ерек бітіп өседі».
Сөйткен саппас аржағынан мұхиттың:
Сақстанды «Зэкстан» деп бөседі.
Ит жатады тойған жерін өңгеріп,
Елді қайтсін, тумаған соң ер болып?
Монарх сымақ Солженицын жайғасып,
Төрт бөлгендей отыр сырттан жер бөліп!
Орал жақты казактарға бөледі,
Сібір жақты тыңгерлерге бөледі.
«Карлагтарды» зэктеріне береді,*

Тоңмойынша, соған қазақ көнеді.

Мұндай азаматтық ауқымы кең, ақынның әлеуметтік көзқарасын танытатын әдемі өлеңдер әрдайым оқырманын қуантады хақ.

Қолына қалам алған ақындардың махаббатты жырламағаны кемде-кем. Сәбиттің де көп өлеңдері адамзат ғұмырында өзімен бірге кететін мәңгілік махаббат тақырыбына арналған. Бір жақсысы — ақынның жігіттері мен қыздары кез келген теректің түбінде тұрып «өлдім-өштім» деп үзіліп сүйісіп жатпайды, «сүйдім-күйдім» деп ант-су да ішпейді. Сәбит Қыдырбайұлы жырларында шынайы мөлдір сезім, терең де тұнық сыр бар. Жүрекке жылы, самалдай ескен жастық лебі бар. Ақынның үш жинағында жаныңды тәтті мұңға бөлейтін, сезімді толқындай тербететін өлеңдер көп-ақ.

*Тұрар, мүмкін, бұл өмір кешігуден,
Сұлулыққа сұқтанып өшігуден?
Жоғалтумен жүрмін мен аруларды,
Табылады*

көңілдің хошы кіммен?

Осы бір төрт жолға іңкәр сезім де, сарғайған сағыныш та сиып-ақ кеткен.

*Жан сарайым түтінмен ысталғандай,
Ой сандығым темірмен тысталғандай;
Сен есіме түспесең,
Күй кешемін*

Сағынудан, аңсаудан тыс қалғандай, —
деп ағынан жарылса, ақынның ақтық сезіміне арыңдай сенесің.

*Мені жалғыз қалдырма,
Жол қаратып жанарымды талдырма.
Кең әлемді бөтен үйдей тар қылма,
Көп бөгелме, көп күттірме, тез орал,
Келмей кетіп көңілге кір шалдырма, —*

деп аңқылдаған ақын көңілінің айтары да көпшіліктің көкірегіндегі арманы екенін түсінесің.

Сәбиттің нұрлы да, шуақты жырларының көбісі өзінің кіндік қаны тамып, туып өскен жеріндегі тума-бауырларына, сағынысып көріскен балалық, жастық жылдарының куәгерлеріне аса бір ыстық сезім, зор ықыласпен емірене, тебірене шалқып, толғанысты күй кешкен сәттерімен ерекшеленеді:

*Балдәурен балалық шақ — пейіш шағым,
Алыс бір сағымдайын кейін қалдың.
Алғашқы дәуіріндей адамзаттың, —
Күнәсіз пәк кезіме зейін салдым.
Гүлдәурен жастық шағым — гүл кешуім,
Думанды сайран күнге ілесуім.
Бұл бір шақ білмес шаршап-шалдығуды,
Шырқайтын күнде әнін, күнде жырын...*

Ақын, мейлі қалада тұрсын, мейлі астанада жүрсін, бәрібір елмен етене болғысы келеді. Оған Сәбиттің мына жолдары куә:

*Ұмытқам жоқ ел барын, ауыл барын,
Жиі еске алам сендерді, бауырларым.
Нөсер болып құюға асықпаңдар,
Туар әлі сендер бір зауылдар күн.
Ақша бұлттар — жаумаған жауындарым,
Інілерім — тынысым, бауырларым,
Жырды бірақ жазыңдар мен жазбаған,
Тек сендерге тілеймін дауыл-дарын!*

Туған жерге кіндігі байланып, Сарыарқаның самалын жұтып, сағымына оранып өскен қыр ақынының құпия сырын ақ жүрегінен ақтарып айтқан өлеңі («Жаңаарқа») айтып қойды. Ақын деген сол, ол бәрібір өзінің туған табиғатынан екі елі ажырай алмайды. Өйткені оның тірлік-тынысы да, бақыт-ырысы да — сол. Сол баяғы — туған табиғат, аяулы атамекен. Сөйтіп, туған жерді осылайша табына, сағына жырлаған ақын келе-келе өзі де сол табиғатқа айналып, тылсым бір тұтас тұлғаға айналып бара жатқанын айқын аңғартады:

*Атанған ол кезінде Асанқайғы,
Баян етер бұл өңір талай жайды.*

*Жерұйығың, мен білсем, тап осында,—
Жүзі жарқын жерлесім жайраңдайды.*

*Ел мен жердің
Көрген соң жаңарғанын,
Болашағын шамалап — шалқар шағын,
Көзін салды қияға сұңқар ақын,
Аялаған Алаштың ақ арманын.*

*Сәкен ағам қырандай дүр сілкініп,
Досын мәз ғып, дұшпанын күрсіндіріп,
Жаңаарқа деп атауды ұсыныпты,
Көне жұртты жаңғыртып, нұр сіңдіріп.*

*Баян етер бұл өңір талай жайды,
Тыңдаушысын тамсанып маңайдағы.
Шуағына бөленіп алтын күннің,
Масатыдай құлпырған бар аймағы.*

*Сәнді аймағы елімнің, әнді аймағы,
Көңіліңді өсіріп, марқайтады.
Таудан аққан сылдырап мөлдір бұлақ,
Сарыарқаның секілді бал қаймағы.*

*Байдалы би — Алаштың ер данасы,
Талай бағлан жұртымның бел баласы.
Анадайдан шақырып қол бұлғайды
Жасыл тоғай, әсем тау, кең даласы.*

*Жаралғандай құлпырып күннен нұрлы,
Ырыс қонған өлкеме сулы, нулы.
Тарихынан сахараның сыр шертеді
Ақтау, Ортау, Қызылтау, Құлы, Мұңлы.*

*Алған кезде Ақтаудың бекінісін,
Талай батыр көрсетті ерлік ісін.
Азаткер боп Хан Кене бастап барды,
Басын тігіп бәйгеге елдік үшін.*

*Әсем әнмен әуелеп жансарайы,
Шаттық тасып, ел-жұртым масайрайды,
Заманамен жаңарды қайта жерім,
Азаттықтың атқанда таңы арайлы.*

*Өнерпазбен кіреді өңір өңі,
Гәкку назға бөленген көңіл көгі.
Ықылас пен Сайдалы Сары Тоқа,
Күмбірлеген күй болып төгіледі.*

*Еркебұлан өркені көркем неткен,
Сыбызғыны сызылтып, кернейлеткен.
Қайрат құрдас, Бекболат бауырым бар
Қазақ әнін жаңғыртып, мерейлі еткен.*

*Сансыз бұлақ сыңсыған — тау етегі,
Атажұртқа ақыны тәу етеді.*

*Сардалада Сарысу бұраң қағып,
Қалың жыныс жағасын ну етеді.*

*Жасыл құрақ жайқалып жапырағы,
Мыңғырған мал — құйқалы атырабы.
Егін өсіп, дән көктеп, гүлге оранған
Майда қоңыр торқадай топырағы.*

*Шөбі шүйгін кең жайлау, бетегелі,
Жалт қаратқан жаһанды кемел елі.
Желмаяның сыйса егер сауырына,
Асан ата бөктерін кетер еді, —*

деуі шабытты ақынның шын мәніндегі өзекжарды өз шындығы екендігіне ешқандай дау айта алмасың ақиқат.

Ақынның сенімі мен күдігі, жеке басының пендешілігі мен ақындық тұлғасы екі ұдай арпалысқа, тайталас күреске түскен сәттерде үнемі үстем түсіп отырды. С.Бексейіттің лирикалары ақынның жүрекжарды шындығын көрсете білгендіктен, сол өлеңнің табиғатына сай әуенге, пафосқа ие болып келеді. Автордың мұндай жетістіктеріне қуанасың, сондықтан болу керек, Сәбит өлеңдерін оқып отырғанда сол өлеңнің поэзиялық атмосферасынан, географиясынан, суреті мен ойынан ешқайда шығып кете алмайсың. Ақын лирикаларының бойындағы өзіне тән сейсмикалық сілкініс сенің де өн бойыңды дүр сілкінітіп, жүрегіңе мазмұнды ой салып, ішкі әлеміңді тебіренітіп кетеді:

*Жақсылықтың шыбығын егіп өтем,
Әділеттің барына сеніп өтем.
Мәдименен ұстасса туысқаны,
Меніменен қастасты тегі бөтен.
Құлы екенсің жел сөздің, тек өсектің,
Жазықсыздан мені сен неге сөктің?
Дарабозбын ішінде көп есектің!
Бастан бағым, тақымнан тағым кетіп,
Барғаным жоқ дәл саған шағым етіп.
Тәңір берген, иншалла, нәсібім бар,
Хақ жолына дөп келіп ақ ниетім.
Ойлағам жоқ басым мен бақтың қамын.
Ойлағам жоқ тақым мен тақтың қамын.
Қияметтен өтемін Кием қолдап, —
Көп жабының ішінде АҚБУРАМЫН!*

Мен бір әңгіме үстінде Сәбиттен:

– Өлеңді қалай жазасың? Қай жерде жазасың? — деп сұрағаным бар.

Сәбит сәл ойланып отырды да:

– Осы біреулер күнде жазатын көрінеді. Мен кейде айлап та, жылдап та жазбай кетем. Бір уақытта өлең өзі келіп:

– Ал, Сәбе, біз келдік, — деп хабар береді. Сол кезде мен де қалам алам. Бір күнде, екі күнде, ары кетті бір жетіде көңіліме жазылған өлеңдерді қағазға түсіріп үлгерем. Ол менің ең бақытты шақтарым. Бірақ сол шақ маған өте сирек жолығысады! — деді ақын.

Мен творчество адамы болған соң Сәбиттің бұл сөзіне шексіз сенем. Оның тез жазатыны, бір жазғанына қайта оралмайтыны жыр кітаптарының өн бойынан көрініп тұр.

Сәбиттің шабыттың шалқыған кезінде туған тебіреніске толы жойқын жырлары жанымызға керемет әсер етеді:

*Басқа түскен бейнеттен мойымадым,
Болар, бәлкім, көнбестік бойыма мін.
Жолыма егер тосқауыл қойылса да,
Бөгет бола алады ойыма кім?
Нәсібіне мелтектеп тоятын бар,
Тірлігі ұнап өлеңін қоятын бар.
Бойкүйездеп егер сәл қалғып кетсем,
Ой — атомдар,*

Санамды оятыңдар!

Иә, нағыз ақынның қызығы да, қымбаты да — жыры. Нағыз ақынның бағыты да, уақыты да — жыры. Нағыз ақынның аңсары да, мәнсабы да — жыры. Нағыз ақынның мінген аты да, махаббаты да — жыры. Нағыз ақынның көрігі де, көлігі де — жыры. Нағыз ақынның анасы да, баласы да — жыры. Ақын жырды ғана өлімге қимайды.

Дүниені бар жанымен сүйетін, сәл нәрсеге қуанып, сәл нәрседен секем алатын Сәбит Бексейіт туралы көп айтуға болады, көсіліп айтуға болады. Оның өлең, поэмалары қазіргі дәуірдегі қазақ поэзиясының өзіндік орны бар бөлігі. Ақынның бұл саладағы табыстары дау тудырмайды.

*Сәбит екен әкесі сол абыздың,
Сәбеңдерге кенде емес дала біздің.
Дөнентаев,
Мұқанов...
Және Мен бар —
Бұл есімнің өлеңде қалады ізі, —*

дегендей, жинақ сайын жинақылық танытып, шымыр өлеңнен өрнекті ой, көркем кесте тоқи білетін ақынын әрқашан өсу биігінен бағалай біледі оқырман. Өмір кешуінің біраз сын соқпақтарын артқа тастап үлгерген оның өзінен кейінгі балауса буынға айтары аз емес. Өйткені оның ақындық жолы әлі де мол жеміс әкелетіні күмәнсіз. Ең бастысы — Сәбит Қыдырбайұлы ақындықтың мақсат-мүддесін дұрыс түсінеді:

*Бала боп, жігіт боп гүл кештім,
Армансыз жиырма жыл кештім.
Сарқылмас сиқырлы сыр кештім,
Ақын боп, жырау боп жыр кештім.
Азамат ер болып күн кештім,
Күн кештім аянбай, түн кештім.
От кештім азат ой үшін мен,
Су кештім, керексе құм кештім.
Елу жыл жалықпай мұң кештім,
Жүз кештім басымнан, мың кештім
Ой кештім тылсымды тұңғиық,
Зар заман көшіне ілестім.
Елу жыл ішінде шер кештім
Тұтастай ғасырды мен кештім.
Запыран зар-мұңды осындай
Кешпесін, деп тіле, енді ешкім.
Жүз жасаған дана шалдаймын,
Ғасырдың әр сәтін талдаймын.
Сырттай — азулы арландаймын,
Іштей — ашулы көкжалдаймын, —*

деп жазған ол бір өлеңінде. Бұл — творчестволық программасы тәрізді сөз.

Сәбиттің жырлары — терең жырлар. Бұл жырлардың бойында таңғы сәуле, ойға шомған арман, азынаған жел, асқақтаған бел, тебіренген заман бар. Ақынның творчествосы туралы дуалы ауыздар лебіздері мынадай:

1. Қалижан Бекхожин: «Менің аңдауымша, жас талапкер Сәбит Бексейітовтің тіл өрнегі, жыр тәсілі айырықша ізденісті сездіреді. Жас Сәбиттің біз оқыған бір шоғырмақ жырларынан өзінше талпынысы бар тапқырлыққа бейім дарынның қалам желісі байқалады» (1975 ж.).

2. Есенбай Дүйсенбай: «Жалпы алып айтсақ, ішкі өзегінде біртүрлі шиыршық ата ширығу, шамырқаныс, жігер-қуат пафосы сезіледі. Әсіресе публицистикалық екпін, ереуілшіл күй, арынды ағыс аңғарылар еді. Мұның өзі азаматтық позиция айқындығы мен ойлау жүйесінің ауқымдылығын танытса керек.

Ақындық кредосының бұлайша асқақ биік, күллі адамзаттық болғанына қуанамыз, әрине. Шама-шарқы жеткенше сол үдеден шығуға талпыныс жасау, таудай талап бар Сәбитте... «болашақтың жақсы ақыны болғалы тұр екен» деп үлкен үміт артуға тиіспіз» (1987 ж.).

3. Серік Ақсұңқарұлы: «Ақыны азайып, өлеңшісі көбейіп тұрған халтураның қара тасқынының заманында әдебиетке өзгеше ойлап, өз сөзін айтқысы келетін таланттың қадам басуы елең еткізбей қоймайды... Мені Сәбиттің творчествосындағы тың ой, соны сезім тәнті етеді. Ұлттық поэзиямызға

әлемдік әдебиеттің игі жақсысын тұла бойына сіңірген білімді ақындар, интеллектуалды поэзияның өкілдері келе бастады» (1990 ж.).

4. Ұлықбек Есдәулет: «Қарағандылық дарынды ақын Сәбит Бексейіттің бүкіл ғаламның қасіреті мен қам-мұңын өз жүрегімен қабылдап, адамзат азабын арқалауға ұмтылысында өзінше бір ерекшелік бар.

Оның өлеңдерінде адамгершілік рухының бүкіл әлемдегі ту ұстар жыршылармен үндестік сезіледі» (2000 ж.).

5. Ошақбай Сұханберлин: «...Ақынмен сұхбаттаса отырып, оның бойынан талай балауса жас ақындардың көзін ашқан, оқырмандарын тапқан кемелденген ақынның келбетін көрдік» (2009 ж.).

6. Таяуда Сәбиттің кібіртіксіз еркін төгілетін жырына арналған мына шумақтарға көзім түсті:

*Ғасырдың тылсымын сыр бүккен,
Ақтардың жыр — қалам күрекпен.
Шерлерін шемен боп байланған,
Ұқтырдың жалынды жүрекпен.*

*Ойлансаң, толғансаң — данасың,
Шалқысаң — кең байтақ даласың.
Арқаның айбынын асырған,
Ақтаған сенімін баласың.*

*Ардақтап, ел-жұртын, баласын,
Тым ыстық тыныштық табасың.
Саумалдай сапырып жүрсің сен,
Балсусын өлең — жыр сабасын.*

*Қанатың талмасын, жалықпа,
Биікте қырандай қалықта.
Қыдекең әкеңдей қалтқысыз,
Терді төк еңбекпен халыққа!*

Иә, ақынның қай өлеңін оқысаң да одан алар ләззатың көп. Осы бір інімнің ақындығы туралы жазарда мен оның жазған кітаптарына қайта үңілдім. Шынымен, үлкен жыр сарайына кіргендей оның ішіндегі жиһаздарына көзім тойды, көңілім сүйінді. Көреген, шешен, өткір, алмастай мың құбылған Сәбит ақындығы туралы әдебиеттің сынымен айналысып жүрген аға, іні сыншылар жеткізіп айтар әлі.

Сәбиттің терең ойға, теңдессіз серпінге, сертке соққан қанжардай жарқылдаған сезімге толы өлеңдері өмірдің сан түрлі жағдайын алдыға жаяды. Ақын деген өз заманының көңілі, көзі, сезімі, жүрегі деген ақиқатқа сенбеуге шара қалдырмайды Сәбит Қыдырбайұлы. «Келешекке көшу» атты оның тамаша өлеңін оқығында:

*Кешегімде қалмаймын, өткенімде,
әне қалды қарайып өткелім де.
Таусылған жоқ дәм-тұзым, көрер күнім,
шарпиды жүз, өшкен жоқ от демім де.
Келешекке көшемін кідірместен,
тыңдамаймын шалдарды күбірлескен.
«Көш көлікті болсын!» де, тілеулесім,
мен ілесем жастарға дүбірлескен.
Келешекке көшемін өлеңіммен,
жараныммен, өрімтал өреніммен.
Келешекке көшемін Ер Халқыммен,
өзін-өзі билеген Өр Еліммен!*

Мен ойлы да, отты ақынды әрқашан тебіреніп жақсы көрем. Оның жырларын қайта оқу үстінде қазақ жырдың кереметін еліне тарту еткен аз інілерімнің бірі осы Сәбит екен деп тағы да сүйсінем.

Қазір ақынның шаңқай тұсы — шабытты шағы. Ол мейлі махабатты жырласын, мейлі табиғатқа тамсансын, бәрібір — оның өлеңдерінде ел рухы, азаматтық әуен, туған жердің төл перзентіне тән парасат лебі аңқып тұр.

Сөз соңында оқырманның ой-сезімін, арман-мүддесін көтеріп:

Өткенге салауат,
 қалғанға берекет.
 Ертеңге аманат,
 өсиет бере кет.
 Тілек ет қол жайып,
 болмасын алапат.
 Келешек ғажайып,
 келешек ғаламат.
 Озығын, тозығын,
 жатқанда ел екіеп,
 өзгертіп жосығын,
 кел керім Келешек! —

деп келешекке тартып бара жатқан дарынды ақынға сапарың ғұмырлы болсын дейміз!

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Әл-Карени (Каренов) Р.* Жеті атасын білген ер... (Арғыннан шыққан Мойын баба шежіресі). — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2008. — 794-б.
- 2 *Бексейіт С.* Ғасыркешу. — Алматы: Фолиант, 2000. — 395-б.
- 3 *Бексейіт С.* Күннің шалқуы. — Қарағанды: Профполиграфия, 2001. — 200-б.
- 4 *Бексейіт С.* Келешек керемет. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2001. — 200-б.
- 5 *Бексейіт С.* Ел үмітін ер ақтар. — Алматы: «Комплекс» баспасы, 2003. — 116-б.
- 6 *Бексейіт С.* Назым-Насыр: Таңдамалы. — Қарағанды: «АРКО» ЖШС, 2003. — 456-б.
- 7 *Бексейіт С.* Ғасырластарым. — Қарағанды: «АРКО» ЖШС, 2005. — 200-б.

Р.С.Каренов

Сабит Бексеит — один из величайших поэтов в современной казахской поэзии

К 60-летию со дня рождения

Обобщается творческий путь казахстанского поэта, члена Союза писателей Республики Казахстан Сабита Бексеитова в связи с его 60-летним юбилеем. Дается оценка многогранной литературной деятельности талантливого поэта, публициста, журналиста.

R.S.Karenov

Sabit Bekseit one velichaishih poets in contemporary Kazakh poetry

To 60th birthday

The career of the Kazakhstan poet, member of the Union of writers of Republic Kazakhstan Sabita Bekseitova in communication is generalised 60-year-old its anniversary. The estimation of many-sided literary activity of the talented poet, the publicist, the journalist is given.

Р.С.Каренов

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті***Жұмабек Ташенев — жиырмасыншы ғасырдың Кенесарысы****Туғанына 95 жыл толуына орай**

Үлкен дарын иесі және сан қырлы тұлға, өз уақытында Жоғары Кеңес Президиумының Төрағасы, кейіннен Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің Төрағасы болған Жұмабек Ахметұлы Ташеновтің өмірі мен қызметіне баға берілді. Қазақстанның территориалдық тұтастығын қорғаған, өзінің барлық күш-қайраты мен ұйымдастырушылық қабілетін, интеллектуалдық әлеуеті мен саяси батылдығын ел экономикасы мен мәдениеті дамуына бағыттаған еңбегі әдеби тілмен баяндалды. Ж.А.Ташеновтің бүкіл саналы ғұмырында ел үшін еткен еңбегін мәңгілік ету қажеттігі алға тартылды.

Кілтті сөздер: жарық жалған, жарық дүние, тағдыр тәлкегі, жиырмасыншы ғасырдың басы, азамат соғысы, аға ұрпақ дәстүрі, ресей отаршылары, қилы заман, патшалық Ресей, отарлық нөкта, елдің мүддесі, тоталитарлық заман.

Кіріспе сөз

Кейде мына Сіз бен Біз өмір кешіп жатқан жарық жалғанды өте қысқа, қас-қағым сәттік деп аң ұрып жатамыз. Бәлкім, расы да солай шығар. Бір кісінің ғұмыры шамамен алғанда 70–80 жыл десек, әрине, ол көп уақыт емес қой. Жарық дүниеге шыр етіп келген күннен бастап, ана дүниеге қарай адымдай бастайды екенбіз-ау...

Иә, қып-қысқа ғұмыр! Соны кім қалай өткізеді? Біреулер мына жарық дүниеге ішіп-жеу үшін, күліп-ойнау үшін келгендей, тайрандап басып, тойлап өмір кешеді. Ал, енді біреулер... Кейбір жұмыр басты пенделер туралы ойласаңыз, әр түрлі ой сағымына еріп береріңіз кәдік.

Қазақ топырағында, қазақ елінде, кәдімгі қараша үйде дүниеге келіп, бүкіл әлемге атын жая өмір кешкен ардақты азаматтар аз ба? Аз емес. Тіпті кейбіреулері тағдыр тәлкегіне түсіп, өз Отанынан тепкі көріп, теперіш шексе де мойымай, елім-жерім деп еңіреп-ақ өтіпті...

Бір қызығы, еліміздің тағдыры тұлғаларға қашан да сындарлы шақта ғұмыр кешуді жазыпты. Бәлкім, олардың да тұлғалық қасиеті осы болар. Қалай болғанда да, өмірі өнеге сол жандар ұлт тарихында белгілі биіктік деңгейінде қалады. Сол биіктік ең алдымен олардың сіңірген еңбегімен өлшенеді ғой, әманды.

Тұлғалар — қашан да қым-қуыт кезеңдердің көрсеткіші. Олардың арасында өзінше оқшау, биік шың іспетті болып көрінетін бір тұлға бар. Ол халқымыздың ардақты ұлдарының бірі — Жұмабек Ахметұлы Ташенев, кезінде Қазақстанның Министрлер Кеңесінің және Жоғарғы Кеңес Президиумының төрағалығына дейін көтерілген қоғам қайраткері. Оған осынша дәрежеге жету оңайдан бола салған жоқ.

Жұмабек Ташеневтің ата-тегі

Шөбі шүйгін, жайылымы мол, өрісі кең Есілдің жағасына қоныс тепкен бұл қазақ ауылына XIX ғасырдың екінші жартысында ресей мұжықтары қоныстандырылып, байырғы Бабатай аты ұмыт қалады. Бірақ кейін сол маңайға темір жол салғанда кейбіреулердің есіне түскен болу керек, стансаға ауылдың ескі аты беріліп, Бабатай деген жер аты бүгінгі күнге жеткен. Міне, Александровка деп аталатын осы мекен — Ташеневтер әулетінің ата қонысы. Жүмекеңнің әкесі Ташен (азан қойған аты Тәшмұхамет) мен шешесі Гүлсімнің қоныс теуіп, бала-шағаларын асырап, тұрмыс құрған жері. Ташен би, болыс, бай болмағанмен, ел ішінде абыройлы, қадірлі кісі екен. Оның тегі Арғынға жататын Қуандық руынан тарайды. Қуандықтан Алтай, Қарпық, Есен, Қарт, Бөрші, Темеш болса, Ташеннің арғы атасы Алтайдан өрбитін Қареке.

Қареке руының Ақбура бұтағынан алтау: Арзықұл (Өзберлі), Жанықұл, Мендікұл, Құдайқұл, Бердікұл (Бабас), Аманқұл (Аманша) [1].

Мендікұлдан — Ескене, одан — Байторы, Торпақ. Торпақтан — Нұрша, Жаксыбай, Ташен. Ташеннен үш ұл — Қасен, Манап, Жұмабек, екі қыз — Бидан, Сақыш болған. Қазір бұлардың бәрі өмірде жоқ. Жүмекең мен зайыбы Бәтес Ыдырысқызы Саян, Саят, Болат, Мұрат, Алма деген бес бала өсірген.

Жұмекеңнің жастық шағы

Жұмабек Ахметұлы Тәшенев 1915 жылы 20 наурызда дүниеге келген. Перзент сүйгеніне шаттығы қойнына сыймай қуанған орташа ғана күнкөрісі бар Ахмет (Тәшмұхамет), ат шаптырып, палуан күрестіріп ұлан-асыр той жасауға, қысқа жібі күрмеуге келмесе де, қой сойып, жақын ағайындарын, сыйлас адамдарын, көрші-қолаңдарын шақырып, әдемі шілдехана өткізеді. Көңілді жұрт шырқатып салған әсем сазды халық әндері жөргектегі жас нәрестені әлдилеп тербетеді. Қоңыр киіз үйдің шаңырағынан шалқып көтерілген сұлу ән жайлауға шығайын деп отырған шағын ауылдың үстімен қалықтап ұшады. Өз күнін өзі көріп, өз қызығымен өзі болып, тып-тыныш күн кешкен қазақ ауылы тіршілігінің адам көңілін жадыратар сәнді көрінісі еді бұл.

Бірақ күнді тұтылдырып, дүниенің астаң-кестеңін шығаратын, топан суды қаптататын бір сұрапыл уақыт қазақ даласына таянып келе жатқан. XX ғасырдың басында Ресейді тынымсыз сілкіндірген төңкерістер дүмпулері қазақ жеріне сезіле бастаған. Көп ұзамай, 1917 жылы патшалық Ресейдің шаңырағын ортасына түсірген Ақпан және Қазан төңкерістері күркіреді. Азамат соғысы басталды. Бірін-бірі құртпай тынбайтын екі дүние айқасты. Шайқас өрті қазақ сахарасын түгел шарпыды. Қазақтың боз даласы, жоңғар шапқыншылығы заманындағыдай, ат тұяғының дүбіріне толды, көкшіл аспанын шаң басты. Қызылдар қуды, ақтар қашты. Екі жағы да ешкімді аямады, еш нәрсені құнды санамады. Жолында тұрғанды, алдына шыққанды таптап өтті.

Бір сөзбен айтқанда, XX ғасыр (әсіресе оның бірінші жартысы) адам өміріне үлкен сынақ болды. Аяу дегенді білмей, тарихтың тартысына, дүрбелең, аласапыран талқысына салды. Қатал сыннан өткізді. Әр түрлі мақсат, мұрат ұсынған төңкерістер адам тағдырын ойыншық етті. Талай асыл ерлер осы жолда мерт болып, батырлары сынып, өздері езіліп жолда қалып жатты.

Сынақ жолы — қашан да шынығудың жолы. Біздің сол толқындардан аман өткен ұрпағымыздың бойында өмірге деген сенім, адалдық, шыншылдық, тіршілікке тура қарай алатын ерлік бар еді. Олар қиыншылыққа қарамай, болашаққа сенді, халқына адал қызмет етуге тырысты, елін білім, өнер, прогресс жолына жетеледі. Ең бастысы — олар адам тағдырын, оның тарихтағы орнын, дүниенің сырын түсінуге жетті. Бос сөз бен әрекетсіздік, дүниеқұмарлық пен жалғандық оларға жат еді. Тарихтың терең талқысына түсіп, одан аман өткен (өте алмай қалғандары да бар) ағаларды еске алғанда бізге осындай ойлар ұялайды.

Жұмабек Тәшенев — осы топтың типтік өкілі. Ол Қазан төңкерісінің әсерімен дүркін-дүркін сілкініп жатқан дүниенің ішінде қайнап өсті. Кеңес үкіметінің тұсында мектеп, комсомол тәрбиесін көрген ол аға ұрпақ дәстүрін қабылдап сапқа тұрды. Комсомол, партия қызметтерінде болды; ғылым, саясат жолында еңбек етті. Жұмекең өткен осы жолды шолып айтпай, айыра қарасақ, оның әрқайсысында бір-бір адамның тағдыры боларлық мазмұн; тіршілік жатқанын көреміз. Оның балалық шағы — XX ғасырдың 20–30-жылдардың жоқшылық, таршылығымен тұстас келді. Өзі қатарлы ауыл балаларымен бірге интернатта тәрбиеленіп, ол қой бағып, қозы жайды, шөп шауып, егін бастырды. Өгіз-арба үстінде өсті.

Бала кезінде үлкендерден естіген әңгімелерінде қайғылы, мұңды күйлер көп еді. Бір шоқ қызыл қайың ағаштың бауырында шашырай қонған аз үйлі шағын ауылдың отырған жері — бұрынғы кең жайлаулы, мол өрісті, шүйгін шөпті, құнарлы топырақты ата қоныстың әбден тарылып-тарылып келіп, ұлтарактай болып қалған бір тақыр пұшпағы ғана екен. Ресей отаршылары қазақтарды атамекендерінен ығыстырып, олардың шұрайлы жерлерін ішкі Ресейден қоныс аударған орыс қарашекпендеріне кесіп-кесіп берген де, ежелден мал бағып күн көрген қазақ ауылдарын отынсыз, сусыз, құнарсыз қу тақырға тықсырып тастаған. Қазақ ауылының күн көрісі қиындаған. Ел күйзелген. Тіршілікке қатер төнген.

Туған жұртының басынан өткен осындай ауыр қасірет күйлерін естігенде жасөспірім баланың ет жүрегі сыздап ауыратын. Қалың ойға шомып, ұзақ үнсіз түйіліп қалатын. Іштей әлде неге бекінгендей болатын. Ел шері жасөспірім жеткіншектің жанын ауыртып қана қоймады, оны ширатып, шынықтыра берді, ерте есейте берді.

Өзінің тарихында талай қилы заманды басынан кешкен, әсіресе темір тырнақты, қанды көзді, екі басты ашқарақ самұрық таңбалы патшалық Ресейдің отарлық ноктасы тұншықтырып қылқындырған қазақ елі, Қазан төңкерісі орнатқан Кеңес өкіметінен көп жақсылық дәмектен. Үміттенген. Сенген. Қазан төңкерісі жеңісінің нәтижесінде қазақ елінің әлеуметтік өмірінде, тұрмысында, оқу-ағарту және мәдениет салаларында жақсы көктеп гүлдеген, халықты қуантқан жемістер болды. Бұл — рас. Жоққа шығаруға болмайды. Бірақ сонымен қатар Кеңес дәуірінде халқымыздың басынан ауыр

трагедиялар өткенін, бұл трагедиялар қазақ елінің өткен замандарда көрген қасіреттерінен де ащы екенін жасыра алмаймыз. Өйткені бұл — тарихтың шындығы.

Ұлтымыздың өткен тарихын тек қаралап, ата-бабаларымыздың дәстүрлерін аяқпен теуіп, ұлттық салттарды мансұқтап, адамның ой-сана, ерік бостандығын бұғаулаған кеңестік жаңа тәртіп пен жаңа заң халықты қатты шошытқан. Қазақстанда жаппай ұжымшар ұйымдастыру науқаны жүргізілген. 1928–1930 жылдары қазақ ауылындағы көп-көп қиянаттарды жасөспірім бала кезінде Жұмабек Ахметұлы өз көзімен көрді.

Сол жылдарда ел басқарудың тізгінін қолға ұстаған «ұр тоқпақ» бастықтардың қазақ ауылдарына көрсетпеген қоқайы жоқ. Кәсіби шаруашылығының ыңғайына қарай оқшау-оқшау отырған ұсақ ауылдарды орнықты қонысынан көшіріп, бір ұжымшарға зорлап біріктірді. «Кәллектіпке» жинаймыз деп, шаруалардың азын-аулық малын, арба, соқа, ат, тырма сияқты құрал-саймандарын қолдарынан сыпырып алды. Ауылға жоғары жақтан күн құрғатпай сартылдап келіп жатқан әулекі белсенділер пәле қуып, ел ішінен жау іздеп, жұрттың зәресін алды. Талай адамға «бай — кулак» деп, «тап жауы» деп, жала жауып ұстатты, қаматты, «ит жеккенге» жер аудартты.

Ауылға жасалған қысым күннен күнге үдей берді. Алым-салық ұлғайды. Шаруалардың күнделікті қорек етіп отырған азғантай астықтары тартып алынды. Астығы жоқ үйлерге тінту жүргізілді. Ақ жұт болып, тігерге тұяқ қалмай, мал біткен де қырылды. Қазақ ауылдарында ашаршылық басталды. Ел басына ауыр апат келді.

«Қарағым, біз Құдайдың салғанын көрерміз. Ең болмаса сен өлмес қамыңды ойла. Бірдеңе қылып қалаға жет. Сол жақтан қорек табарсың», — дейді әкесі Ахмет, жасөспірім баласына осы демеу сөзінен басқа көрсетер көмегі болмай, амалы таусылған соң.

Сонымен, отызыншы жылдардың басында Жұмабек туған үйдің табалдырығын аттап, ел кезіп кетеді. Көп қиыншылық көріп, Қызылжар қаласына жетеді. Жасөспірім баланың бұрын көрмеген, аяғы баспаған жерге, ауылдан жырақтағы бейтаныс қалаға тәуекелге бел буып аттанғаны жүректегі отты, бойдағы қайрат-жігерді танытса керек. Көкірегіндегі келешекте лаулап жанатұғын үміт шоғы оны алға жетелейді.

Ауылдағы бастауыш мектепте хат таныған сауаты бар бала өзі тырысып қарекет жасап және бір жанашыр адамның ақылымен, қаладағы бір оқуға кіруге талаптанады. Бар күшін салып жақсы оқиды. Уақыт тез зымырап өте шығады.

Сол бір кезеңде оқушы жастарды шұғыл жұмысқа тартудың басты себебі ел ішінде қуғын-сүргін күшейіп, жауапты қызметкерлер жаппай тұтқындалып, іс басында тіпті адам қалмаған үрейлі күндердің зобалаңына байланысты еді. Шын болат майыспайды. Иуіңе көнбейді, шарт сынады. Заман жаманды илемек. 30-шы жылдардың жігерлі, жалынды жастары ел өмірінің қай саласында болмасын, қажырлы еңбек етті. Қиыншылыққа да, жоқшылыққа да төзді.

*Жұмабек Тәшенев өмірін халықтың мүддесін
орындауға арнаған кемеңгер азамат ретінде*

Жұмекең жұмыс таңдаған адам емес. Ол мемлекет қай жерде пайдалы іс істей алады деп шешсе, сол жерге барды. Бәрін де абыроймен атқарды. Мінсіз қызмет істеді. Бұл еңбек бағаланбай кетпеді. Біртіндеп өсіп, дәрежесі көтеріле берді.

Жұмекең еңбек жолын 1933 жылы бастады. 1934–1942 жылдары аудандық атқару комитетінде хатшы, Солтүстік Қазақстан облысының Совет және Полудин аудандарының жер бөлімдерінің басшысы қызметтерін атқарды. 1942–1943 жылдары Солтүстік Қазақстан облысында облыстық жер бөлімінің орынбасары. 1943–1947 жылдары Солтүстік Қазақстан облысында облыстық мал шаруашылық бөлімін басқарды. 1947 жылдан 1948 жылдың желтоқсанына дейін Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің бастығының бірінші орынбасары болып қызмет атқарды. 1948 жылдың желтоқсанынан 1952 жылдың қаңтарына дейін Солтүстік облыстық атқару комитетінің төрағасы болып жұмыс істеді. Ақмола құрылыс техникумын, КОКП ОК жанындағы Жоғары партия мектебін бітірді.

Міне, қарапайым азамат өсіп-өркендей келе осынша деңгейге көтерілді. Және осы уақыттарда шаруашылық-экономикалық мәселелері қаралғанда, оларды талқылау, қорыту кездерінде, өзгелермен салыстырғанда Жұмекеңнің шоктығының биік екендігі байқалып отырды.

КСРО халық шаруашылығының ажырамас бір бөлігі ретінде Қазақстан экономикасы да соғыс жылдарында әскери жағдайға, соғыстан кейін бейбіт өмірге икемделді. Экономиканы бейбітшілік жағдайға бейімдеп қайта құру еңбекшілердің қоғамдық-саяси белсенділігі жағдайында жүргізілді.

1946 жылы 24 шілдеде Қазақстанның 1946–1950 жж. соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіруге арналған бесжылдық жоспары қабылданды.

Жағдай жеңіл емес еді. Соғыстан кейінгі ауыр кезең. Шаруашылықтарда ешқандай техника жоқ, барлық жұмыс түрлері қолмен атқарылады. Адам күші де жетіспейді. Соғыс жылдарында үлкен ауыр салмақ қарттар мен әйелдердің және бұғанасы қатпаған жасөспірім балалардың арқасына түскен. Олардың да иіндерін ауыр жүктен босатып, бойларын жаздыру керек. Осылардың барлығы Жүмекеңнің көңілін керемет қобалжытты. Ол үйде тыныш ұйықтай алмады, жанына тыным іздемеді. Бұл жылдары Жұмабек Ахметұлы жарқын мінезінің арқасында облыстық партия және кеңес мекемелерінің қызметкерлерінің көпшілігінің сый-сияпатына бөленді, ел ағасы дәрежесіне көтерілді.

1952–1955 жылдары Жұмабек Тәшенев Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды. Ол табиғатынан зерек, сергек, алғыр Солтүстік Қазақстан, әсіресе Ақтөбе облысының басшысы болған шақтарда еңбекшілердің күнкөріс қарекеттеріне, ой-өрістеріне, ұлттық сана-сезім мен дәстүрге ерекше мән берді. Қазақстандықтардың бірлігін нығайту негізінде ұланғайыр өлкенің байлығын республика игілігіне кеңінен пайдалануға, осы жасампаздық істерге қазақ қыздары мен ұлдарының кеңінен қатысып, білім, мәдениетті игеруіне жағдай жасалуына қатты көңіл бөлді. Қиын да күрделі, сын мен талапқа толы талай мәселелерді шешті. Өндіріс алыптарын дамытуға, жұмысшы табын жергілікті қазақ жастары есебінен толықтыруға, әсіресе соғыс жылдарында азып-тозып кеткен тұрғын үй құрылыстарын салуға халықты жұмылдыра білді. Жеңіс жолына бәрін құрбан еткен қарапайым халық ғажап шыдамдылық, төзімділік көрсетті. Соғыс аяқталған соң бірнеше жыл бойы ауыл тұрғындарының көбі жер кепеде күнелтті. Отбасыларды жайлы баспанамен қамтамасыз ету жұмыстарын Жүмекең қауырт жүргізді. Сан мың адам жаңа қоныс қуанышына бөленді. Бұл қызмет кейін Қазақстан Республикасының ірі қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген Жұмабек Ахметұлының қоғамдық және мемлекеттік қызметіндегі үлкен еңбек жолының бір баспалдағы еді.

Бұдан кейінгі қызмет сатыларына көз жіберелік: 1955–1960 жылдары Қазақстан ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы, 1960 жылы Қазақстан ССР Министрлер Кеңесінің Төрағасы қызметтерін атқарды. Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталды.

1956–1961 жылдары КОКП ОК мүшелігіне кандидат және төртінші сайланған КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, төртінші, бесінші сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, 1949–1961 жылдары Қазақстан КП ОК мүшесі, 1955–1961 жылдары ол Президиум мүшесі болды.

*Жұмабек Тәшеневтің қоғамдық-мемлекеттік қызметінің
ең биік дәрежеде мойындалып, танылған мезгілі*

Жүмекеңнің қоғамдық-мемлекеттік қызметінің ең биік дәрежеде мойындалып, танылған мезгілі — оның республикамыздың басшылығына келіп, әуелі Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы, одан кейінде Министрлер Кеңесінің Төрағасы болып істеген кезі.

Сол кездегі Одақ құрамындағы ұланғайыр аумақты алып жатқан алып республиканы басқару үлкен шеберлікті қажет ететін. Сол қасиет әрдайым Жүмекеңнің бойынан табылып отырды. Ол қызмет атқарған кезеңде оның осынау қасиетінің көкжиегі кеңейе түсіп, үнемі жетіліп, ұшталумен болды. Алуан ұлттың өкілдері жиналған, «тәрбие алаңына» айналған қазақ жері басқару тетігінде де өзіндік ерекшеліктерді талап ететін. Шаруашылықтағы сан қырлылық, әкімшіліктегі абырой, өндірістегі зор жауапкершілік әрқайсысының бір-бір пұшпағында біршама лауазымды замандастарымыз отырса да, осының барлығы жинақтала келе үкімет басшысына жүктелетіні мәлім. Оның үстіне «алдың — жалын, артың — мұз», өз елің мен жерінің ерекшеліктерін орталықтағы басшыларға батыл өткізе білу санаулы жандардың ғана қолынан келсе, соның бірі Жұмабек Тәшенев болды.

Үлкен Одақтың қарауында отырып, өз бетімен жұмыс істеу ол кезде өте қиын болды. Соған қарамастан, Жұмабек ағамыздың жоғарының жетегінде кетпей, бар күш-қуатын республиканы көтеруге жұмсағанына, халқына үлкен еңбек сіңіргеніне ел-жұрт ризашылығын білдірді. Бұл жылдары Жүмекең:

– Алматыда Абай даңғылы болуын, сол кең көше басына Абайға ескерткіш орнатылуын ұсынған, қадағалап іске асырған. Мәскеудегі тізгін-шылбыр иелерін илкітіру үшін Тбилисиде Руставели, Ташкентте Науаи, Мәскеуде Максим Горький даңғылы барын көлденең тартқан;

– Қазақстан Компартиясының бірінші басшысы Жұмабай Шаяхметовтің тұсында қолға алынған, бірақ жеріне жеткізілмеген елеулі мәселені — Медеу шатқалында мұз айдынын жасауды тиянақтату

үшін үлкен әріптесі — КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Төрағасы К.Ворошиловты қонаққа шақырып, шатқалды көрсетіп, қызықтырып, ойын нық дәлелдеп, құрылысқа қажетті қаржыны алған;

– кеңестік қоғамның саяси өмірінде 50-жылдардың екінші жартысында едәуір өзгерістер болғаны мәлім. КОКП-нің XX съезі жеке адамға табынушылықты әшкерелеп, әлеуметтік-экономикалық дамудағы барлық сәтсіздіктер әрі жүйенің қателіктері, асыра сілтеушіліктері лениндік қағидаларды бұрмалаудың нәтижесінде болды деп жарияланды. Сөйтіп партия қоғам өмірінде болған ауыр оқиғаларға жауап бермейтін болып шықты. Билік жүйесі қуғын-сүргін тәсілінен бастартқанымен де әкімшілік-бұйрықтық қағидалар сол күйінде сақталып қалды. Кеңестердің, кәсіподақтардың, жастар ұйымдарының, еңбекшілердің құқықтары шектеле бастады. Саяси жүйенің еркіндік алуы аз ғана уақыт өткен соң осылайша қалпына түсе бастады. Дегенмен, осы съезден кейін сталиндік саяси қуғын-сүргін құрбандарын, әділетсіз жазаға ұшырағандарды ақтау шаралары ішінара жүргізілді. Жұмекең осы әйгілі «халық жауы» науқанында жазықсыз жазаланып қазаға ұшыраған арыстарымызды ақтау, кейінде қуғынға ұшырап түрмеде жатқан, айдауда жүрген қайраткерлерімізді бостандыққа шығару мәселелерімен шұғылданатын (КОКП XX құрылтайының шешімдеріне сай) республикалық комиссияны басқарып, игілікті қыруар жұмыс атқарған;

– Мәскеуде Қазақстан өнері мен әдебиетінің екінші онкүндігін 1958 жылы жан-жақты жақсы дайындықпен өткізуге күш салған. Онкүндік нәтижесінде айтулы тарландарымыздың ең жоғары атақпен марапатталуына, үлкен құрмет-қошамет көруіне, бес әртісімізге «КСРО халық әртісі» атағы берілуіне себепші болған;

– ҚКП Орталық Комитетіндегі қайсыбір «сақ-қырағылар» Бауыржан Момышұлының «За нами Москва» кітабінің жарық көруіне қарсы болса да, Жұмекең орынсыз қарсылықты жеңіп, кітапті басып шығартқан;

– Алматының дәл ортасында К.Маркс көшесінде салынған 120 пәтерлік үйді қазақ әдебиеті мен өнерінің қайраткерлеріне бергізген;

– Мұхтар Әуезовтің «Абай» романын Лениндік сыйлыққа ұсынуға жолбасшы болған;

– Нұрмолда Алдабергеновке Социалистік Еңбек Ерінің үшінші Алтын жұлдызын, Бауыржан Момышұлы мен Рахымжан Қошқарбаевқа Кеңес Одағының Батыры атағын алып беруге әрекет жасаған, бірақ хрущевшілдердің, маршал И.Коневтің қарсылықтарына тап болған;

– республика тіршілігінің қай саласында болсын қазақтың білімдар, жас кадрларын өсіруді бірінші кезектегі міндеті санап, орындап отырған. Министрлер Кеңесіне Төраға болысымен аппаратына 12 қазақты алған;

– ҚКП Орталық Комитетінде қазақ газеттерін аудармаға айналдыру туралы зымияндық мәжіліс өткізілгенде ашынып қарсы сөйлеген;

– Мағжан Жұмабаевтың жесіріне пәтер бергізген;

– Тоңмойындар мен безбүйректерден жәбір көріп алдына келген адамдарға дереу көмек көрсеткен. Жылы сөзімен де, нақты ісімен де баураған [2].

Сонымен, Жұмабек Тәшенев осындай алқымы кең, дүниеге көзқарасы салалы, білім мен тәжірибеге жүгіне білетін, алғыр мемлекет қайраткері екенін көрсете білді.

*Жұмабек Тәшенев елінің бірлігін, жерінің тұтастығын
қорғап, әділдікті ту еткен азамат ретінде*

Кезінде Алаш арыстары мынадай алты мәселені ұлттың ұстанымы еткені белгілі: бірінші, «Бай, кедей, орта деген секілді таптық бөлінушілік болмасын»; екінші, «Жерді сатуға мүлде болмайды» (әйгілі ұлт көсемі Ә.Бөкейханның «Қазақ жерінің әрбір түйір тасы қазақтың өңіріне түйме болып қадалуы керек» дегені осыған дәлел); үшінші, «Жердің асты мен үстіндегі байлық қазақтың төл меншігі ретінде саналады»; төртінші, «Бір тоқтының жүнінен бір жапырақ бұл тоқылатын болса, ол ең алдымен қазақтың үстінен табылуы қажет»; бесінші, «Қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын»; алтыншы, «Мемлекет құруда ұлттық салт-дәстүрді сақтай отырып, дамыған Жапония елінің тәжірибесі қолданылсын».

Бұл алты ұстанымның ең негізгісі, ең маңыздысы жер еді. Дүниеге келіп, дүниеден кететін алтын бесігіміз Жер-ана. Қазақ жері ұлтарактай жер емес-ті, бабалардың білек күші, найзасының ұшымен қорғалған ұланғайыр байтақ өлке еді. Шұрқырап жылқысы өріп, ақтылы қойы жайылған берекелі мекен болған жер еді [3].

Қазақтың осы ұланғайыр киелі жерін талан-тараждан қорғап қалу мыңның бірі Ж.Тәшеневтің маңдайына ғана жазылды. Алаш арыстары сияқты Жұмекең де мемлекеттің тұтастығын ойлады. Сол жолда күресіп өтті. Солтүстіктегі бес облысты, Оңтүстік Қазақстанның бес бірдей ауданын, «майлы

киян» Маңғыстау түбегін жат жұртқа бермеу жолында арпалысты, айқасты. Ол кеңестік саяси жүйенің билеп төстеушілерінен жасқанбаған, көңіліне түйген ойларын тура айта білген нар тұлға еді.

Бүгінгі күнде біздің білетініміз, алып елдің басшысы Никита Хрущев 1954 жылдан бастап Қазақстанның оңтүстік аудандарын бөлшектеуге кірісіп кетті. Тамыз айының аяқ кезінде Қазақстан Орталық партия Комитетіне КОКП Орталық Комитетінен Шымкент облысының Бостандық ауданын түгелімен Өзбекстанға беру жөнінде ұсыныс жасаңдар деген хабар түсті. Бұл ауданды Өзбекстанға беруге болмайды деп қарсылық білдіріп, Министрлер Кеңесінің орынбасары М.Бейсебаев қол қойған хат осы күні Қазақстан республикалық архивінен табылды.

Бұдан кейін де Бостандық ауданын Өзбекстанға беруге қарсылық білдірген хаттар Орталық мемлекеттік мұрағатта сақтаулы жатыпты. Осы мәселені анықтап, зерттей түсу үшін комиссия құрылды. Оның құрамында Ж.Тәшенев, М.Бейсебаев, С.Дәуленов, Х.Арыстанбеков, А.Морозов, В.Гогосов, В.Шереметьев болды. Комиссияның төрағасы болып Ж.Тәшенев бекітіледі. Комиссия мынандай шешімге келеді:

«Қазақстанның Орталық партия Комитетінің Бірінші Хатшысы Брежнев Л.И. жолдасқа.

Қазақстан Орталық партия Комитетінің тапсыруы бойынша арнайы құрылған комиссия... Бостандық ауданына барып, жергілікті аудан адамдарымен сұхбаттасып, жергілікті жағдайды жете зерттеп, Қазақстан Орталық партия Комитетіне арнайы хат түсірді.

Бостандық ауданының жері... мал өсіруге мәні зор екендігін, құрылыс материалдарын өндіруге, су-энергетикалық қорларының молдығын... қорғасын, көмір және машина жасайтын өндірістердің жұмыскерлері демалатын санаторийлар ұйымдастыруға қолайлы екендігін ескеріп, бұл ауданды Өзбекстанға беруді өте тиімсіз деп санаймыз.

...Оңтүстік облысының Бостандық ауданын Өзбек ССР-іне беру жөніндегі Өзбек ССР-і Өкіметінің сұрауын комиссия негізсіз деп есептейді... (Қол қойған комиссия мүшелері: Ж.Тәшенев, М.Бейсебаев, С.Дәуленов, Х.Арыстанбеков, А.Морозов, В.Гогосов, В.Шереметьев, 1 маусым 1955 жыл)».

Комиссияның қорытындысы Қазақстан Орталық партия комитетінің бюросында арнайы қаралды. Онда мынандай шешім қабылданды: «... 1955 жылдың маусымы... Қазақстан Орталық партия комитетінің бюросы қаулы етеді:

1. ...Бостандық ауданының жерінің мәнін жоғары бағалай келіп, Орталық партия Комитетінің бюросы Ж.Тәшенев басқарған арнайы комиссияның қорытындысымен келісті. Бостандық ауданын Өзбекстанға бермеу жөнінде қаулы қабылдады».

Бірақ Қазақстан Республикасы басшы адамдарының қарсылығына қарамастан, 1956 жылы 13 ақпанда КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы Қазақ ССР және Өзбек ССР аралығындағы шекараларды өзгертулер туралы деген Жарлығымен Өзбекстанға Оңтүстік Қазақстан облысының Бостандық ауданын берді. Аудан құрамындағы 16 колхоз, Бостандық және Оңтүстік машина-трактор стансалары, консерві, мрамор зауыттары, Ақтас рудобасқармасы, Шыршық лесхозы сияқты кәсіпорындар мен 51 мектеп, 24 мәдени-ағарту, 32 емдеу-профилактикалық мекеме, т.б. жоғарыда аталған мекемелер де, оларда қызмет ететін адамдар да, бүкіл аудан жері Өзбекстанға толығымен өтті [4].

Бұл аз болса, тағы да Қазақстанның екі ауданы, ең шұрайлы 3663 мың гектар жерлері біраз уақыттан соң Өзбекстанға халықтың келісімінсіз берілді. Сонымен, мәскеуліктерді өз пайдасы үшін жақсы пайдалана білген Өзбекстан басшыларының жолы болды. Сол кезде олар оңай олжаға ие бола қалды. Мәскеуліктер қазақ халқының жан айқайын естімеді. Ата-бабадан қалған кең-байтақ Қазақ жерін жанымен қорғап, сол үшін барлық игілігінен айырылған Жұмабек Тәшеневтің айтқанын тыңдамады, ұсынысын елемеді.

Әрине, ойын бүкпейтін, қандай мәселе болмасын оның принципті түрде дұрыс шешілуіне мұрындық болып жүрген Жұмекеңнің өмір жолы тақтайдай тұзу бола қоюы қиын еді. Бодан елдің басшыларының дәрменсіздігіне, не айтса соған бас шұлғып, «күп болады», «мақұл» деп жүре беретіндігіне әбден еттері үйренген отаршыларға Жұмекең жақпады. Жағуы мүмкін де емес еді.

Мысалы, 1960 жылы Семей облысында қыс қатты болып, жемшөп таусылып, мал шығыны бола бастады. Осы кезде Ж.Тәшенев өзінің шешімімен мемлекеттік сақтандыру қорындағы астықты малға бергізді. «Мәскеудің құзырындағы қордан рұқсатсыз астық алдың» деп айыптаған А.Н.Косыгин Қонаевқа телефон соғып, республиканың үкімет басшысын КСРО Министрлер Кеңесі мәжілісінде жауапқа тартатынын айтады. Димекеңнің «бұл мәселені өзімізде қарайық, астық мал басын аман алып қалу үшін жұмсалды ғой» деген тілегіне құлақ аспай, Тәшеневке сөгіс береді.

КСРО Қаржы министрі Б.Ф.Гарбузов мінезі жеңіл, аумалы-төкпелі, айтқан сөзінің бәтуасы аз кісі болатын. Бірде Жұмабек Ахметұлы келесі жылдың бюджеті туралы сөйлесуге барса, анау

орындығында шалқая жатып: «Үнемі сұрайсыңдар, ақша жоқ» деп жөнімен сөйлеспепті. Сонда Жүмекең: «Албанияның Премьер-министрі Мехмет Шеху келсе, далаға жүгіріп шығып, есік алдында қарсы алар едің, ал Албаниядан он есе үлкен Қазақстанның Премьер-министрімен неге дұрыс сөйлеспейсің?» — депті. Сөзден ұтылған, әуелден су жүрек Гарбузов тез өзгеріп, кешірім сұрап, қойған мәселелерін нақтылап шешіп беріпті.

Үкімет мәжілісінде келесі жылдың халық шаруашылық жоспары қаралып жатқанда, мінбеге көтерілген Тың өлкелік атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары Козлов: «Жұмабек Ахметұлы! Біз сіздерден ештеңе сұрамаймыз, тек Мәскеудің бергеніне тимесеңдер болғаны» деп көкиді. Мұндай жүгенсіздікті жаны сүймейтін Жүмекең Козловты тоқтатып қойып: «Тың өлкесі Қазақстанның құрамында, ал Қазақстанды оның Орталық партия Комитеті мен Үкіметі басқарады. Сіз сол партияның мүшесісіз. Мынандай қыңыр мінезбен істі қоймайтын болсаңыз партиядан шығарып, орнынан аламыз. Содан кейін баратын жеріңе барып, айтатын арызыңды айта бер» депті. Бұрын КОКП Орталық Комитетінде бөлім меңгерушісі қызметін атқарған ол мына сөзді естігенде зәресі ұшып: «Сіз мені кешіріңіз, мені қате түсіндіңіз» деп мәймөңкелесін келіп. Залда отырғандар «батырдың» әуелі дәрекі сөзін естіп, артынан жалынып, кешірім сұрағанын көріп, «көп тасығанға бір тосқын бар» екеніне көзі жеткендей болған [5].

Сол уақыттағы Тың өлкелік партия Комитетінің Бірінші Хатшысы Т.И.Соколовтың: «Қазақ халық емес, оларды немістермен будандастыру керек» деген сандырағын өзімізге айтқызу үшін қазақтың ішінен шыққан кейбір босбелбеу зиялысымақтарымызды сарнатып, оны іс жүзіне де асыра бастағанын, және Т.И.Соколов, Н.С.Хрущевпен ақылдаса отырып, Қазақстанның Солтүстік өңіріндегі бес облысымызды Ресей Федерациясының құрамына қосу керек деген сөздерін естіген Жұмабек Ахметұлы Т.Соколовқа: «Қазақстанға бағынбауды аңсасаң, 24 сағаттың ішінде табаныңды жалтырат, құры! Тың өлкесі Ресейге берілмейді, айтар жеріңе айта бар!» — депті.

Тағы бір мысал. «Өткен жылдардағы басшылар ішінен ерекше кімді бөліп айтар едіңіз?» — деген тілші сұрағына академик, кезінде еліміздің Ғылым академиясын басқарған, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Халық қаһарманы Шапық Шөкин: «Жұмабек Тәшеневті. Қазақстанның тағдыры үшін өзінің кең пейілін жоғары жауапкершілікпен ғажап ұштастырған жан. Республиканың ғылым мен мәдениетінде болып жатқандардың бәрі оның нәзік жүрегіне әсер етуші еді», — депті.

Қазақтың классик жазушысы Ғабит Мүсіреповтің: «Біз ЦК емеспіз, біреуді бір орыннан алып, бір орынға қоя алмаймыз. Жазушы деген халық кісіні мақтағанда өз жүрегінен орын береді. Менің жүрегімнің төрінен орын алатын, менің ер інім, еркек інім Жұмабектің қадамы құтты болсын», — деген бір кездегі жүрекжарды тілегі бүгіндері де әр қазақтың көңіліне қонымды сөз болып тұрғанын уақыт көрсетіп отыр. Өйткені елінің бірлігін, жерінің тұтастығын қорғап, әділдікті ту еткен Жұмабек Тәшенев сынды азаматымыз халықтың жүрегінен мәңгі орын алды деп ашық айтатын заманға жеттік.

Тың трагедиясы

XX ғасырдың 50-ші жылдарының басында тың игеру деген желеумен қазақ жеріне түрмеде отырғандарды уақытынан бұрын босатып әкеліп, оңай ақша тапқысы келгендерді сендей соғылыстырып, аз уақыттың ішінде 1,5 миллиондай адамдар қазақ даласына қарай қаңбақша айдалды. Орталықтың неше түрлі халықтарды, ұлыстарды елімізге қойша тоғытып, мидай араластырып жіберулерінің кесірінен, басқа ұлтпен некелесіп тамырын солдырған, ұлтының мәдениетінен жұрдай, ділін, тілін білмейтін, тек төлқұжатында ғана қазақ деп жазылатындар пайда болды. Содан ұлтымыздың мәйегі — қыздарымыздың намысы өліп, көрінгеннің қолтығында оп-оңай кете беретіндей халге жеттік.

Дәл осы кезде Никита Сергеевич Хрущевтің тасы жерге түспей аспанға ұшып, ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып жатқан мезгіл-тің. Оның ұсынысымен тың игеру деген желеумен Қазақстанның солтүстік аймағындағы астықты облыстарының басын қосып, Орталық Тың өлкесі (орысша «Целинный край») деген аймақ құрылды. Бұл қазақ халқының ризашылығымен тумаған жағдай еді. Аймақ бес облысқа бөлінді: Көкшетау облысы (орталығы — Көкшетау), Қостанай облысы (орталығы — Қостанай), Павлодар облысы (орталығы — Павлодар), Солтүстік Қазақстан облысы (орталығы — Петропавл), Целиноград облысы (орталығы — Целиноград). Аймақтың орталығы — Целиноград қаласы. Жағдай солай болған соң 1961 жылы Ақмоланың аты Целиноград болып өзгерді (қазіргі Астана қаласы).

Қазақстанның Коммунистік партиясы Өлкелік Комитетінің Бірінші Хатшылары Соколов Тихон Иванович, одан кейін Коломиец Федор Степанович дегендер болды. 1965 жылдың 16 қазанында Н.С.Хрущев биліктен айырылған соң, Тың өлкесі (Целинный край) тарады [6].

Өлкелік Комитетінің Бірінші Хатшылары Қазақстанның басшы орындарына бағынғысы келмей, жерлерді игере бастағаннан төрт-бес жыл өтер-өтпестен тікелей Орталыққа (Мәскеуге), болмаса РСФСР-ға бағынуды арман етіп, КОКП Орталық Комитетінің алдына қайта-қайта арнайы мәселе қойды. Олар тыным таппады. Никита Хрущев те Тың өлкесін бүтіндей РСФСР-ға бағындырудың неше түрлі амалын іздеп, Саяси бюроға қайта-қайта ұсыныс жасап бақты.

Тың өлкесі жайында Жұмабек Ахметұлының өз аузынан естіген естелікті профессор Мұқаш Елеусізов былай суреттейді: «Тың өлкесін құрудағы Мәскеудің негізгі мақсаты, — деп бастады әңгімесін Жұмекең, — біраздан кейін сол өлкеге қарайтын бес облысты РСФСР-дың қарамағына ауыстыру саясаты болатын. 1960 жылдың күзінде Н.С.Хрущевтің қатысуымен Ақмола қаласында өлкелік партия, совет және шаруашылық қызметкерлерінің үлкен жиналысы болды. Өлкенің қазіргі жағдайы әрі келешегі туралы мәселелер қаралды.

Жиналыстың бірінші күні аяқталғаннан кейін кешкі сағат он кезінде менің бөлмеме Д.А.Қонаев (сол кездегі Қазақстан Компартиясының 1-ші хатшысы) телефон шалып, Н.С.Хрущевтің шақырып жатқанын айтты. Бұрын кездескенімде жылы шырай көрсететін мәскеулік бастық жүзінен бұл жолы қатаңдық байқалды.

Сөзін бастағаннан-ақ «Советтер Одағындағы ұлт республикаларының жан-жақты дәрежеге жетуінің негізгі себебі, ол Совет үкіметі мен Ұлы партиямыздың көрегендік саясаты арқасында екендігін көпшілік білсе де, әлі күнге дейін соған дұрыс мән бермейтіндер де жоқ емес деп сөзін бір түйді. Соңғы кезде Саяси бюро мәжілісінде Қазақстанның саяси-экономикалық мәселелері сөз болғанда, бұл республиканың алға дамуына кедергі келтіріп отырған түрлі себептер бар екендігі айтылып отырады. Солардың ең бастысы республиканы басқарып отырған кадрлардың қазіргі талапқа сай келмей отырғандығы және өзге республикаларға қарағанда жер аумағының өте кеңдігі, ал өндіріс салаларының өте көптігі дер едім, — деп тағы түйді. Ал, енді осы жағдайларды ескере келіп, Саяси бюродағы келісім бойынша осы кедергіні тез арада шешпейінше республика алға жылжи алмайды. Кадр мәселесін кейінірек қарауға тиістіміз, қазіргі кезектегі және жедел шешетін мәселе — ол республиканың жер көлемі жайында болып отыр. Жолдас Қонаевпен және облыс басшыларымен пікір алысқанбыз. Бұл пікірімізді олар негізінен қолдады. Жұмабек Ахметович, енді сіздің пікіріңізді білгім келіп шақырып отырмын», — деді.

— Мәймөңкені білмейтін басым, — деді Жұмекең, — Никита Сергеевич, бұл мәселенің шешілуі былай тұрсын, тіпті күн тәртібіне қойылуының өзіне қарсымын дедім. Менің сөзімді естісімен-ақ бастықтың беті қызарып, көзі аларып, тұтығып, маған жалтақ-жалтақ қарап тұрып қалды. Сәлден кейін:

— Саяси бюроның келісіміне қарсы шығатын сен өзің кімсің, біз саған сенім білдіріп республиканың үкімет басшысына дейін көтердік, ал сенің айтып отырғаның мынау. Әрі-берідесін бұл мәселені сендерсіз-ақ шешеміз, Совет елі бір мемлекет, қай жерді қай республиканың меншігіне беру КСРО Жоғарғы Кеңесінің еркі. Бұл жай пікір алысу еді, — деп реңінен ашуының қайтқаны білінді. Сонысын пайдаланып мен халқымыздың «шешінген судан тайынбас» дегені есіме түсіп, пікірімді жалғастырдым. Никита Сергеевич, — дедім, — егер Жоғарғы Кеңес әр республиканың жерлерін жергілікті орындарсыз шеше беретін болса, КСРО-ның және ұлт республикаларының Конституцияларын жою керек қой. Ал, ол Конституцияларының заңдарында әр ұлт республикасы өзінің тарихи жеріне, ондағы табиғи байлығына өз меншігім деп пайдалануға құқығы бар. Оны өзгертуге ешкімнің, ешбір органның құқығы жоқ деп ойымда жүрген Ата Заңымызда жазылған баптардағы тұжырымды айттым. Сөзімді жалғастырып, егер бұл заңдармен санаспайтын жағдай туса, онда біз халықаралық заңды мекемелерге дейін шағым беруден де таймаймыз, ондай құқығымыз бар дедім. Бұл сөздерді менің өте тебіреніп, ыза кернеп тұрып айтқанымды жанымда отырған Қонаев та, алдымда отырған Хрущев та таңдана отырып тыңдағанын сездім. Біраздан кейін Хрущев Қонаевқа қарап, «сонымен бұл әңгіме осымен аяқталсын», — деді. Орыстардың: «Кешкі ойдан таңның тағылымы артық» дейтін нақыл сөзі бар, ертеңгі жиналысқа дайындалайық, дем алайық, — деп тұра жөнелді, соңынан біз де шықтық. Далаға шыққан соң Д.Қонаев маған: «Жүр, бәрібір дұрыс ұйқы болмас, аздап жүріп қайтайық», — деді. Көшенің шетімен жүріп келеміз, біраздан кейін тоқтап тұрып маған қарап: «Әй, Жұмеке-ай, жүрек жұтқан көзсіз батырсың-ау», — деді. Мен тұрып, маған берген бағаңның бірінші жартысын қабылдаймын, ал екінші жартысын қабылдай алмаймын дедім. Батыр көзсіз болмайды, ондай батыр отқа да, суға да түседі, одан не пайда? Бірақ мен елдің мүддесін қорғау үшін қияметке болса да дайынмын. Сонымен әңгімені тоқтатып, келіп дем алдық.

Келесі күнгі жиналыс бұрынғы күн тәртібі бойынша аяқталды. Хрущевты «Шортандыға» дем алуға шығарып салдық, Қонаев екеуміз Алматыға оралдық. Бір айдан кейін өзіміздің партиямыздың

кезекті пленумында ақыры «басқа жұмысқа ауысуына байланысты» деп мені орнымнан босатты. Оңтүстік Қазақстан облыстық Кеңесінің орынбасарлығына жіберілдім. Көп ұзамай менің орныма Қонаевтің өзін бекітті, ал оның орнына Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы болып И.Юсупов сайланды. Сөйтіп, деді Жұмекең күлімсіреп тұрып, біздің «Целинная эпопеямыз» осылай аяқталған болатын, — деп күрсінді» [7].

Иә, халқымызға тың игеру заманының әкелген зардабының белгілері әлі де алда ашыла бермек. Қаншама миллиондаған гектар жеріміз әумесерлікпен ойсыз жыртылып, шаңы аспанға шығарылды. Осынау берекесіздіктің кесірінен аз уақыттың ішінде жеріміздің құнарлығы 20–25 пайызға дейін құлдырап түсіп кетті. Ол аз дегендей, қаншама жеріміз жарамсыз болып, бұл күнде арамшөп басты. Енді ол өңірлердің байырғы бозын, бидайығын қалпына келтіру үшін әлі де 30–40 жылдай уақыт керек. Обалы кімге? Сұрауы кімнен?

Жұмабек Тәшеневтің Шымкент облаткомында істеген жылдары

1960 жылы желтоқсан айында КСРО Жоғарғы Кеңесінің кезекті сессиясы кезінде республика басшысы Дінмұхамед Қонаевты Компартия көсемі Никита Хрущев шақырып алып: «Тәшеневтің үстінен түскен арыз-шағым бастан асады. Шөптің басы жел тұрмаса қимылдай ма, тексеру олардың дұрыстығына көз жеткізеді. Егжей-тегжейін партиялық-ұйымдастыру бөлімінен білуіңізге болады. Оған республика Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметі қиындау тиіп жүр. Жеңіл-желпілеу жұмыс беріңіз», — дейді [8].

Сонымен Жұмабек Тәшенев Мәскеудің айдауына жүрмегені үшін 1961 жылы Қазақстан Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметінен босатылып, Шымкент облыстық Кеңесі төрағасының орынбасарлығына жіберілді.

Жұмекең сол облыста он төрт жыл бойы (1961–1975) орынбасарлық қызметін абыройлы атқарып, халықтың мүддесін ойдағыдай орындағаны үшін сый-құрметке бөленді, ақыры сол жерден Одақ дәрежесіндегі зейнеткерлікке шықты (1975 ж.).

Филология ғылымдарының докторы, профессор Сағындық Кенжебаев «Бәрі құрбан атамекен жолында» атты мақаласында [9] Ж.Тәшеневтің Шымкентте өткізген жылдарын былай суреттейді: «Шымкент облаткомында Жұмекең істеген жылдарда өтініш-тілектер ескерусіз қалған емес. Қала, дала еңбекшілері оған тоқтаусыз келетін. Сатылап өсіп, шыңға шыққан, жайсаң, жан-жақты. Оның мінезінен, жүріс-тұрысынан өткенді көкsep, ұнжырғасы түсу, не төрелік, пандық мінездерді ешкім көрген емес. Үлкенге де, кішіге де тиісті, тұрақты ізет көрсету оған тән әдет еді. Сондықтан да ол ел ағасы болып танылып, халық құрметіне бөленді. Бұл құрмет билеушілердің озбырлығын ойрандататын күдіретті күш, ердің елеулі емі. Қалың елдің ерге деген өлшемі, бағасы, билік қимылдарымен есептеспей-ақ дара, тәуелсіз, мығым тұрады. Оның қисыны неше түрлі. Бұны бірден түсіну қиын. Құрмет нарық емес, сый саудаланбайды. Халықтың ниеті, назары адамға ауса, оны көкке көтереді.

Шымкент еліне келгенде Жұмекең қырықтың ортасында еді. Ол кісі туралы «торға түскен айбарлы арыстан ғой, сабаз» деген сөздер жиі естілетін.

Көп оқып, көп білуді біржола кәсіпке айналдырған Жұмекең баспадан шыққан кітаптарын, мақалаларын, толып жатқан баяндама, сөздерін белгілі бір тәртіпке келтіріп, жүйелі еңбек жазуға кірісті. Соның арқасында 1962 жылы Мәскеуде экономика ғылымы саласы бойынша кандидаттық диссертация қорғады. Ғылыми кеңес бірауыздан дауыс берді».

Жұмекеңнің диссертациясы ғылыми монография ретінде жарық көрді: «Казахстан в братской семье народов СССР» (Алма-Ата: Казахское государственное издательство, 1960. — 230 с.) Бұған қоса ауыл шаруашылығы экономикасы тақырыбынан бірнеше кітаптар жазып шығарды.

Жұмабек Тәшеневке тоталитарлық заманның көрсеткен қысымы аз емес еді. Жиырма жылдай еңбектеніп жазған докторлық диссертациясын ақыры бекітпей тастады. Орталықтың, әсіресе ерікті тұсап, қанатты байлап, еркіндікке өріс бермеген өктемдігі — Жұмекеңнің жанына қатты батты, жүрегін сыздатып ауыртты.

Қалай күйзелмейсің? Қазақстанның өз байлығы өзіне толық бұйырмаса... Биліктің түпкі тізгінін қолына мықтап орап ұстаған Мәскеудегі өктем Орталық республика басшылығына ырық бермесе... Елдің жер астынан шығарылған кені, жер бетінен алған өнімі, малының еті, сүті, майы Жоғары Орталықтың әмірімен, Қазақстаннан тыс өлкелерге жөнелтіліп жатса... Республиканың тың жерлерінен өндірілген аса құнарлы күшті бидай, Мәскеудің наряды бойынша, Қазақстанның өз аудандарынан бұрын, алдымен Ресей облыстарына вагон-вагон болып тиеліп жіберілсе...

Осының бәрін көріп отырып, терістігін біле отырып, қалай үндемейсің?

Жұмекең 1986 жылы («Желтоқсан оқиғасына» 21 күн қалғанда) мәңгілікке аттанды. Кенеттен болған қаза жұртты қатты күңіrentті. Тағы да үкімет тұтқасын ұстап отырғандар халқымен қоштасуға Жұмекеңнің мәйітін өзі басқарған аналитикалық орталық залына қойдырмады. Қоштасу мезіреті үйінде өтті. Әрі Тәшеневтің балаларына әкесін Алматыға апарып жерлеуге рұқсат берілмеді. Жұмекеңді жерлеуге туған-туысқандары, қызметтес жолдастары, ол кісіні білетіндер, ол туралы естігендер, қала, ауыл адамдары қатысты. Шымкент халқы табыт өтетін жолдың екі жағында иық тіресе тұрып, өз арысын соңғы сапарға шығарып салды.

Сөз түйіні

Қазақстанның бұрынғы бірінші басшысы болған Исмайыл Юсупов Жұмабек Тәшеневтің халық алдында атқарған еңбегін былай бағалайды: «В 60-х годах, во времена освоения целины, Хрущев, идя на поводу у некоторых людей, предполагал присоединить ряд северных областей Казахстана к России... Не нашелся никто иной, кто мог бы открыто противостоять Хрущеву, кроме Ташенева... Разве не прямо и бесстрашию Ташенева спасли и сохранили Казахстан от раздела? Ташенев был человеком очень открытым, душевным, с добрым сердцем, но за свою республику, за свой народ был готов ко всякой борьбе, ко всяким неожиданностям. Если он был, как говорит Кунаев, думающим только о себе, смог бы схватиться с таким диктатором, каковым в то время был Хрущев? По-моему, только такие отважные люди, как Ташенев, ничего не боясь могут один на один выйти на тяжелый бой. Твердые, решительные позиции Ташенева возымели свое и Хрущев этот вопрос заново не поднимал. Вот каких настоящих сынов-героев не должен забывать казахский народ» [10].

Жұмабек Тәшеневтің осындай адам айтса нанғысыз керемет ерлігін осы өзінің замандасы, кезінде оның негізгі оппоненттерінің бірі болған Исмайыл Юсуповтен артық қалай әділ суреттеуге болады.

Егер Жұмекең болмағанда, Ақмола Астана емес, әлдеқашан Ресейдің «Хрущевград» қаласы, Целиноград облысы болып кетуі айдан анық дүние еді ғой. Сондықтан да біздер Тәшеневтің тарихи тұлғасын өз дәрежесінде бағалай білуге тиіспіз [11].

Тәшенев сияқты біртуар тарлан тұлғаны Б.Момышұлы айтқан мына бір ауыз өлеңмен бағалауға болады:

*Қолбасшы болсаң сондай бол,
Жосылып жатқан жолдай бол.
Қайрат етер мезгілде,
Жүк көтерер нардай бол.
Ақыл айтар мезгілде,
Мың жасаған шалдай бол.*

Жұмекеңнің қазақ елінің тарихында өнегелі қасиеттерімен өз есімін қалдырған ірі тұлға екендігін халқына жасаған кез келген нақты істері дәлелдейді. Кең ауқымда ойлайтын, қалыптасқан қайраткер ретінде өзінің еліне, халқына адал қызмет етті. Сондықтан да халық жадында мәңгі сақталатындығы ақиқат.

Сөз соңында айтарымыз, Жұмабек Ахметұлы Тәшенев сияқты абзал ағамыздың сырға толы өмірін, қиын-қыстау жағдайдағы айнымас ар-намысын аңызға айналдыру кейінгі буынға аманат. Өйткені «Елімнің мүдесі үшін қияметке де дайынмын!» деген тарихи тұлға Жұмекеңнен Елінің де аяп қалары болмаса керек!

Әдебиеттер тізімі

- 1 Каренов Р.С. Тұғыры биік тұлғалар. — Алматы: Ғылым, 2003. — 275-б.
- 2 Қабышұлы Ғ. Елге керек шындық // Ақ жол Қазақстан. — 2004. — 9 шілде. — № 27 (100).
- 3 Тілеуғазыұлы З. Оғлан (Ж.Тәшеневтің ерлігі, немесе қазіргі қазақ жері) // Жаңа Сарыарқа. — 2009. — № 5. — 7-б.
- 4 Қауымбаева А. Қазақстан жері Өзбекстанға қалай берілді? // Қазақ тарихы. — 2005. — № 5. — 102-б.
- 5 Кәкен А. Жұмабек Тәшенев // Егемен Қазақстан. — 2003. — 22 наур.
- 6 Есім Ғ. Астана-Ақме / қоғам символы // Егемен Қазақстан. — 2009. — 30 маусым.
- 7 Елеусізов М. Ұмытылмас кездесулер // Жұлдыз. — 1998. — № 4. — 147,148-б.
- 8 Қонаев Д.А. Өтті дәурен осылай. — Алматы, 1992. — 200-б.
- 9 Кенжебаев С. Бәрі құрбан атамекен жолында: Қоғам қайраткері Жұмабек Тәшеневтің тағдыры осыны айқындайды // Азат. — 2004. — 17 қар. — № 42 (93).
- 10 Ганиев А. С чистотой помыслов. — Алматы: Казахстан-Арзу, 1997.
- 11 Кәрішал Асан Ата. Шынжырда өткен жолбарыс. (Жұмабек Тәшенев туралы толғау) // Жұлдыз. — 2003. — № 10. — 115-б.

Р.С.Каренов

Жумабек Ташенев — Кенесары двадцатого века (к 95-летию со дня рождения)

Дается оценка жизни и деятельности высоко одаренной и многогранной личности — Жумабека Ахметовича Ташенева, работавшего в свое время Председателем Президиума Верховного Совета, затем Председателем Совета Министров Казахской ССР. Литературным языком описывается, как свою кипучую энергию и организаторский талант, интеллектуальный потенциал и политическую смелость он направлял на развитие экономики и культуры страны, отстаивал территориальную целостность Казахстана. Обосновывается необходимость увековечивания заслуг этого выдающегося государственного и партийного деятеля перед страной, которой Ж.А.Ташенев всю сознательную жизнь служил верой и правдой.

R.S.Karenov

Zhumabek Tashenov - Kenesary twentieth century (the 95th anniversary)

It Is Given estimation to lifes and activity high gifted and polyhedral personality — Zhumabeka Ahmetovicha Tasheneva, worked in due course by Chairman of the Presidium of the SUPREME SOVIET, then Chairman of the Advice Minister Kazakh SSR. The Literary language is described, as its ebullient energy and organizational talent, intellectual potential and political boldness, he directed on development of the economy and cultures of the country, defended territorial wholeness Kazakhstan. It Is Motivated need увековечивания заслуг this prominent state and party figure before country, which Zh.A.Tashenev whole conscious life served the faith and truth.

ӘОЖ 821.512.122:82–1

Ж.А.Рүстемова, М.Қ.Медеубаева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;
№ 18 жалпы білім беретін орта мектеп, Қарағанды*

XX ғасыр басындағы қазақ ақын-жазушылары және Абай, Ыбырай дәстүрлері

Мақалада XX ғасыр басындағы қазақ балалар поэзиясындағы Абай, Ыбырай салған дәстүр көріністері қарастырылды. Авторлар сондай-ақ ағартушы-ақындардың шығармаларындағы тақырыптық, идеялық, композициялық үндестіктер мәселесіне назар аударды.

Кілтті сөздер: XX ғасыр басы, қазақ ақын-жазушылары, өнер-білімге шақыру, оқуға шақыру, басты тақырып, аралас буынды өлшем, философиялық астар, үгіт-насихат сарыны, аударма өлең, идеялық сабақтастық, тақырыптық үндестік, бейнелеу құралдары, көркемдік әдіс-тәсілдер.

XX ғасыр басындағы қазақ ақын-жазушыларының, атап айтатын болсақ, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Ж.Көпеев шығармаларында Абай мен Ыбырай салған арна-дәстүрлердің анық көрінісі бар. Өнер-білімге, оқуға шақыру XX ғасыр басында жанр біткенге басты тақырып ретінде желі болып тартылды. М.Дулатовтың 7–8 аралас буынды өлшеммен жазылған «Мектепке» (1911) және «Мектептен» (1911) өлеңдерінде қыс мезгілінің құбылыстары оқушы бала тірлігімен астаырыла беріледі. Әдетте, мектепке, оқуға шақыру күзбен байланыстырылса керек еді. Ал бұл өлеңдердің объектісі — қыс.

*Ашық күнде жарқырап,
Жаңа жауған жатыр қар.
Домбықтырып беттерін
Адамдардың тұр ызғар.*

Өлеңде автор қыстың ажарлы келбетін суреттеуден оның қытымыр мінезін баяндауға жедел ойысады. Мұның себебі өлеңнің философиялық астарында жатқан сияқты.

*Жатырсыңдар неге ұйықтап?
Күн шығып қалды, балалар.*

*Таңертеңгі аязбен
Мектебіңе жөнел бар.*

«Оян, қазақтың» авторы бұл жерде де «ұйқыдан ояту» идеясына адал. Символика айқын: жаңа жауған қар — өмірдің әдемілігі, ызғар — тіршілікте болмай қоймайтын қиындық. Шыққан күн — мезгіл, сәт, уақыт. Әр адамның шешуші қадам жасар кезі. Таңертеңгі аяз — сол «ызғар» ұғымында: қиыншылық, бөгет деген сөз. Кедергі-бөгетке қарамай, алға ұмтыл, уақытыңды сәтімен пайдалан деген ойды ұғамыз. «Мектептен» өлеңіндегі сабақтан қайтқан балаларға ықылас үлкен. Тіпті үй алдындағы Майлыаяқ та «кұйрығын былғап еркелеп, қылды ықылас шындықтан». Оқу — еңбек түрі. Соңғы шумақ «Еңбек түбі — бейнет, бейнет түбі — зейнет» немесе «Еңбек етсең, ерінбей, тояды қарның тіленбей», даналығының салмағын көтеріп тұрғандай әсер береді:

*Күліп шулап, кірсе үйге,
Самауыр тұр бу шыққан.
Тойып алып тамаққа,
Балалар жатып тыныққан.*

Екі өлеңді («Мектепке» және «Мектептен») бір-бірімен байланыстырып тұрған — ақынның балаларды оқуға шақыру идеясы.

М.Дулатовтың «Мектепке» өлеңінде Ыбырайдың «Кел, балалар, оқылығыңдағы» сыпайылық емес, «мектебіңе жөнел бар» түріндегі өктемдік бар, «тезірек қимылдамасаң, несібеңнен қағыласың» дегенді аңғартатын жанашыр қамқорлық бар. Абай ықпалы қыс келбетін суреттеуі мен идея біртектестігінен көрінеді.

*Мектептен қайтып балалар
Қызарып беті суықтан.*

Абайдың өнер-білім, ғылым тақырыбындағы өлеңдерінің дидактикалық сипатымен, уағыздық қасиетімен ерекшеленетінін, жыл мезгілдеріне арналған өлеңдері мезгіл құбылысын дәл, өз қалпында және адам тірлігімен байланыстыра суреттеуімен өзгеше екендігін білеміз. Ал осы сипаттар Міржақып өлеңдерінде («Мектепке», «Мектептен») біртұтас көрінеді.

М.Жұмабаевтың 11 буынды өлшемдегі «Қарағым» атты өлеңінде үгіт-насихат сарыны басымдау. Арнау түріндегі өлең 1912 жылы шыққан «Шолпан» жинағына енген болатын.

*Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!
Ойынға, құр қаларсың, көңіл берме.
Оқымай ойын қуған балаларға
Жолама, шақырса да қасына ерме! —*

дейді ақын. «Өз кезеңінің проблемасын қарапайым жолдармен насихатшыл сарынға түсірген» [1; 14] бұл үзіндінің Абай өлеңінің «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге!» жолдарымен бір үндестікте екендігін байқаймыз. Абайдың «Ондай болмақ қайда деп айтпа, ғылым сүйсеңіз» дегенін Мағжан «Қарманған қарап қалмас!» — деген рас сөз, тоқтамай істе болсаң батып терге» деп жалғастырады. Ыбырай «Мал — дәулеттің байлығы, бір жұтасаң жоқ болар» десе, Мағжан ақын «Тер ағызып, өліп-талып табылған ата дәулет быт-шыт болып тозады» дейді. Абай «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз» дейтін болса, Мағжан болса «Көзі ашық адамдарға жақын жүрсе, олардың әрбір сөзін үлгі көрсе» деп ой толғайды. Ы.Алтынсарин «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінде өнерлі жұрттың артықшылығын санамалап көрсетіп, оқушысын сендіре баяндаса, М.Жұмабаев «Жатыр» өлеңінде былай дейді:

*Басқа жұрт аспан-көкке асып жатыр,
Кілтін де өнер-білім ашып жатыр.
Бірі — ай, бірі — жұлдыз, бірі күн боп,
Жалтылдап көктен нұрын шашып жатыр.*

«Үлгілі деп қабылдаған объектісіне мегзеу, оны өнеге етіп көлденең тарту жалпы ағартушылық рационализмге тән концепция. Мағжанның мұндай өлеңдерінде айтарлықтай жаңалықтан гөрі бұрыннан да бар мәселені көтерушілік қана бар. Ол автор қаламының балаңдығымен, кең масштабтағы жетекші бағыттың ірілігімен, сонысымен ақынға қатты әсер етуімен түсіндірілсе керекті» [1].

А.Байтұрсыновтың орысшадан аударған «Оқуға шақыру» өлеңі М.Дулатовтың «Мектепке», М.Жұмабаевтың «Қарағым» өлеңдерімен үндес. Ең алдымен, үшеуі де арнау түрінде келеді. Екіншіден, өлең шумақтарында ой ұқсастығын туғызған сөз қолданыстары бар. Аударма өлеңнің бір шумағын мысалға келтірейік:

Балалар! Оқуға бар! Жатпа қарап!

*Жуынып, киініңдер шапшаңырақ!
Шақырды тауық мана әлдеқашан,
Қарап тұр терезеден күн жылтырап.*

М.Дулатовтың «Мектепке» өлеңі мен А.Байтұрсыновтың «Оқуға шақыру» аударма өлеңіндегі «Жатырсыңдар неге ұйықтап?» пен «жатпа қарап», «күн шығып қалды» мен «қарап тұр терезеден күн жылтырап», «мектебіңе жөнел бар» мен «оқуға бар» дегендердің ара-жігі ажырағысыз. Мағжан мен Ахмет өлеңдері 11 буынды болып келуімен де ұқсас. Міржақып ақын өлеңіне 7 буынды өлшем ойнақылық сипат дарытса, 11 буынды өлшем үлкен салмақ жүгін көтеріп тұр. Мағжан, Ахмет өлеңдерінен авторлардың басты мәселеге тереңдеп бару талабы байқалады. Үшіншіден, үшеуінде де Абай, Ыбырайдан келе жатқан идея сақталған. Осы ретте Ыбырайдың «Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш» әңгімесінен үзінді келтірейік. «Өрмекші маса, шыбынға тұзақ құрып жүр, ұстап алған соң өзіне азық етуде. Құмырсқа бала-шағаларына тамақ аулап, бір нанның уалшағын тапқан соң өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан, үйіне жүгіріп қайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя істеуге шөп жиып жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ» [2]. «Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ» деген ойдың А.Байтұрсынов аударма өлеңінде берілуін байқайық:

*Адам да, ұшқан құс та, жүрген аң да,
Жұмыссыз тек тұрған жоқ ешбір жан да;
Кішкене қоңыз да жүр жүгін сүйреп,
Барады аралар да ұшып балға.*

Бес шумақ өлеңнің төрт шумағы қыбырлаған тірлік иелерінің әрекеттерін суреттеуге құрылған. Өлең соңындағы «Аллалап», ал кітапты қолдарыңа! Құлдарын құдай сүймес жалқау болған» деген екі жол тағы да Ыбырай әңгімесінің «сені де құдайтағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс жұмыстауға әдеттенуге керек» деген қорытындысымен бір тектес. Бұл тұста Ыбырайдың «Бір құдайға сиынып, кел, балалар, оқылық!» деп басталатын әйгілі өлеңін де еске түсірген жөн.

Ыбырайдың түсінігінде «бір құдайға сиынып барып» оқуға кірісу түптің түбінде өз нәтижесін бермек. Сол себепті сөз басын «бір құдайға сиынып, кел, балалар, оқылық!» деп бастайды. Оқу білген адам бір жаратқан иені танығын үстіне тани түседі деген ой өлең соңында берілген:

*Оқу білген таниды
Бір жаратқан құдайды.*

Құдайды танымаса, құдайға ұнамауы кәдік. Құдайға ұнамаған жанның осыған дейінгі істеген ісінің бәрі бос әрекет болуы мүмкін деген ой «Танымаған құдайды неғылғанда ұнайды» дегеннен қылаң береді.

Баланы құдайдан сұрау — халықтың ауыз әдебиеті үлгілерінен, әсіресе батырлар жыры, ертегілерден келе жатқан дәстүр. Баланың өнегелі болып өсуіне бесік жыры, тұсау кесу жырында қандайлық мән берілетін болса, бұл өлеңде сол ата-ананың тілегіне сондайлық мән беріледі.

*Шырағым адам болғай деп,
Ата-енең жылайды.
Баладан қайыр болмаса,
Баланы неге сұрайды.*

Ата-ана құдайдан қайырсыз ұл сұрамайды, өз үмітін ақтайтын ұл сұрайды. Әйтпесе бала сұрап несі бар дейді ақын. Автор баланың жанды жеріне дөп тиетін сөзді тауып айтады. Бір кезде құдайдан есті бала сұраған ата-ананың қартайтын күні туар. Қартайған ата-ана мал табуға қауқарсыз. Осы кезде сүйенетінің оқумен тапқан білімің болмақ. Демек, тұрмыстың жақсаруы үшін оқу керек.

Ендеше, балаға жүктелетін міндет үлкен. Сол міндетті атқару үшін оқуға кірісу керек деген автор ойы айқын. Жалпы тұтастай алғанда, өлең оқу-білім қасиетін нақты мысалдар арқылы дәлелдеуге құрылған. Мәселен,

*Оқымаған жүреді
Қараңғыны қармалап.
Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар.*

Мысал ретінде сол тұстағы қоғам өміріндегі жайлар алынады да, қазақ баласының ұғымына лайықталып түсіндіріледі.

«Кейде негізгі тақырып басқа болса да, білімді мен білімсізді салыстыра көрсету дәстүрі басым болды» [3]. Осы жағдай Ж.Аймауытовтың «Қыс» өлеңінен байқалады. Өлеңнің басты тақырыбы қыс болғанымен, идеясы оқуға шақыру болып табылады. Автор қыс келбетін ел тірлігімен байланыстыра

суреттейді. Бұл байланыс әсіресе өлеңнің құрылымдық жүйесінен анық байқалады. Өлең кіріспе, негізгі екі бөлім, қорытынды бөліктен тұрғандай әсер береді.

*Жалп-жалп, жалп-жалп жауды қар,
Тон киіндік, тоңды мал.*

Кіріспе негізгі бөлімде не жайында айтылатындығына оқырманды дайындау мақсатын көздейтін сияқты. Қар жауды, демек, қыс түсті. Түскен қыс өзімен суығын бірге ала келді. Адамдардың жылы киінуі, малдың тоңуы қыс ызғарына байланысты болып отыр. Өлеңнің бірінші бөлімінде алғашқы жолдағы ой жалғаса түскен, яғни, қыс мінезі тағы көрінеді:

*Бұрқ-бұрқ, бұрқ-бұрқ боран бар,
Боран жоқта тұман бар.
Қызыл шұнақ қызыл бар.
Суда айна тас мүсін бар.
Қылаулатқан қырау бар.*

Келесі бөлімде екінші жолдағы характерке ұқсас тірлік молынан баяндалады:

*Бүрсеңдеген лақ бар.
Сүмеңдеген қонақ бар.
Қыздар қылған шұжық бар.
Қонақ айтар қызық бар.*

Соңғы бөлім негізгі бөлімдерде айтылған ойдың түйіні іспеттес қабылданады.

*Ай, балалар, балалар!
Күнде оқуға жүрелік,
Үйренелік, білелік!*

Қыс ызғарына қарамай, күнделікті атқарылатын шаруаларға қарайламай оқуға бару керектігіне баса назар аударылады. 7 буынды өлшем балаларға арнау түрінде жазылған бұл өлеңге ойнақылық сипат дарытқан. Жауған қар мен соққан боранның еліктеуіш сөздермен бейнеленуі де белгілі дәрежеде өлең ойнақылығын арттыра түскен.

*Жапалақ, жапалақ қар жауар,
Жамбасыңа мұз тоңар.
Лақ, тоқты қашады,
Қойшы талқан асады, —*

деп келетін халық өлеңінің аталмыш авторлық өлеңге ықпалы айқын.

1988 жылы «Мектеп» баспасынан жарық көрген «Таланттар тағылымы» кітабындағы «М.Көпеев және ол жазған ертегі кітап» мақаласында Т.Әбдірахманов былай дейді: «Мен бір жолы Москваның В.И.Ленин атындағы кітапханасында М.Көпеевтің бір шағын кітапшасына тап болдым. Кітапша «Балалар кітабы» деп аталады. 1929 жылы Ташкент қаласында шыққан, шығарушы — «Қазақстан» баспасы. «Балалар кітабы» сәнді көркемделген, жақсы қағазға басылған, суреттерін салған Б.Сиделковский». Автор сондай-ақ ертегінің толық мәтінін ұсынады. «М.Көпеев осылайша, жұртқа бұрыннан белгілі ертегіні өңдеп, жаңғыртып, балаларға жаңадан айтып берген. Жасөспірімдерге оқы деп ұсынарлық туындылардың тапшы кезінде ақынның қолға алған бұл бастамасы ескерерлік те, игілікті де іс еді» [4; 157]. Осындай игілікті істің бірі — ақынның өнерпаз жасқа өлең арнауы. М.Көпеевтің «Өнерпаз» деп аталатын өлеңі алты шумақтан тұрады. Он бір-он екі буынды өлең өлшемімен жазылған. Алғашқы шумақта өнерлі адамның мүмкіндігі айтылады.

*Өнерпаз қара жерге салар қайық,
Жаһаннан алар тағылым, қанат жайып.
Әр жердің тамашасын көзбен көріп,
Жастықта сайран етер болып ғайып.*

Ыбырайдың «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінен айырмасы, бұнда жеке адамның өнеріне деген сүйсіну байқалады. Ақын өлеңінің А.Байтұрсыновтың «Оқуға шақыру», М.Жұмабаевтың «Қарағым» өлеңдерімен үндестік тапқан тұсы екінші шумақтан аңғарылады.

*Тұрғанда бойда қуат, жүрген жақсы,
Аяғың бір күн қылдан кетер тайып!
Басыңды тауға да соқ, тасқа да соқ,
Отырып қалмай үйде қыңырайып.*

М.Жұмабаев өлеңінің үгіт-насихаттық сарыны басымдау екендігін жоғарыда айтып өткенбіз. Арнау түрінде жазылған өлеңінде ақын

Қарағым, оқу оқы, босқа жүрме!

*Ойынға құр қаларсың, көңіл берме.
Оқымай ойын қуған балаларға
Жолама, шақырса да қасына ерме! —*

деген болатын.

Ел аралап, жер көру мәселесі мен оқу жайын М.Ж.Көпеев қатар қояды. Бірақ ақын әріп танып, сөз үйренуді саяхат жасаудан жоғары санайды.

*Жүргеннен тіпті қарап пайдалырақ
Бір әріп (харып) сөз үйренсең, кітап жайып.
Тамшыдан тама берсе, дария болар,
Кетпей ме ақырында бір молайып?!*

Келесі шумақта «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын» деген Абай ойын жалғастырады.

*Қылжақтап екі ауылдың арасында
Не пайда жүргендеріңнен құр сорайып?!
Бас болып, өнер білсең, тіпті жақсы,
Тамаша болдың жігіт таңғажайып.*

Одан әрі ақын «әр жердің тамашасын көзбен көруге» мүмкіндік беретін саяхатшылыққа қайта ойысады.

*...Білгеннің жүрген жері — бәрі жарық,
Жоламас кем-кетіктік оған айып.*

Ақынға қарапайымдылық тән. Қарапайымдылығы өлеңінен үлгі алуды жастардың тандауына қоятындығынан көрінді. Бұдан Абай дәстүрін танимыз.

*Бұларды айту — бізден, ұстау — сізден,
Ыңғайлы, үлгі аларлық тұрсаң лайық.*

Ақын «дария» ұғымына соңғы шумақта қайта оралады. Өнерлі жасты бірде Еділ-Жайықтай дарияға теңейді, бірде дарияны қақ жарып жүзетін кеме-қайыққа балайды.

*Көзіңе көрінгеннен гибрат алсаң,
Ғаламға болдың өзің Еділ-Жайық.
Дариядан көз жеткісіз өткізетін
Боласың өзің кеме, өзің қайық.*

Дариядай телегей білімің бар. Сол білімді өзіңе қауіпсіз етіп жұмсау — сенің ғана билігіңде. Демек, ақынның «Дариядан көз жеткісіз өткізетін боласың, өзің кеме, өзің қайық» деуі тегін емес.

*Қызға айтып келейіндерге байқатамыз,
Түс ашып, сол солай деп не қылайық?!*

Сонымен, XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясындағы Абай, Ыбырай дәстүрлері, біріншіден, идеялық сабақтастықтан, екіншіден, тақырыптық үндестіктен, үшіншіден, бейнелеу құралдары мен көркемдік әдіс-тәсілдерді қолдану жағдайынан байқалды. Халық тағдыры жеке бастарының қайғы-шеріне айналған ақындар шығармашылығында ағартушылық идея терең қойылды. А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, М.Ж.Көпеевтердің ағартушылық идеялары, әсіресе олардың жастарға арналған өлеңдерінен айқын көрінді. Халық тағдыры, халықтың қиын-қыстау тірлігінің шешімі, әсіресе жас ұрпақ қамы оқу-ағарту ісімен тікелей байланысты болғандықтан, ғасыр басындағы қазақ поэзиясында өнер-білім, оқу тақырыбы маңызды орын алды. Ілгерідегі, яғни ауыз әдебиеті мен Абай, Ыбырай шығармаларындағы, көркемдеу құралдары, суреттеу, бейнелеу әдіс-тәсілдері XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясында өзіндік ерекшеліктері сақтала және жаңаша түрлендіріле қолданылды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Тілешев Е. Суреткер және көркемдік әдіс. — Алматы: Арқас, 2005. — 14-б.
- 2 Алтынсарин Ы. Таза бұлақ. — Алматы: Жазушы, 1988. — 26-б.
- 3 Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. — Алматы: Қазақ ун-ті, 2002. — 89-б.
- 4 Әбдірахманов Т. Таланттар тағылымы. — Алматы: Мектеп, 1988. — 157-б.

Ж.А.Рустемова, М.К.Медеубаева

Казахские поэты-писатели начала XX века и традиции Абая, Ибрая

В статье рассматриваются особенности отражения традиций, заложенных Абаем, Ибраем в казахской детской поэзии начала XX в. Автор также обращает внимание на проблемы тематического, идейного, композиционного сходства в произведениях поэтов-просветителей.

Zh.A.Rustemova, M.K.Medeubayeva

Kazakh poets and writers of the early twentieth century, and tradition, Abay Ibrai

The article devotes the especialities of Showing of Abay, Ibyray's traditions in Kazakh children literature for beginning of XX century. So, author have been giving his opinion to problems of thematic, ideas, harmony, structuring and Same in verses of poets-democrats.

ӘОЖ 894.342

М.Х.Хамзин, Н.Б.Ақжүнісова

«Болашақ» Қарағанды университеті

С.Сматаевтың «елім-ай» романындағы тарихи тұлғалардың сомдалуы

Мақалада Софы Сматаевтың «Елім-ай» тарихи роман-трилогиясындағы образдар жүйесін берудегі көркемдік тәсіл мәселесі қарастырылды. Авторлар аталмыш шығармадағы кейіпкерлердің нақты, ұлттық, халықтық мінездерін айқындап көрсетті.

Кілтті сөздер: тарихи дәйектілік, саяси жағдай, әлеуметтік мәселелер, ұлттық әдет-ғұрып, халықтық мінез-құлқы, әпербақан саясатшылар, тарихи шындық, көркемдік шындық, образ шынайылығы, суреткерлік шеберлік.

«Елім-ай» романы 1972 жылы «Жұлдыз» журналында жарық көрді. Романды жазғандағы жазушының алға ұстанған мақсаты тарихи дәйектілік, саяси жағдай, әлеуметтік мәселелерді көрсетудегі дәлдік, ұлттық әдет-ғұрып пен халықтық характерлердің өзіндік ерекшеліктерін нақты беру болғаны айқын. Бұл жолда жазушы көп қиыншылықтарға кездесті де. Бізде жазба тарих өте аз, тіпті жоқтың қасы. Мемлекеттік мұрағатымызда тарихи деректер тек XIX ғасырдан бергі уақытты қамтиды. Жазушының ауыз әдебиетінің материалдарына арқа сүйеуге тура келген. Бірақ фольклорды сол қалпында пайдаланбай, суреткерлік електен өткізіп барып, жаңаша сипатпен енгізуге, кіріктіруге тырысқан. Сөзім дәлелді болуы үшін жазушының мына бір-екі ауыз сөзін келтіре кетейін: «Көне даланың қай жеріне бармаңыз, көне мұралар көптеп кездеседі. Ол — батырыңның атын иемденген тауың мен қырың, көлің мен төбең. Ол — халқыңның армандары тоғысқан, ерлікке, бірлікке шақырған атойы мен ұранының символына айналған көне Қаратау, көп таңбалы Ұлытау, ортақтастырған Ордабасы... Бұл аз болса, әдебиет көмекке келеді» [1].

Жазушының мына бір сөзіне мән бере үңіліп көрейік: «...Әрине, әр түрлі жазбаларда кей жағдайларда сандаған көзқарастарға байланысты әр алуан пікір айтылып, қайшы тұжырымдар да кездесті. Бірақ соның көбіне маркстік-лениндік тұрғыдан қарап, коммунистік позициядан саралау керек болды».

Романның алғашқы нұсқасы басылып шыққан тұс «кемелденген социализмнің» дәуірлеп, әміршіл партия саясатының интернационалдық көпірме теорияларды бетке ұстап, саны аз халықтарды орыстандыру саясатының ақырындап жүзеге асып жатқан кезі еді. Әпербақан саясатшылар мен қолдарында шетсіз-шексіз билігі бар бюрократтар үшін халықтың революциядан бұрынғы тарихы, сонау «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» оқиғасы, сол жылдардағы халықтың шынайы ұлдары — хандары мен билері, батырлары мен жырауларының өмір тарихы ертегідей әсер етпей, көп толғандырған жоқ.

Сондықтан да болар, тарихтың өткенін қазбалап, ешқандай бұрмалаусыз, шындықты шындай айтқысы келген адамдарға жасанды қиындықтар туғызып, көз алартып, «түбінде осыдан бір шикілік шығып, партия саясатына қиыспай кете ме?» деген күдікпен қолдан келген қарсылықтарын жасап бақты. Бұған дәлел — алғашқы журналдың нұсқасы 1972 жылы басылып шыққан «Елім-ай» романының көптеген қиыншылықтармен, қысқартылып, араға алты жыл салып барып жеке кітап болып шығуы.

Отызға да жетпеген жас жазушы перзенттік парызды перзенттік жүрегімен қабылдап, мойнына ауыр жүк көтеріп, ғасырлар қойнауында қалған, қағаз бетіне түспеген шашыранды тарихымызды тірілтуді мақсат тұтқаны қандай бағалауға да сияды.

Бірақ жас жазушыны: «Тарихымызды тірілтті. Өткенімізді өшіртпей, бүгінімізге жеткізді. Халқымыздың ең бір ауыр кезеңі — «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» қасіретін көз алдымызға жайып сап, елдік пен бірлікті, еркіндік пен тәуелсіздікті жанынан артық қорғаған жұртымыздың ерлігін жырлады. Қасиетті ән «Елім-айды» өзгеше жаңғыртты. Ұлттық мүддеміздің ұлылығын, халықтық арманымыздың асқақтығын ардақтады. Азаттықты көксеген ата-бабаларымыздың зар-тілегін жеткізді», — деп құп алып, тұсауын кесіп, жол ашудың орнына сол кездегі қысандау тірлікті әміршіл қолдаушылар кітапты бірнеше жыл шығартпай, «қамап» қойды.

Жерін, ата-баба мекенін басып алып, халық қанын судай ағызған қауіпті де күшті жаумен алысып, жастығын ала кету немесе есірген жауды естен тандыра соққы беріп, өз азаматтығын сақтап қалу. Міне, тап осы қиын-қыстау кезеңде халықтың нағыз ұлдары бас көтеріп, еңсесі түскен халықты елдікке шақырып, халықтың жүрегіне намыс отын тұтатты. Халық арасына, тауы мен даласына, сайы мен саласына қасіретті де киелі ән «Елім-ай» тарап кетті. Бұл ән әрбір қазақтың жігерін жанып, кеуделеріне кек отын тұтатты, халықты «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға» үндеді.

*Қаратаудың басынан көш келеді,
Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді.
Қарындастан айрылған жаман екен,
Екі көзден мөлдіреп жас келеді.*

Көне дәуірдің қасіретін жыр қылып шерткен бұл ән, ән-аманат ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа қайғылы заманның көнекөз, жалғыз куәсіндей болып ұмытылмай, адаспай, халық жүрегіне мәңгіге қалды.

Тарихи деректер мен ауыз әдебиетінің бай қазынасына сүйеніп жазылған «Елім-ай» романы екі кітаптан тұрады. 1-ші кітапта автор қазақ елінің «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» кезіндегі тұрмыс-күйін, қоғамдық жағдайын, салт-санасын көрсете отырып, атамекенді жат жерлік басқыншылардан қорғап қалудағы ел ерлігін оқырман алдына көлденең тартады.

Романдағы мына эпизодқа назар аударайық: «Үлкентөре мен Кішітөренің сонау қозыкөштен шатқаяқтана басталып, сыңар езулене бақаса жарыса жетіп, қысылтаяң кезде текетірес сүзісе қалары бар... Осы жерден жылайды жылжып жалғыз аяқ сүрлеу өтеді. Өтеді де, үлкен төренің тіп-тік найзадай шаншылған шығыс жағындағы іргесінен шымырлап қайнап шығатын бастау бұлақтың оң жағасын құлдилап желіп кетеді... Дәл осы ақ бұлақтың арнасының тым кеңейіп, жайылып ағатын тұсын бүйірлеп Жомарт батыр ауылы отыр». Жомарттың өзі туралы жазушы: «Бұл қария — найманның Садырының атақты батыры, тоғыз көкжал бөрісі бар, тоғыз көк берен ұлы бар — Жомарт ақсақал», — деп жазады.

Бейбіт, бейқам отырған ауыл жоңғар шапқыншылығы үстінде жоғалып кетеді. Жауға қарсы ұрыста Жомарт батырдың өзі де, тоғыз ұлы да түгел қаза табады. Бүтін бір ауылдан жаңадан туған жас сәби мен оның шешесі Баршагүл ғана аман қалады. Жоңғар шапқыншылығының бар ауыртпалығы, жауыздық сипатының басты бір түрі «Елім-ай» романында Жомарт батыр ауылының осындай трагедиялы тағдырының көрінісі арқылы ашылады.

Жазушы осы шағын деректерге сүйене отырып, бір үйлі жанның тарихына байланыстырып, XVIII ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақ даласындағы өмір-тірлігінің көріністерін дәл беруге күш салады.

Жазушы оқушысының көз алдына кең көлемді полотно жасап, әдемі суреттер салады.

«Елең-алаң» атты бөлімде жалпы көріністен ұшы-қиырына көз жетпейтін кең даланың сағымданып жатқан көкжиегін көреміз. Дала сұлық. Меңіреу жатқан табиғат тілсіз. Тып-тыныш жатқан сол алқапты қазір-ақ қара жердің шаң-тозаңын аспанға көтеріп, топырағын бұрқырата жекпе-жекке шығатын екі батырдың дене-бітімі мен тұлғалары оқушының көз алдына шебердің қолынан шыққан, майлы бояумен жазылған суреттей баяу жылжып келе береді [2]. Көп ұзамай-ақ жазушының суреткерлік құдіретінің арқасында бір ірі сайысты көзбен көргендей тамашалаймыз. Үйме-жүйме бо-

лып шоғырланған қазақтар тобынан жирен айғырын ор текеше орғытып, бес қаруы түгел бойында, нар тұлғалы Жомарт батыр шығады. Жазушы қазақ батырларының ерен ерлігі мен төзімділігін, жау бетінен ығыспайтын ержүрек қайсарлығымен бірге, зор адамгершілік қасиеттерін де, халқының қамын жеген азаматтарын да дәйекті түрде жеткізуге тырысып отырады. Мұндай қасиеттерді шығарманың тұла бойынан байқауға болады.

Мәселен, жоңғарлар тобындағы қырғыз батыры Қорабайдың сол сайыста сағы сынып, тауы шағылып, жеңілген соң, ат үстінде әлі кетіп, қол-аяғы байланып қолға түседі. Манағы ірі соғыста басқа емес өзі ұрып құлатқан қандыбалақ қарсыласына, ата жауына енді адамгершілік тұрғыдан келіп, қол-аяғын шештіріп, аузына су тамызып, жарық өмірдің үмітін жағып, жанын сақтап қалуы, әрине, үлкен азаматтық қасиеттердің бірі екені сөзсіз [3]. Дегенмен, дәл осы арада оқиғаның осылай етек алғанына автормен келіспеуге де болады. «Жауды аяған жаралы» демекші, бұл жерде Жомарт батырдың зор адамгершілік қасиеті ашыла түскенмен, қабылдаған шұғыл шешімі оқушыны таңдандырмай қоймайды. Туған халқының қарғысына ұшыраған қатерлі жаумен ауыз жаласқан, сандаған ауылды, мал-жанды бірге шабысқан қандыбалақ Қорабайдың «Аға!» деген бір ғана сөзін ести сала, жалпақ шешейлік танытып, мүсіркеуі шынындығында да ойды онға, ақылды алтыға бөледі.

– Апырай, аға, ондырмай ұрдыңыз-ау!

Жомарт қалт тоқтады.

– Кім едің? Не дедің? Аға деймісің?

– Қорабай деген қырғыз ініңізбін, — деп, жігіт қайта қайыруға тілі келмей, опырылып құлап бара жатты».

Сөз жоқ, Қорабай сияқты ірі де қайшылықты тұлға авторға жоңғар тарихынан суыртпақтап сыр тарту үшін керек образ. Автор осы образ арқылы көптеген шегіністер жасап, Жоңғар мемлекетінің тарихын көз алдымызға жайып салады. Сөйтсе де, жоңғар тарихына дейін Қорабайдың күрделі образын басқа, төте жолмен әкеліп, оқушы нанарлықтай сәтті сюжетпен ашқанда, жігіттің ұшы күрмелмейтін сияқты. Қорабайдың сәтте өзгеріп, кінәсін мойнына алуы оны лезде тұрақсыз адамға айналдырып, еріксіз мүсіркетеді.

Әрине, мінсіз шығарма болмас та. Бірақ өнер деген ұғым, ең алдымен, сол өнердің негізгі, басты нышаны-құрамы боларлық элементтері — тіл, мұрат, сюжет болса, осы үшеуін де мейлінше шебер үйлесіп, көркемдік, эстетикалық талғамнан табылуын тілейді.

Шындығында да тарихи шындыққа негізделмесе, көркемдік шындық туралы сөз қозғаудың өзі — әбестік. Қанша жерден бұлталаққа салғанмен бәріне бірдей төрелік айту — уақыт еншісінде [4].

Шығарманы оқи отыра жерінің, халқының кегін қуған әр елдің батырлар бейнелерін де кездестіреміз, мәселен: Жомарт, Қуат, Бөгенбай, Жоламан, Бөрте, тағы басқалар.

Өзінің іс-әрекетімен халқының сүйіктісіне айналған Жомарт батыр:

– Шуна-Добо, сен кеңдік дегенді мен кемдік дейтін қазақпын. Сауға сұрап жан олжалағанша, азабынан артық мазағымды арқалағанша, кара жерге қарқ болсамшы. Өрлік пен ерлік бірде ме еді? Қалың елде емес пе еді. Ендеше, сенің көкірегіңді басар күн де туар. Сол күннің, сол ақ тілек, ақ жолдың ақсарбасы мен болайын, шық жекпе-жекке!» — дейді. Бұдан біз халқының мүддесі үшін басын қатерге тіге алатын адал азамат екенін байқаймыз. Сондықтан да оған елі мол сенім артады. Мәселен, Сұртай батыр көзін жұмар алдында өзінің баласы Жоламанды Жомарт батырға аманат етеді: «Көрмесем де, естімесем де іштей күткен інім болдың. Артымдағы жалғызымның көзін басқаларға телміртпей, сен соны алып кет. Соңғы аманатым болсын. Жылатпассын», — деп, соңғы өтінішін айтады.

Қазақ халқын ата-бабасының қонысынан сыртқы жаулар ығыстырды. Халқын босқын етті. Шығысы мен күнгейі тіпті шолтиып қалды. Хандардың алауыздығы сыртқы жаулардың басынуына мүмкіншілік тудырғандай.

Ел бірлігін сақтауға тырысқан қазақ билерін, батырларын халқының мүшкіл халі мұнайтады. Шығармада автор Қазыбек, Әйтеке сияқты бас көтерер азаматтары арқылы оқушыны елдегі үлкен әлеуметтік, тұрмыстық мәселелерден хабардар етеді. «Қазыбек би еліне оралып бара жатып үлкен көшке кездеседі де, жөн сұрайды. Көшбасы Алдыңғар қария қабақ шытып: Не болды, қалай болды деріңіз бар ма, Қазеке? Баспанасыз, қаусап құрып келеміз. Анау көш — бірі ауру, бірі — сырқау, бірі — мүгедек, өңшең кем-кетік. «Ел іші — алтын бесік» деп, ойға-қырға шұбап, сол алтын бесік ел ішін таба алмай жүрміз-ау. Не жер, не қоныс, не күн-көріс жоқ. Мал талауда, жан тонауда кетті. Сот іздеп сайғақ та сандалады. Сая тауып, паналайды. Ал бізде ондай да үміт жоқ... Әбілқайыр сұлтанның жігіттері қыл құйрықтарымызды айдап әкетті. Дүниеден өзгеден емес, өзіңнен көрген қорлық жаныңа

батады екен...». Қазыбек бидің жол бойы көріп келе жатқаны ылғи бір мұңлы, жаралы, жылаулы жұрты. Қазақ халқының қояндай қашқақтаған түрі де, күйі де осы.

Жазушы шығарманың өн бойында «Елім-ай» деп зарлаған халқының үніне ықылым заманнан қазақтың қайғысы мен қуанышын тербеген көне аспабы — домбыраның күңіренген күйін үндестіріп отырады. Туған елінің ошағы ойрандалып, шаңырағы ортасына түсіп жатсада, шет жерге айдалып кеткен қазақтардың кең даласына деген ыстық махаббаты бір сәт те суыған емес.

Суреткер өзінің көзқарасын төтелей айтып салмай, оқиғалар мен характерлерді ауанына жіберіп, еркін сөйлеткен. Осындай қысқаша тұжырымдар мен үкімдердің тасасында талай өмір, қайшылық арпалыстары жатқанын танимыз.

Елдің батырынан бастап, қазан-ошақтың қасындағы әйеліне дейін халқының басына түскен қасіретке налиды, мұңаяды.

Қаламгер қолданған әрбір көркемдік тәсілдің негізінде жасалған характер шындыққа жанасымды, нанымды шыққан. Ал образ шынайылығы шығарманың негізгі өлшемі болса керек. Әрине, романның көркемдігін жекелеген компоненттерден ғана іздеу дұрыс емес. Олар шығармадан оқшау тұрған дүниелер болса, туындының көркемдік мәні ортаяды. Сондықтан да көркемдік қасиеттерді, ерекшеліктерді сол компоненттердің үйлесімінен, бірлігінен іздеген абзал. Сонда ғана көркем шығарма біртұтас эстетикалық құнды дүниеге айналады. Суреткерлік шеберлік те осы тұста көрінеді.

Суреткердің әдеби бетін айқындайтын нәрсе — дара стилі. Осы жолдағы ізденістері оның характер жасау тәсілдерінен көрінеді. Кейіпкер жанының қайшылықтарын ашуымен өлшенеді.

«Адамның қасиетін алуға ұмтылып отырған жазушы қашанда өз кейіпкерінің мінез бейнесіне кіріп алып, оның жан түкпіріндегі ең аяулы дірілін басып, қуанышы мен арманын, өз-өзімен, не жан-жақынымен сырласуы — бәрі-бәрісін суреттеуге тырысады», — дейді Ш.Елеукунов [5].

Жазушының сомдаған образдары сан алуан: хан, батыр, би, ақын, әнші, ана, ару т.б. Олардың бәрі де әрқилы оқиғалар аясында көрініп отырады. Солардың ішінде адалы да, арамы да, қасиеттісі де, тоғышары да бар. Жазушы олардың характерлерін ашуда әрқайсысының жан дүниесіне үңіліп, ішкі сырын, табиғатын, болмысын саралауға тырысқан.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Бердібаев Р. Заман және роман. — Алматы, 1979.
- 2 Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. — Алматы, 1979.
- 3 Сматеев С. Елім-ай. — Алматы, 1978. — 1-кіт.
- 4 Сматеев С. Елім-ай. — Алматы, 1980. — 2-кіт.
- 5 Жақсыбаев А. Бүгінгі роман бағдары // Жұлдыз. — 1982. — № 16.

М.Х.Хамзин, Н.Б.Акжунусова

Передача системы образов в историческом романе С.Сматаева «Елім-ай»

В статье рассматривается проблема художественного приема в передаче системы образов в историческом романе-трилогии Софы Сматаева «Елім-ай». Автором выделены конкретные, национальные, народные характеры героев данного произведения.

M.Kh.Khamzin, N.B.Akzhunusova

Transfer of images in the historical novel S.Smataeva «Elim-ai»

The article devotes problem of artistic method of pass kinds in Sofy Smataev historic roman-trilogy «Elim-ai». The author showed real, national, folklore characters of heroes of this work.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

- Ажарбекова Э.Н.** — қазақ тіл білімі кафедрасының оқытушысы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Ақжүнісова Н.Б.** — қазақ әдебиеті кафедрасының магистранты, «Болашақ» Қарағанды университеті.
- Аманбаева Г.Ю.** — профессор кафедры классической и русской филологии доктор филологических наук, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.
- Әлмашұлы Ж.** — қаржы-шаруашылық бөлімі меңгерушісінің орынбасары, Үкіметтік басылымдар редакциясының бас редакторы филология ғылымдарының кандидаты, ҚР Премьер-Министр Кеңесі, Астана.
- Григорьева И.В.** — магистр кафедры методики и практики русского языка и литературы им. Г.А.Мейрамова, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.
- Досжанов Б.** — қазақ тіл білімі кафедрасының доценті филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана.
- Жуынтаева З.Н.** — қазақ тіл білімі кафедрасының доценті филология ғылымдарының кандидаты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Жұмағали З.Т.** — қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры филология ғылымдарының докторы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Золотарева Л.Р.** — профессор кафедры изобразительного искусства и дизайна член-корреспондент АПН Казахстана, кандидат педагогических наук, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.
- Каренов Р.С.** — экономика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Кривая Л.** — магистрант кафедры классической и русской филологии, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.
- Мажитаева Ш.М.** — қазақ тіл білімі кафедрасының меңгерушісі филология ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Медеубаева М.Қ.** — қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, № 18 жалпы білім беретін орта мектеп, Қарағанды.
- Рүстемова Ж.А.** — қазақ әдебиеті кафедрасының доценті филология ғылымдарының кандидаты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Синбаева Г.** — аға оқытушы, М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл.
- Смагулова Г.К.** — старший преподаватель, Кустанайский университет.
- Хамзин М.Х.** — қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры филология ғылымдарының докторы, «Болашақ» Қарағанды университеті.